Тілдегі метафоралардың табиғи болмысы концептуалды өзегі әртүрлі құрылымдардың тұрады. Ол құрылымдарға метафоралардың көркемдік-бейнелеушілік сипаты басымдыққа ие. Бұлай болуының мәнісі адам баласы көңіліндегі көрікті ойды қайткен күнде де көркем жеткізу арқылы дүниенің көркем бейнесін қалыптастыруға әрі көркем дүниені тануға деген әуестіктен туады. Мұндағы көркемдік – тілдік қолданыс пен мәтіннен орын алып, адресат пен адресанттың өзара байланысын және адам мен ғаламның қатынасын позитивті мазмұнға құруға бейімдейді. Метафоралардың көркемдігінде бағалаушылық, сезімдік, эмоцио-налды-экспрессивтік қасиеттері қатар жүреді. Тілдегі метафоралардың екінші бір концептуалды құрылымына жаңа ұғымға атау беруге қатысады. Метафоралардың мұндай ерекшелігі тілдік қолданыс пен ғылымда кеңінен қолданылады. Демек, айнала қоршаған ортадағы қандай да бір зат пен құбылысқа атау беру арқылы таңбалайды. Сол таңбаланған затты тану мен танытуға атсалысып, бос кеңістіктің орнын тіл арқылы таңбалап толтырады әрі дүниенің тілдік бейнесін қалыптастыруға атсалысады. Метафоралардың келесі үшінші құрылымына танымдық сипатын жатқызуға болады. Метафоралардың танымдық сипаты дүниедегі заттар мен болмысқа қатысты ақпараттарды жүйелі, бейнелі түрде қабылдап, ақыл-ойы арқылы өңдеуінен көрінеді. (9,80). Метафораның танымдық ерекшелігін тілдегі ауыстырулар мен өзара салысты-рудан, ұқсату мен теңдестіруден туындаған сөз мағыналарына адамның абстрактылы ойлауының қатысуы танымдық тетіктер арқылы жүзеге асады. Тілдегі метафораларға қатысты аталған күрделі құрылым-дар метафора болмысының концептуалды күрделі құрылымынан қызметінің туындайтындығын көруге болады.

Сонымен метафораны дүниетануға қатысатын бірлік ретінде санайтын болсақ, адамның дүниені тану-дағы мүмкіндігі шексіз. Осыдан барып адамның ұшқыр қиялы кеңістіктен қаншалықты орын алатуғын болса, сөз сипатындағы метафорада соншалықты орын алып, әлемнің концептуалды бейнесіне дейін қалыптастыруға негіз болады.

1. Уәлиев Н. Сөз мәдениеті. – Алматы: «Мектеп», 1984. – 117 б.
2. Байтұрсынов А. Шығармалары. Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. – Алматы: «Жазушы», 1989. – 320 б.
3. Болғанбаев Ә. Қазақ тіліндегі синонимдер. Алматы: «Ғылым», 1970. – 335 б.
4. Ахметжан Т. Мұң. – Алматы: «Қазақпарат» баспасы, 2003. – 236 б.
5. Оразалиева Э. Когнитивтік лингвистика: қалыптасуы мен дамуы. – Алматы: «Ан Арыс», 2006. – 312 б.
6. Қоянбекова С.Б. Қазақ тілі экспрессивтік стилистикасының негіздері. Фил. Ғыл. Док... дис.: 10.02.02. – Алматы: Абай ат. ҚазҰПУ, 2008. – 346 б.
7. Қасым Б., Зайсанбаева Г.Н. Метафоралы аталымдар когнитивті бағытта // ҚР ҰҒА-ның Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. 2004. №1. – 50-54 бб.
8. Қалиев Ф. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. - Алматы: «Сөздік-Словарь», 2005. – 440 б.
9. Жиренов С.А. Метафоралардың концептуалдық өзегі. Бастауыш мектепте қазақ тілін оқитудың теориялық негіздері мен тәжірибесі атты профессор С.Р.Рахметованың 80 жылдығына арналған Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. - Алматы, 2011. – 73-81 бб.
10. Хасанов Б. Қазақ тіліндегі сөздердің метафоралық қолданылуы. - Алматы: «Мектеп», 1966. – 208 б.

Резюме

В статье рассматривается природная сущность метафор в лингвокогнитивном аспекте.

Summary

The article deals with the natural essence of metaphor in Cognitive aspect.

ТАБИҒАТ ҚҰБЫЛЫСЫНА БАЙЛАНЫСТЫ СӨЗДЕРДІҢ МАҒЫНАЛЫҚ ЖАҒЫНАН ҚОЛДАНЫЛУ АЯСЫ

Г.М. Әбжан – Абай атындағы ҚазҰПУ-дің оқытушысы, филология магистрі

Халқымыз табиғат тылсым құпиясын ерте заманнан-ақ түсініп, оны өзінің тұрмыс тіршілігіне арқау етіп қолдана білген. Солардың бірі – халықтың ауа райын болжау тәсілдері. Қысы-жазы далалық өмірде тіршілік еткен халқымыз өздері тұрған өлкенің табиғи ерекшелігі мен құпиясын терең білгені сондай, айсыз түнде жұлдызға қарап жол тапқан, көз аштырмас боранда жердің шөбіне қарап ел тапқан, құс, жан - жануар тіршілігіне зер салып ауа-райын болжап, ерте қам жасаған.

Көшпелі шаруашылық және өмір салты халықтың өмірі оларға тікелей тәуелді болған құбылыстарды тіркеп, түсінуді, түсіндіруді талап етті. Табиғи, әлеуметтік ортада өте сақтық керек болды. Қазақ халқының арғы аталары табиғи климат, ауа-райы жағдайларына назар аударды, себебі адамдардың шаруашылық өмірі табиғатпен тығыз байланыста болып, әлеуметтік өмірмен ұштасты.

Қазақтардың осы қабілеті туралы М.Дулатұлы: «Қырғыз, табиғи, әлеуметтік ортада бірден-бір тіршілік көзі мал үшін өмір сүреді... мал бағу-ең басты, бірден бір мақсаты... Осыған байланысты қазақ халқында әр түрлі ауа райының сәл өзгерісін тез байқап қалу қабілеті дамыды... Қазақтар

12 жылды есептеп, қоян жылы құрғақшылық, боран, көктайғақ, болатынын білген» - деп жазды (1).

Қазақтың халық педагогикасындағы асыл мұралардың бірі - табиғатқа деген зор сүйіспеншілігі мен оны аяушылық қасиеті. Халық ұғымында табиғат деген қасиетті сөз туған жер, өскен ел, атамекен, өзен, көл, асқар тау сияқты тұла бойды шымырлататын аса қымбат сөздермен қатар тұрғандықтан, табиғат тұжырымдарын үнемі ұрпаққа үлгі ету арқылы қоршаған ортаны қорғау, аялай білуге үйреткен.

Қазақ халқының этномәдени бір ерекшелігі- өзі мекен еткен даланың, таудың, теңіздің, өзеннің сырын, жер жағдайын, ауа-райын бақылап, табиғат сырын ұғынып қана қоймай, оның тылсым дүлей күшіне қарсы күрескен. Бұл құбылыс халықтың ұлттық психологиялық ерекшелігіндегі мотивациялық компоненті (байқағыштық, байқампаздық қабілетінің айқындығы) ретінде аталады (2).

Зерттеу жұмысында ауа райын болжау жаңа технология заманында халық сұранысын қажет етпесе де, бұрынғы кездерде адамдар табиғат құбылыстарына қатысты ауа-райын өздері болжап отырғандығын және оған тиісті атауларды беріп, сөздік қорымызды молайтқандығына көз жеткізу мақсатын көздеп отырмыз.

Күнделікті өмірдегі ең қажетті ұғымдар мен түрлі құбылыстарды білдіру үшін қолданылатын сан алуан лексикалық элементтердің (ай, жер, су, жел, мал, ақ, қара т.б.) құбылыстардың бәрін де жергілікті қазақтардың сөйлеу тілі көрсете алады. Бұл ұғымдарды қазір толық түсініп білу мүмкін емес, дегенмен адам өміріне енетін жаңа ұғымдардың халық ұғымында толық ізін қалдырып, айқын бейнеленіп, бірден сіңіскені байқалады. Осы жағдайларда ұғымға қойылатын ат кездейсоқ болмайтыны белгілі. Күнделікті өмірде ауа райы болжамы тек ақпараттық тұрғыдан ғана түсіндірілмей, сол елдің дәстүрі мен мәдениеті туралы толыққанды мағлұмат бере алады (3). Тілімізде табиғат құбылыстарына қатысты сөздер түрліше аталады.

Жел – атмосфера қабатында қысымның бірқалыпты тарамуынан пайда болатын, кейде қатты, кейде баяу соғатын ауа ағымы. Желдің таралуы, атмосфера қысымының таралуы мен жер бедеріне байланысты. Желдің климатқа әсері зор. Ол ауа массаларын қозғалысқа келтіреді, сонымен бірге жылу мен суық, ылғал әкеледі.

Ақ боран- алай-түлей соққан боран. **Ала қаншық** - бір бәсеңдеп, бір ұйытқыған боран. Суық жел, Шу сөйленісінде қолданылады, көкшетау ауданының тұрғындары тілінде ақбайтал үскірік боран аталады (3).

Ала құйын – астаң - кестең ұйытқыған боран. **Ақ құйын** - қар, шаң боратып қатты соққан құйын. Азынау жел- гуілдеп соққан аңқыма жел.

Аңызак жел - жазғытұры тым жылы әрі құрғақ жел. Аңызак жел - ауа ылғалының тапшылығынан қалыптасатын ыстық әрі құрғақ жел. Жылдамдығы 5 м-ден 15-20 м-ке дейін өзгеріп отырады. Қазақстан-ның оңтүстік аудандарында, әсіресе Қызылқұм, Мойынқұм, Бетпақдала, Каспий маңы ойпаты, Маңғыс-тау, Үстірт өңірлерінде жиі әрі ұзақ болып тұрады.

Жылына ыстық желдің ұзақтығы - 60-80 күнге жетеді. Аңызак желдің әсерінен өсімдіктердің физиоло-гиялық процестері (фотосинтез, көміртегі, ақуызалмасу) бұзылады.

Арыстанды Қарабас желі - Қаратау жотасының оңтүстік батыс беткейіндегі Арыстанды өзенінің аңғарымен соғады. Жел мойынқұмның үстімен өткенде құм түйіршіктерін суырып, құмды қарабұрқасын тұрады, жолдың көріну қашықтығы азаяды. Сондықтан бұл желді халық «Қарабас желі» деп атаған. Ол солтүстіктен үзбей соғып тұрады. Оның жылдамдығы 35 м сек.

Алтын күрек - оңтүстіктен үзбей соғып, қыстың соңғы қарын күрт еритетін жылы жел.

Баяу жел - лебі бәсең жел. **Боранды жел** - қарды бұрқыратып ұйытқып соғатын ысқырық жел.

Борасын - киыршықтап борайтын сырғыма боран. **Бұрқан** - долданып, аласұрып өршеленген боран, жел. **Бұрқасын, бұрқақ**-жерге түскен қарды суырып соғар бәсең жел. **Дауыл** - шандатқан, борандатқан, алай-дүлей оскырған жел. **Жайдақ жел** - жауынсыз, шаңсыз баяу соғатын жел.

Жатаған жел - төмен, жер бауырлап, ескен жел. **Жаяу боран** - жана түскен үлпек қарды жер бетінен қатқан қар үстінен үрген еспе боран. «Ақбасқын» деп те аталады. **Жаяу борасын** - жаяу бораннан ақыны-рақ соғатын жел. **Жаяу бұрқасын** - бәсең боран. **Желең жел** - сәл-пәл соғатын жел. **Желемік жел** - әлсіз жел. **Желкем** - желтең жел. **Желорай** - ашық есік, терезеден енген ауаның бөлмедегі жылы ауамен тоғысуы. Жеңіл жел - солғын жел. **Жоғары жел** - биіктен үйірілген жел.

Ебі жел - дауылды жел. Ебі желі – Жетісу Алатауының оңтүстік шығысында Қытайда орналасқан Ебінұр көлі Қазаншұңқырында, жоғары қысым пайда болғанда соғады. Мұндай антициклонда шығыс желі тұрады да, Қазақстан аумағындағы Алакөл көліне қарай соғады. Жылдамдығы 60-80 м-ге жетеді. Бұл жел жыл ішінде орта есеппен 70-100 күндей соғады. Ебі желін алғаш рет сипаттап жазған қазақтың ғұлама ғалымы Шоқан Уалиханов. **Ескек жел** - есе соққан жел. **Еспе жел** - желпінді екпек жел. **Заулама жел** - іркілмей соғатын екпінді жел.

Керімсал жел - шілдеде оңтүстіктен соғатын аңызак жел.

1. Күннің біресе ыстық, біресе суық болуы. 2. Ыстық жел, аңызак.

Көкдауыл - аязды қарлы боран. **Көлденең жел** - кесе, көлбеу жел. **Қайтыс жел** - қарқыны басылған жел. **Қара боран** - түтеген қарлы боран. **Қара дауыл** - шаң топырақ көтерген сойқанды жел. **Қара жел** - бұлпты күнгі ызғарлы жел. **Қарыма жел** - бет қаритын өткір жел. **Қара құйын** - топырақ, құм боратқан жел. **Қарсы жел** - жүріс бағытқа қарсы жел. **Қоңыр жел** - майда, самал жел. **Қума жел** - қуалай соғатын жел. **Құйын** - үйіріле, ұйытқи соғатын, кейде шаң тозанды көкке үйіріп соғатын екпінді жел. **Қызыл жел** - аңызак ыстық жел. **Қызыл жел** - жазда соғатын ыстық жел.

Майда жел - жұмсақ самал. **Мырза жел** - жанға жайлы қоңыр жел. **Өкпек жел** - көбіне көктемде соғатын ызғырық жел. **Өксік жел** - ышқынған қатты жел.

Өтпе жел - бір бөлменің қарсы қабырғаларындағы ашық терезелерден ерсілі-қарсылы ескен жел. Өтпе желге әр ел әртүрлі қарайды. Мысалы, Еуропа елдерінің көбі бөлменің есігі мен терезесін бір уақытта ашып қойса, тұмау өзін күттірмей келетіндігін айтса, американдықтар керісінше пәтерде аздап жел болғандығын дұрыс көреді екен.

Сақаусыраған жел - қарқыны бәсеңдеген жел. **Салқын жел** - ызғарлы күзгі жел. **Самал жел** - қоңыр салқын майда жел. **Сары жел** - тынымсыз соққан жел. **Саумал жел** - айналып соққан қайталама жел. **Сырма** - сусымалы бұрқақ. **Тас боран** - тас, топырақ суырып соққан қаһарлы жел.

Тау желі - тау аңғарынан ескен жел. Тауларда желдің негізгі түрі - жазда соғатын және тәулік ішінде бағытын өзгерттір отыратын (танертең жазықтан, кеш бата таудан) жел түрлері басым. Бұларды **тау аңғарлық жел** деп атайды. **Тентек жел** - ала құйын есер жел.

Теңіз желі - теңізден ескен жел. Оңтүстік батыстан соғатын теңіз желін жалауыз деп аталады. Солтүс-тіктен соғатын теңіз желі қышын деп атайды.

Теріскей жел - терістіктен ескен салқын жел. **Толағай** - толассыз соққан жел. **Түтек-алай** - түлей боран. **Ұйытқыма боран** - ұйытқи соққан қарлы боран. **Үрме жел** - екпінді бір басылып, бір көтеріліп соғар жел. **Үскірік жел** - күзгі, қысқы құрғақ суық жел. **Үіл** - желдің, самалдың ақырын дыбыс шығарып соғуы. **Ызғырық жел** - өңменнен өтер ызғарлы жел. **Ықтырма жел** - адамды, малды ықтырып, бет қаратпайтын суық жел. **Ыстық жел** - от лепті аптап жел.

Демек, халықтың тіліндегі жергілікті сөздердің, табиғат құбылыстарына байланысты атаулардың мағыналық жағынан қолдану аясы өзгеше екендігіне көз жеткіздік. «Тілден биік асқар жоқ, тілден асқан байлық жоқ, тілден терең теңіз жоқ» - деген Ғабит Мүсірепов сөзін еске ала отырып, тілдің тек адамға ғана тән аса құдіретті құрал ретінде қызмет атқаратындығын танимыз. Сондықтан тілді қадірлеудің, әрбір сөздің мағынасын, мәнін ұғып, оны орынды пайдалана білудің мәні зор.

Жоғарыда берілген қай сөйленісте қолданылса да сөздік қорымызда айрықша орын тепкен атаулар-дың келешек ұрпақ үшін беретін тағылымы мол. Оның күнделікті өмірімізде қолданылу аясын кеңейту баршамыздың борышымыз.

1. Мұқанова Б., Ильясова Р. *Этнопедогогика: Оқу құралы*. - Астана: Фолиант, 2008. – 298 б.

2. *Этнопедогогика: Оқу құралы. Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті*. - Алматы, 2010. – 79 б.

3. Данченко А. *Ауа райы болжамы-телевизия саласының ерекше жанры. Хабаршы. Филология сериясы. Алматы, № 2, 2011 ж.*

4. Тасымов А. *Табиғат құбылысына байланысты сөздер. Хабаршы. Филология сериясы. Алматы., № 2, 2011 ж.*

Резюме

В данной статье рассматриваются семантика слов связанное к природным явлениям.

Summary

This article discusses the semantics of words related to natural phenomena.

АУЫЗША СӨЙЛЕУ ТІЛІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

З.А. Абдулжанова – Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университетінің
III курс PhD докторанты «Лингвистика» мамандығы

Баршамызға сөйлеудің ауызша және жазбаша түрлері әртүрлі материалдық негізден құралатыны белгілі. Ауызекі сөйлеудің материалдық негізі ауаға таралатын дыбыс толқындары болса, ал жазбаша тілдің әртүрлі сүреттеулермен қағазға түсірілетін әріптер болып есептеледі.

Профессор Р.Сыздық: «ауызша сөздің өзі екі түрлі болады: бірі – адамдардың күнделікті тұрмыста бір-бірімен бетбе-бет («ауызба-ауыз») сөйлесу актісінде жүзеге асатыны, екіншісі – топ алдында сөлейтін-дері» деп екі топқа топтастырады [1.5].

Қазіргі кезде ішкі құрылысы жағынан да, әлеуметтік қызметі жағынан да барынша дамыған, ұлттық сипатқа ие болған әдеби тілдердің қоғамға екі түрде қызмет ететіні белгілі: жазбаша және ауызша. Соңғысы топ алдында сөйлейтін сөздерде жүзеге асады. Ал топ алдындағы сөздерге әр алуан жиналыс, конференция, мәслихат сияқтылардағы жасалатын баяндама, жарыссөз, сұрақ, жауаптар; насихатшылар-дың лекциялары, үгітшілердің әңгімелері; жоғары оқу орындары оқытушыларының оқитын лекциялары, жүргізетін консультациялары; мектеп мұғалімдерінің сабақ түсіндіруі; студенттер мен оқушылардың сабақта, емтиханда жауап беруі; әр түрлі салтанатты немесе қаралы жиындарда айтылатын сөздер және радио мен телевизияда берілетін хабарлар жатады. Бұлардың бәрі – ресми сипаты бар, әрі белгілі бір әлеуметтік мүддені көздейтін сөздер.

Саясат, идеология, шаруашылық, ғылым, өнер, ғылыми прогресс т.б. тақырыптарына арналған лекциялар, көпшілік арасында жүргізілетін үгіт-насихат жұмыстары, мектептер мен жоғары оқу орындарында сабақ беру – осылардың барлығы да қазақтың әдеби тілінің ауызша түрін жандандырды. Радио мен телевизияның қазақ тілінде сөйлеуі және көрермен қауымның талғамының өсуі жазба тіл мен күнделікті ауызекі сөйлеу тілінен өзгеше сөз тәжірибесін дүниеге келтірді.

Демек, әдеби тілдің ауызша түрі – өзің атқаратын қызметі, тілдік-стильдік элементтерді пайдалану прин-циптерді, кімдерге айтылатындағы (адресаттары) т.т. жағынан жазба тілден де, ауызекі сөйлеу тілінен де бөлек танылатын құбылыс.

Ауызша әдеби сөздің сыр-сипатын, белгілерін ажырату үшін ауызекі сөйлеу тілінің табиғатын танып-білу керек, өйткені бұл екеуінің бір-бірінен ерекшеленетін тұстары да, ортақ белгілері де бар.

Қазақ тіл білімінде ауызекі сөйлеу ауызша сөйлеу стилінің бір түрі ретінде қарастырылады.

Ауызекі сөйлеу тілінің синтаксисін зерттеген Р.Әмір сөйлеу тілін былай бөледі: «Ауызша тілі: 1) ауызекі сөйлеу тілі, 2) лекциялар тілі, 3) шешендік сөз болып бөлінеді... Радиохабарлар, телевизия, білім-ғылымды лекция арқылы насихаттау жұмыстары қалың жұртшылықты түгелдей қамтыды... Бұл процесс ауызша тілдің қолданылу шеңберін кеңейте түседі» [2.9].

Орыс тіл білімінде бір-біріне синоним болып қолданылып келген «устная речь», «разговорная речь» терминдері ХХ ғасырдың ортасынан бастап тілдің жеке-жеке тармақтарының атауы ретінде жұмсала бастады. Оған дейін бірқатар ғалымдар радио мен телевизиядан сөйленген сөздің, лекторлар, үгітшілер, насихатшылар тілінің және күнделікті ауызекі сөйлеу тілінің басты және ортақ белгісі – олардың ауызша айтылуы (устность), сондықтан бұлардың барлығы да ауызекі сөйлеу тіліне жатады деп өз пікірлерін айтады. Мысалы, О.А.Лаптева: «Кодификацияланған тілдің ауызша түрі болмайды» [3. 9].

Көптеген зерттеулердің топтастыруы бойынша дәрігер мен емделушінің, адвокаттар мен судьялардың клиенттерімен сөйлесуі де әдеби тілдің ауызша түріне жатқызады. Ауызекі сөйлеу тілінің экстралингвистикалық басты белгісі – сөйлеу актісінің еркіндікке және бейресми сипатқа құрылуын атайды. Оның үстіне әдеби ауызекі тілді диалект пен қарапайым сөйлеу тілінен бөлек деп таныды [4. 13-14].

Ауызша және жазбаша тілдің түрлері сонымен қатар құрылымы жағынан ерекшеленетін психологиялық механизмдердің жүзеге асырылуы жағынан да ерекшелінеді. Ауызша сөйлеуде айтылатын сөзді құрастырумен ойлау процесі қатар, бірге жүргізіледі. Жазбаша тілде өтіп жатқан құбылыстарды саналы түрде бақылауға алып, тілдік амал-тәсілдерге талдау жасап отырады.

Мысалы, ауызша тілдің интонациялық құралдары беретін мән-мағына, интонациялық бедерді беруде қаламның мүмкіндігі шектеулі. Жазба тілдегідей ойды елеп екшеуде, сол екшеуден өткен ойды

объектив-тендіруде ең керекті-ау деген тілдік құралдарды, бірліктерді талғап, таңдауға микрофон алдындағы сөй-леушінің мүмкіндігі қалам ұстағандағыдай емес. Қалам «иесінің» жазылған сөзге қайта оралып, ойын дәлдеп, сөзін ұштап жатуға мүмкіндігі бар, ал микрофон «иесінің» ондай мүмкіндігі жоқ. Аса күрделі ойды ауызша сөзде күрделенген сөйлемдермен емес, қысқа құрылымды ықшам құрамдармен жеткізу орынды көрінеді. Кейбір стандартты құрылымдар, тұрақты тіркестер, сөздер мен формаларының ауызша сөзде қолданылу мүмкіндігі тым төмен болады.

Сөйлеудің ауызша формасына зерттеушілер «мешешу қызығушылық» танытты, тек XX ғасырдың 60-жылдарынан бастап нағыз ғылыми зерттеу жүргізіле бастады. Қазіргі кезге дейін сөйлеудің ауызша түрі біртұтас нысан ретінде қолданыла ма? деген сұрақ жан-жақты талқылануда. Е.А. Земскаяның концепция-сы бойынша ауызекі сөйлеу тілі мен жазбаша тіл мен ауызша-әдеби тілдің негізі болып есептелетін коди-фикацияланған әдеби тіл екеуін қарама-қарсы құбылыс ретінде қарастырады [5.28]. Тағы бір теория бой-ынша (О.А. Лаптева) бүкіл ауызша-әдеби тіл ауызекі әдеби тілмен қоса толықтай әдеби тілдің жазбаша түрлеріне қарама-қарсы қойылады [3.51]. Ауызекі сөйлеу тілін ерекше жүйе ретінде қарастыру тіл бірлі-гін толық талқандауға алып келеді, себебі ауызша сөйлеу тілі жазбаша тілмен үздіксіз байланыста бола-ды. Бірақ біздің ойымызша кезкелген жағдайда ауызша сөйлеу тілінің жүйесі өзіндік ерекше өзгешілікке ие.

Ауызша сөйлеу тілі – әдеби тілдің ерекше функционалды бір түрі. Егер көркем әдебиет тілі мен функциональдық стильдердің бірыңғай кодтандырылған негізі болса, онда ауызша сөйлеу тілі қатынастың кодтандырылмаған өрісі ретінде олармен қарама-қарсы салыстырылады. Кодтандыру – бұл кодтандырыл-ған функциональдық түрлердің мәтіндерін құру кезінде сақталуы тиіс нормалар мен ережелерді түрлі сөздіктер мен грамматикада тиянақтау. Сөйлеу қатынасының нормалары мен ережелері кодтандырыл-майды. Бұған мына шағын сөйлесу диалогын келтіру арқылы көз жеткізуге болады: А. «Цумға» (автобус аялдамасы) қалай барсам дұрыс болады? Б. «Цум» – бұл «Аблайхан», «Қонаевта» гой/ бұл бәрі бір гой / Міне мынау автобус «Абылайханмен» төтендейді екен, саған ыңғайлы //

Бұл мәтіннің кодтандырылған тілдегі аудармасы мынадай болады: А. Автобуспен «Цумға» дейін қалай жетуге болады? Б. «Цум» аялдамасы «Аблайхан» мен «Қонаев» көшелерінің қиылысында орналас-қан, сондықтан осы екі көшемен жүретін кез келген автобуспен баруға болады. Саған бәрінен бұрын «Абылайханмен» жүрген ыңғайлы. Грамматикалық кодтандырылған нормалар бойынша бірінші А. («Цум») мен соңғы Б. («Абылайхан») сөйлемдерінде атау септігін қолдануға болмайды. Сонымен бірге Б.-ның бірінші сөйлемінің мықты мағыналық редукциясы (сығымдау) кодтандырылған мәтінде жоқ. Орыстың танымал психологы және тіл маманы Н.И. Жинкин былай деген болатын: «Менің ойымша, әдеттегідей болса да тіл мамандары ұзақ уақыт бойы үнсіз адамды зерттеді». Ол өте дұрыс айтқан. Солай айтады немесе қалай жазса, шамамен солай сөйлейді деп ұзақ уақыт бойы есептеліп келді. Тек, біздің жүзжылдықтың 60-шы жылдары магнитофондар арқылы сөйлеу тілін белгілеу мүмкіндігі болған кезде бұл тіл толық көлемде тілтанушылардың назарына түсті. Сөйлеу тілінің лингвистикалық ұғымы үшін қолданылып жүрген кодтандыру толық жарамайтыны анықталды. Сонда ауызша сөйлеу тілі дегеніміз не? Ауызша тіл әдеби тілдің ерекше функционалды бір түрі ретінде, әрі лингвистикалық зерттеудің ерекше нысаны ретінде тілге деген қатынасы бойынша үш экстралингвистикалық сыртқы белгілермен сипатталады. Ауызша тілдің маңызды белгісі оның **тосын, дайынсыздығы** болып табылады. Мысалға, ғылыми жұмыс түріндегі күрделі мәтіндерді алмай-ақ, достық хат сияқты қарапайым жазбаша мәтіндерді құру кезінде әрбір сөз ойластырылады, көптеген «күрделі» мәтіндер алдымен шамамен жазылса, ал тосын мәтін мұндай түрдегі амалдарды қажет етпейді. Сөйлеу мәтінінің тосын құрылуы нәліктен тіл мамандары да, ал тіл иеленушілері тіптен де, оның үлкен ерекшеліктерін (тілдік сөйлеу ерекшеліктері кодтандырыл-ған тілдік ерекшеліктерге қарағанда санаға қабылданбайды және белгіленбейді) кодтандырылған мәтін-дерден байқамағанын түсіндіреді. Мынадай қызық жағдай бар. Нормативтік бағалау үшін тіл иеленушісі «Фурмоновқа» қалай барады? (кодтандырылған нұсқасы: «Фурмонов» көшесіне қалай баруға болады?) түріндегі өздерінің жеке сөздерін ұсынғанда, көбіне бұл бағалаулар жағымсыз болады: «бұл қате», «бұлай айтпайды». Бірақ, мұндай сөздер сөйлеу диалогтары үшін әдеттегіден де басымырақ. Ауызша тілдің **екінші** бір айырым белгісі – сөйлеу қатынасы сөйлесушілер арасындағы бейресми қатынас кезінде ғана болуы. Соңғы ауызша тілдің **үшінші** белгісі сөйлесушілер тікелей қатысқан кезде ғана жүзеге асуы болып табылады. Сөйлеушілердің қатынасқа осылайша қатысуы диалогтық тілдесу кезінде көрінеді, бірақ тілдесу кезінде көбіне сөйлеушілердің біреуі ғана сөйлеген кезде екінші сөйлеуші селқостық танытпайды. Оның айтылғандарға келісіп, келіспей, **иә, әрине, жақсы, жоқ, бірақ, бұл** сияқты ілікпе сөздер түрінде немесе нақты дыбысталуын жазбаша беру өте қиын **аха, угу, о-ё-ёй, и-и-и-й, ой-бай** сияқты дыбысдық ымдар арқылы қатынасқа өзінің қатысуын көрсете отырып, монологиялық ресми тілді жүзеге асыру шартына қарағанда қатынасқа әрдайым «араласуға» құқығы

бар. Бұл жағдайда мынадай бақылау есте қаларлық: егер сіз ұзақ уақыт бойы телефонмен сөйлесе отырып, сізді тыңдап отырғаны жөнінде тым болмағанда аха түріндегі ешбір растау ала алмағаныңызда, *Сен мені тыңдап отырсың ба? Алло және т.б.* түріндегі ілікпе сөздермен өз сөзін бөліп, жалпы ол сізді тыңдап отыр ма деп мазасыздана бастайсыз.

Сөйлесушілердің тікелей қатысуымен сөйлесетін бейресми тілдесу әдетте, нақты жағдайда бір-бірін жақсы танитын адамдар арасында жүзеге асады. Сондықтан, сөйлесушілерде білімнің белгілі бір жалпы қоры болады. Бұл білімді фондық фондық деп атайды. Осы фондық білім сөйлеу қатынасында мұндай фондық білімсіз мүлдем түсініксіз болатын редукцияланған сөйлемдер құруға мүмкіндік береді. Қарапайым мысал: сіздің отбасыңыз сіздің емтихан тапсыруға кеткеніңізді біледі және сіз үшін уайымдайды. Сіз емтихан тапсырып, үйге келген соң *«Әте жақсы»* деген бір сөз айта аласыз және бәріне бұл сөз түсінікті болады. Сондай-ақ, жағдай сөйлеу пікірінің тілдік рәсімделуіне терең әсер ете алады. Ескі жекежайдың қасынан өтіп бара жатып, жаныңыздағы жолсерігіңізге былайша айта аласыз: *«Он сегізінші ғасыр»* - бұл сөз бәріне XVIII ғасырдағы сәулет ескерткіші туралы айтылғаны түсінікті болады. Жоғарыда айтылып өткендей, ауызша тілдің тосындығы, оның кодтандырылған тілге қарағанда үлкен ерекшелігі тіл иелену-шісінің жазбаша түсірілген сөйлеу мәтіндері туралы қалай болғанда да біршама реттелмеген деген ой туғызып, бұл мәтіндердегі көп нәрсе тілдік ұқыпсыздық немесе кәдімгі қателік болып қабылданады. Мұндай жағдай ауызша тілдің кодтандырылған ұйғарым тұрғысынан бағалануына байланысты. Негізі, оның нормативті емес болып бағалана алмайтын және олай етуге болмайтын өз нормалары болады. Сөйлеу ерекшеліктері тұрақты, бірізді түрде әдеби тілдің барлық кодтандырылған функционалдық түрлері мен кодтандырылған нормаларын мінсіз білетін тіл иеленушісінің сөзінен көрініс табады. Сондықтан ауызша тіл – кейбір тіл иеленушілері ойлайтындай әдеби тілдің айналасында немесе одан тысқары тұратын қандай да бір тілдік түзілім емес, бұл тілдің тең дәрежелі әдеби түрлерінің бірі. Сөйлеу нормасы дегеніміз не? Сөйлеу тілінің нормасы әдеби тілді иеленуші адам тілінде тұрақты қолданылатындар болып табылады және тілді тосын қабылдау кезінде «құлаққа түрпідей тиетін» қателік болып танылмайды. Ауызша тілде көбінесе *«қайерге»* (кодтандырылған *«қай жерге»* дегеннің орнына), *анекараға* (кодтандырылған *«анау екі араға»* дегеннің орнына) сияқты сөздер жиі кездеседі.

Сонымен сөйлеу тілі – бұл тілдесудің прагматикалық жағдайындағы сөйлеушілердің демеуімен тікелей қатысуы кезінде бейресми жағдайда жүзеге асатын тосын әдеби тіл. Ауызша сөйлеу тілінің тілдік ерекшеліктері сөйлеу тілінің негізінде кодтандырылған тіл жүйесіне түсірілмейтін және одан шығарылмайтын ерекше жүйе жатқан деген болжам тапқандай маңызды болып есептеледі. Барлық жағдайда ауызша тілдің кодтандырылған тілмен салыстырғанда өз ерекшеліктері бар деген дұрыс пікір болып қалады.

1. *Қазақ әдеби тілінің ауызша формасы.* – Алматы: Қазақ ССР-інің «Ғылым» баспасы, 1987. – 198 б.
2. *Амиров Р. Особенности синтаксиса казахской разговорной речи.* – Алма-Ата: Мектеп, 1972. – 110 с.
3. *Лаптева О.А. Русский разговорный синтаксис.* – М.: Наука, 1976. – 299 с.
4. *Земская Е., Китайгородская М., Ширяев Е. Русская разговорная речь. Общие вопросы. Словообразование. Синтаксис.* – М., 1981. – 201 с.
5. *Земская Е.А. Русская разговорная речь.* – М., 1968. – 180 с.

Резюме

В статье рассматриваются особенности устной речи.

Resume

The Main and Auxiliary Units of Oral Communication.

ЗАИМСТВОВАНИЕ ТЕРМИНОСИСТЕМ НЕФТИ И ГАЗА В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ

А.С. Смагулова – к.ф.н., доцент

При постоянном развитии определенных отраслей науки и техники, на основе накопленного опыта, разработанных принципов и методик, практически неизбежно периодическое упорядочение терминологии. Социальные причины процесса отмирания и появления новых терминов не связаны с законами языка, это зависит от научно-технического развития общества. Как известно, Республика Казахстан является одной из крупных нефтедобывающих стран мира, входит в первую десятку государств по запасам нефти, естественно, что это нашло отражение в казахской терминологии, а нефтегазодобывающее производство является одним из наиболее индустриализованных отраслей отечественной промышленности.

Большой вклад в совершенствование казахского языка внес А.Байтурсынов. Неоценимы его научные труды в области фонетики, лексикографии, терминологии [1, с. 25-37]. В изучение терминологии английской и казахской лингвистики большой вклад внесли известные ученые-лингвисты: А.Байтурсынов, К.Жубанов, Х.Досмухамедов, А.Т. Кайдаров, У.А. Айтбаев, Ш.Сарыбаев, Р.Урекенова, С.Исаев, Б.Ка-лиев, Ш.Курманбайулы, О.Вьюстер, У.Фалда, Й.Трир, М.Блэк, К.Брокельман.

В казахском языкознании научное определение термина было предложено К.Жубановым: «Термином называется специфический вид определенных словесных обозначений, передающих определенные понятия, установленные на данном этапе развития науки и революционной практики, причем передаваемое термином терминологическое понятие может не совпадать со словарным значением, которое присуще данной словесной величине в обыденной жизни» [2, с.524]. Развитие в сфере терминологии в современном казахском языке характеризуется следующими состояниями:

а) часть заимствованных терминов сменилась на термины родного языка: *азотсыздандыру* — *деазоти-рование* — *denitrogenation*, *айданды* — *дистиллят* — *distillate*, *айырғыш* — *сепаратор* — *separator*, *ауытқы* — *аномалия* — *anomaly*, *эрекеттер* — *реагент* — *reagen*;

б) термины родного языка остались без изменений: *саз* — *глина* — *clay*, *күкірт* — *сера* — *sulfur*, *тіреуіш* — *якорь* — *anchor*, *ұңғыма* — *скважина* — *well, hole*, *сүзгі* — *фильтр* — *filter*;

в) заимствованные слова остались без изменений: *битум* — *битум* — *bitumen*, *датчик* — *датчик* — *probe, transmitter*, *грейфер* — *грейфер* — *grab bucket*, *забой* — *забой* — *bottomhole*, *кадастр* — *кадастр* — *inventory*, *капотаж* — *капотаж* — *logging, log*, *карьер* — *карьер* — *quarry, borrow pit, pit, каскад* — *каскад* — *isometric spool*.

Приведенные характеристики терминов находятся в тесной связи со следующими особенностями развития нефтегазовой терминологии:

1) в начале развития терминологической системы из русского языка заимствовались термины наряду с необходимыми и такие, эквиваленты которых существовали в языке: *глубина скважины, закрепление керна, инструмент буровой*;

2) чрезмерное увлечение заимствованиями, с одной стороны, и пуристические тенденции — с другой, порождали излишнюю синонимичность, вариативность, избыточность терминов: *головка буровая* — *бур-ғының басы, головка забивная* — *қағылмының қалмақшасы*.

Говоря о заимствованиях в терминологии, следует различать заимствования не только из одного в другой язык, но и из системы в систему. Под последними подразумеваются заимствованные термины и их семантическое преобразование, семантическая терминологическая уточненность, диктуемая вторым языком, как необходимость в процессе создания специальных наименований. В качестве стандартных терминов-ноэлементов выступают чаще всего греко-латинские морфемы по происхождению, ставшие международным терминологическим фондом и освоенные всеми европейскими языками.

Рассматривая терминологию как подсистему лексической системы литературного языка, необходимо учитывать взаимоотношения терминологии с такими функциональными подсистемами, как фонетика, морфология, синтаксис. Отметим, что словообразование терминов, терминов-словосочетаний подчинено общезыковым законам: *геозерттеу, газжұтқышы, деңгей көрсеткіші, техникалық күту*; функционирование морфолого-синтаксических моделей терминов в специальных текстах статистически отлично от функционирования аналогичных моделей общеупотребительных слов и словосочетаний в художественных текстах: *ұңғылар өнімінің сулану мәлішері (обводненность скважин), мұнай кең орындарын игеруді жобалау (проектирование разработки нефтяных месторождений)*; в специальных текстах, наряду с терминами, функционируют и общеупотребительные слова: *тіімділік шамаcы (оценка применения), технологиялық режимін тағайындау (выбор технологического режима), мұнай шығарымын талдау (анализ выработки нефти)*.

Характер работы различных участков «языкового механизма», обслуживающих различные «фрагменты» социальной деятельности человека, объясняется терминами «стиль языка» и «стиль речи». Стиль языка – структурно-функциональные варианты языка, обслуживающие разные виды общественной деятельности и отличающиеся друг от друга совокупностями устойчивых особенностей функционирования его единиц и категорий. Функциональные стили языка соотносятся с типами социальной деятельности и отличаются друг от друга системами вероятности языковых единиц и категорий. Известно, что одним из главных источников формирования языковых стилей являются нейтральные средства языка, используемые во всех стилях, но различающиеся частотностью употребления. Понятие «стилевой пласт лексики» объединяет языковые средства, функционирующие в рамках одного стиля. Такими стилиевыми пластами являются научная, техническая, социальная терминология, объединяющая языковые средства, в рамках технического, научного, делового и публицистического стилей. Стиль и терминологию нельзя назвать явлениями однопорядковыми, так как стиль – это тип функционирования языка, реализующий как терминологию, так и нейтральные единицы языка, характеризующийся устойчивыми особенностями своего потребления.

При образовании и функционировании терминов участвуют такие нейтральные средства языка, как общезыковые словообразовательные и синтаксические модели. Из вышеизложенного следует, что терминология – это подсистема лексики литературного языка, соотнесенная со специальной профессиональной деятельностью, определяющая номинацию профессиональных предметов, признаков, действий, явлений, определяющая формирование и функционирование производственно-технического, научного и социально-управленческих стилей.

Как в различных отраслях науки и техники, термины нефтяной отрасли по своей семантической природе подразделяются на устарелые и заимствованные. Но так как устарелые обозначают предметы в определенной области, можно утверждать, что и они произошли от заимствованных терминов. Например, *желі* – (*жила*); *сұйық отын* – (*жидкое топливо*); *қақпақ* – (*клапан*). Устарелые термины делятся на одно-составные *anhydrous* – *сулы* – (*водный*) и сложные *anhydrous ammonia* – *сусыз аммиак* – (*безводный аммиак*).

Специальная, собственно терминологическая лексика современного языка, как общая совокупность терминов разных научных циклов и отраслей практической деятельности, представляет собой пестрое и разнообразное сочетание слов. Например, терминологическая лексика науки о нефти состоит из исконно русских (*скорость, тело, тепло*), казахских (*бағыттауыш, жьылжымайтын, құбыр*), заимствованных (*баррель, дроссель, дюйм, проекция*), старых русских (*качалка, катушка*) и новых (*зонд, инструмент, блок*), обычных обиходных (*головка, башмак, юбка, барабан*) и узкоспециальных (*забой, скважина, бурение*) слов, образованных по моделям общелитературного словообразования (*бурение, буримость, бұзу, бұзылу, діріл, дірілдеткіш, load, loading, coke, coking*). Анализ определенной отраслевой системы способствует выявлению как универсальных терминов, так и терминов-слов из просторечной (разговорной) лексики: *баба ударная, башмак фрезерный, дробь буровая, клин отклоняющийся; дірілдек елеуіш (вибрационное сито), қайыстық беріліс (ременная передача), тісті рейка (рейка зубчатая), газдық тақия — gas cap — шапка газовая, бас — head — головка, жел — strand — жила, қақпақ — hat — колпак*. Такого рода «пестрота» состава терминологической лексики английского, казахского языков свидетельствует о способности терминов нефтегазовой отрасли пополняться из разных источников и с помощью различных языковых средств. Формирование каждой терминосистемы имеет, как правило, длительную историю, в которой отражаются особенности формирования определенного языка под влиянием внутренних и внешних факторов по отношению к языку.

В развитии нефтегазовой терминологии в казахском языке исключительную роль сыграл русский язык, который, в свою очередь, «впитал» множество терминов в рассматриваемой сфере из английского языка. По мнению профессора В.А. Исенгалиевой: «благодаря русскому языку тюркские языки в лексическом отношении... сближаются в какой-то мере с наиболее развитыми языками современности» [3, с. 194]. В казахском языке выявляются интернационализмы, и исконно русские, и исконно казахские по происхождению слова – термины.

С приобретением независимости республики, восстановлением статуса государственного языка в современном языкознании происходит развитие терминологии казахского языка и в нефтегазовой отрасли.

Действие и функционирование источников формирования терминологической лексики в разные периоды развития языка в целом и развитие языка науки в частности изменялись в зависимости от многих причин, среди которых немаловажная роль принадлежит внеязыковым факторам. Так, общезыковая политика, общественное развитие страны и исторические факты, так или иначе, связаны с образованием терминов в определенной отрасли. В современном казахском языке при образовании терминов используются внутренние ресурсы самого языка, когда наряду со словами

общелитературного характера используются просторечия, диалектизмы. Следует отметить, что интернациональные термины и их адекватный перевод употребляются в современном казахском языке параллельно: *жіктеу — классификация, сарқылу — дренаж, кернжарғыш — керновзрыватель, әрекеттер — реагент, көрсеткіш — индикатор.*

В распространении и создании новых терминов нефтегазовой отрасли особую роль играют внешне-экономические связи, возникающие в сфере международного общения. Данному процессу способствует становление новых форм экономической деятельности в Казахстане, появление которых было предопределено переходом нашей страны к рыночной экономике. Многие терминологические проблемы, связанные с изменениями форм собственности и появлением, освоением новых сфер в нефтегазовой промышленности, приходится решать впервые, поэтому целесообразно обращение за терминологическим материалом к другим языкам. Нефтегазовая терминологическая лексика казахского языка тесно связана с историей становления и развития казахского литературного языка.

Определенный пласт в составе рассматриваемых терминов составляют иноязычные заимствования, перешедшие из следующих шести источников: иранского, арабского, монгольского, китайского, английского и русского языков. Отметим, что «наибольшее число лексических элементов иноязычного происхождения в казахском языке составляют иранизмы и арабизмы: *айна — (зеркало, металлическая, пика, штык) найзалы бұрғылау-, шарайна — (броня), шөміш — (ковш-пластинка с гладкой полированной поверхностью), астар- (подкладочный материал), болат — (сталь), кілт — (ключ), найза — (копье), черпак, тоға — (пряжка), тор — (сеть, сетка), аспап — (прибор, инструмент), алқа — (замкнутый круг), қынап — (чехол, сандал — опора наковальни), шынжыр — (цепь), табақ — (большая чаша).*

По терминосистеме «нефть и газ» выявлено большое количество терминов англоязычного происхождения: *абсорбент — absorbent, абсорбция — absorption, агломерат — agglomerate, баррель — barrel, берма — berm, вакуум — vacuum, ингибитор — inhibitor, индикатор — indicator, инфильтрация — infiltration, кокс — coke, конденсат — condensate, коррозия — corrosion.*

Известно, что заимствования лексических элементов из других языков, так или иначе, отражают определенные культурно-экономические связи, взаимовлияние контактирующих языков и их носителей. Изучение иноязычных элементов в составе терминологической лексики казахского языка представляет интерес не столько для определения процесса контактирования казахского языка с упомянутыми выше языками, сколько для выяснения материальной основы заимствованных слов.

Хотя в развитии нефтегазовой терминологии прослеживается тесная связь с национальным литературным языком, с его лексико-семантическими и номинативными возможностями, в то же время подтверждается зависимость формирования терминосистемы нефтегазовой отрасли от характера развития современной экономики. Следовательно, при рассмотрении нефтегазовой терминологии необходимо затронуть вопросы терминообразования и терминопотребления, в число которых входит современное состояние терминологии по следующим параметрам: источники формирования, способы номинации, особенности употребления терминов.

Термин связан с конкретными языками и историческими условиями возникновения той или иной терминологии, в связи с чем при становлении и унификации научных терминологий следует обратить внимание на источники их формирования. Основными источниками формирования каждой национальной терминологии является конкретный национальный литературный язык, поэтому при создании терминов предпочтение во всех случаях должно отдаваться ресурсам родного языка. Однако этот вариант образования терминов не всегда является приемлемым. Здесь часто имеет место переосмысление, метонимический перенос. Тем не менее, когда сведения о новой области знания еще недостаточны, а понятия еще четко не определены, активность в терминообразовании проявляет естественный язык. Таким образом, на разных стадиях формирования терминологии и становлении новых терминосистем этот источник является приоритетным.

На этимологический состав новых терминосистем влияет не только происхождение словарного состава национального языка, но и развитие нефтегазовой отрасли. Для развития науки, техники в настоящее время характерны процессы межнационального и международного сотрудничества, что с неизбежностью отражается в тенденциях терминологических наименований. Все это ведет к использованию интернациональных (греко-латинских) средств образования терминов, а также к непосредственному заимствованию англоязычных терминологических наименований, особенно в новые терминосистемы нефтегазовой терминологии казахского языка, а поэтому в качестве второго источника могут выступать заимствования и интернационализмы.

Язык постоянно развивается и совершенствуется, отражая меняющийся мир, при этом он оказывает заметное влияние на терминологию и на один из главных ее компонентов — термин. Основное назначение терминов состоит в номинативной функции научных, научно-технических, экономических и других социальных понятий. С помощью терминов выражаются открытия и достижения в различных

сферах знания, но происходит это обычно сначала в одной стране, а со временем эти достижения становятся достоянием других стран.

Язык страны, в котором произошло какое-либо открытие, опережает другие языки в научно-техническом или экономическом прогрессе, поэтому можно предположить, что на определенном этапе своего развития он занимает лидирующее положение в разных науках, таким образом, являясь основой для формирования новых терминов. Так, греческий язык был одним из стимулов научного мышления у древних греков. Позже он послужил базой для создания терминов в разных науках. И, несмотря на то, что в течение многих веков языком ученых был латинский язык, он был, прежде всего, проводником греческих элементов и моделей.

При заимствовании большую роль играет общая ориентация на язык-источник терминологии. Большинство лингвистов, таких как: Э.М. Медникова, А.В. Суперанская, Н.В. Подольская, Н.В. Васильева, языком – источником в последнее время называют английский язык. Половина терминов новых терминосистем образована на базе известных слов с помощью синтаксического способа. По мнению американского лингвиста У.Фалда, этот способ считается самым эффективным [4, с. 220]. Из этого следует, что формирование терминосистемы нефтегазовой отрасли казахского языка происходит, в основном, на базе соответствующей терминосферы английского языка, чаще посредством русского языка путем синтаксического калькирования многокомпонентных терминов в соответствующих языках, освоения интернационального лексического фонда (через английский язык как язык – посредник), а также путем лексического заимствования, семантического калькирования.

Сам факт, что подавляющее большинство терминов в настоящее время русский язык заимствует из английского, дает основание предположить, что есть языки, лексика которых легко заимствуется другими языками, и есть языки легче других, заимствующие слова из различных языков в определенный период своего развития того или иного языка. Проверка, доказательство этого предложения и выявление причин закономерностей данного явления послужили предметом настоящего исследования, результаты которого дают право говорить, что одним из способов образования терминов нефтегазовой отрасли в современных терминосистемах выступает заимствование готовых номинаций из одного и того же языка – «лидера».

Английский язык в настоящее время является основным «терминологическим донором» для большинства языков, другие же языки выступают, как правило, в роли заимствующих языков. За последние десятилетия английский язык стал международным средством общения, приобрел статус глобального языка, а в науке он стал выступать языком-посредником в силу большей распространенности среди других языков мира. Особенно заметно влияние английского языка на процессы в других языках и культурах стало проявляться к концу XX века. Такая лингвистическая ситуация обусловлена тем, что важнейшим фактором в распространении английского языка стало завоевание США статуса экономической сверхдержавы XX века, что способствовало укреплению положения английского языка и дало США еще большую возможность влияния на экономические процессы, происходящие в мире [5, с.31-32].

Доминирующее положение Соединенных Штатов над другими англоязычными странами нашло отражение в усиленном проникновении американизмов в лексико – семантические системы других вариантов английского языка. Это привело к тому, что в настоящее время англицизмы стали уступать место американизмам при заимствовании англоязычных терминов, поскольку новая терминология возникает преимущественно в США в связи с развитием передовых технологий, так как экономический потенциал этой страны гораздо выше потенциала многих других стран. Приоритетное развитие экономики США и лингвистические факторы способствуют тому, что те страны, чья экономика отстает в развитии вследствие неравномерности научного прогресса, по мнению Т.М. Белоконь, «создают основы терминологии той или иной науки на определенном языке — языке страны, создающей основы самой науки».

Для подтверждения выдвинутого положения необходим достаточный объем достоверных данных. В этом смысле английский язык может являться богатейшим источником такой информации, так как социально-экономические условия способствуют терминообразованию на основе английского языка.

Таким образом, формирование нефтегазовой терминосистемы в казахском языке отражает процесс развития рыночной экономики, который базируется не только на опыте развитых государств в сфере нефтегазовой отрасли, но и на уже имеющемся словесном выражении фундаментальных достижений человеческой мысли в социальной и хозяйственной деятельности.

1 Байтурсынов А. Тіл тағылымы. - Алматы, 1992. - 304 с.

2 Жубанов К. Исследования по казахскому языку. - Алматы: Фильм, 1999. - 560 с.

3 Исенгалиева В.А. Тюркские глаголы с основами, заимствованными из русского языка. - Алматы: Наука Каз ССР, 1966. - 236 с.

4 Суперанская А.В., Подольская Н.В., Васильева Н.В. Общая терминология: Вопросы теории. - М.,

1989. - 287 с.

5 Savory Th. *The Language of science.* - London, 1953. - 69 с.

Түйін

Осы мақалада мұназ газ терминдердің қазақ тілінде кірме сөздердің қалыптасуы бейнеленеді. Қазіргі уақытта мемлекет арасындағы экономикалық, әлеуметтік-саяси, мәдени қарым-қатынастардың арқасында тіл білімінде терминдерді терең зерттеу қолға алынды. Әсіресе, мұнай мен газға байланысты терминдерді зерттеуге ерекше қызығушылық туып отыр.

Summary

The terminological borrowing of oil and gas in the Kazakh language is describes in this article. Currently growing scientific interest helps to identify the different types of neologisms in the formation of new oil and gas terminology. In the classification of the main ways of oil and gas terms is borrowing from English, Russian, Arabic and other languages. The study of foreign language elements in the Kazakh language terminology interest to define the process of contacting the Kazakh language the above languages and clarify the material basis of loanwords.

ПОЭТИКА ТІЛІНДЕГІ ПАРАЛЛЕЛИЗМ: АВТОРЛЫҚ ҚОЛДАНЫС ҚЫРЛАРЫ

С.А. Асқарова –

Абай атындағы ҚазҰПУ, кәсіби шетел тілі коммуникациясы кафедрасының доценті, ф.ғ.к.

Ең алғаш қайталама туралы ғылыми тұжырымдама жасаған М.В.Ломоносов болатын. Ол қайталама туралы “Повторение есть многократное положение речей в предложениях” деген еді. М.В.Ломоносов қайталаудың классификациясын жете зерттеу мәселесіне тоқталады [1, 258].

XIX ғасырдың екінші жартысында XX ғасырдың басында қайталама құбылысына лингвистер ерекше көңіл бөле бастады. Американдық лингвист Э.Сэпир барлық тілдегі қайталамалардың кең ауқымды дамуын көрсетіп, олардың сан алуан семантикалық-грамматикалық қызметтерінің маңызын ашып берген [2,59]. Орыс ғалымдары В.В.Виноградов, Г.О.Винокур, В.Жирмунский, Е.А.Киселев және т.б. ғалымдар қайталаманың грамматикалық және стилистикалық ерекшеліктеріне де көңіл бөлді [3, 54; 4, 355; 5,16; 6,274].

Қайталама – жаңа грамматикалық форманың және мағынасының жасалуының негізі үшін қызмет етеді де, коммуникативті процестің құрылымдық және мазмұндық бүтіндігін жүзеге асырады. Сондай-ақ, қайталама кей жағдайда қаламгердің салғырттығынан да орын алатын жағдай.

Ауыз әдебиеті үлгісі де белгілі ақындардың шығармалары да ұйқас, ырғақ қайталама негізінде жаса-лады. Өз шығармасында қайталаманы қолданбаған қаламгер жоққа тән. Зерттеушілер қайталаманы қос сөз түрінде, енді бір тобы сөздердің, сөз тіркестерінің, сөйлемдердің қайталануы түрінде қарастырған.

Тіліміздегі қайталама көне жазба ескерткіштерінен бастап қазіргі күнге дейін өзінің жалғастығын тауып келеді, әлі күнге дейін құндылығын жоя қойған жоқ. Керісінше, ғасырлар бойғы дәстүр жалғасты-ғы жетіліп, дамып, көркемдеу құралдарының бірі ретінде қызмет атқарып келеді. Қайталама ел аузында сақталған бай ауыз әдебиетінен бастау алатын құбылыс. Дәстүрлі дидактикалық сарындағы шешендік толғау өлеңдерге тән бірден-бір ерекшелікте қайталама болатын.

Ауыз әдебиетіндегі шешендік өнердің толғау, терме, жыр, дастандарда анафоралық және эпифоралық дыбыстық қайталаудан бастап, жеке сөз, сөз тіркестерінің қайталауына дейін қолданылып отырған. Халықтық мақал-мәтелдер, жұмбақ, жаңылтпаштар да, сыртқы, ішкі ырғағы, ұйқасы жағынан біртұтас келіп, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін ұқсас дыбыстар немесе бір дыбыс шеңберінде жеткізіп тұрған.

Қазақ тілі ғылымында Қ.Өмірәлиев, З.Ахметов, З.Керімбаева ғалымдардың еңбектерінде халық ауыз әдебиетінен бастау алатын, сан ғасырлық әдебиетіміздегі қайталамаға тоқталып, олардың сан салалы тілдік ерекшеліктері арқылы ұлттық табиғаты ашылған. [7,7; 8,48; 9].

Қ.Жұмалиев қайталаманы белгілі стилистикалық тәсіл ретінде қарастырады, яғни, қайталауды әр өлең шумақ жолынан емес, бүкіл өлеңнің өн бойынан іздеп, ішкі ырғақ қызметін қамтамасыз етуші құрал ретінде сөз етеді [10].

“Күн еді – өмір бойы күлді!” – дер ме?

“Күн еді – сүймеуші еді түнді!” – дер ме?

“Күн еді күндей айқын күле білді,

Сол күлумен ақыры өлді” – дер ме?

/Күн еді – өмір бойы күлді – дер ме?../

Мұндағы сөз басымдық қайталаулар сөз тіркесінің қайталануы арқылы жасалған. **Күн еді** тіркесін қайталау арқылы ақын өлең кейіпкеріне ерекше екпін түсіріп, сөзді бейне жасауға жұмсап тұр. немесе

Бүгін менің құшағымда кім болды?

Бүгін менің құшағымда Гүл болды!

Бүгін тұл маған алтын Күн еді,

Бүгін менің құшағымда Күн болды.

/Күн еді – өмір бойы күлді – дер ме?../

Ал, бұл шумақ бірнеше тіркестің қайталануы арқылы өрілген: **бүгін менің, құшағымда кім болды.** Осы тіркестерді қайталау тәсілімен аз сөзге көп мағына жүктей алған. З.Қабдолов сөз өнерін зерделеген еңбегінде қайталамаға мынадай анықтама береді: “Фигураның (айшықтаудың) бір түрі – қайталама– сөз әсерін күшейте отырып, оқырман назарын айрықша аударғысы келген нәрсені не құбылысты бірнеше мәртебе қайталап, айтар ойды, ұқтырар сырды ұғымға мұқият сіңіре түсу”. Ол қайталаманы 4 түрге бөледі: жай қайталама, еспе қайталама, әдепкі қайталама, кезекті қайталама. [9, 229].

Зерттеушілердің қайталамаға берген сипаттамаларына сәйкес Тұманбай шығармаларындағы қайтала-маны бірнеше топқа бөліп қарастыруға болады. Алдымен дыбыстық қайталауға тоқтала кетейік:

Сен түсіме кіресің күнде менің

Саған деген махаббат, бұл дегенің.

Сен ән шырқа деген соң ән шырқадым,

Сен үндеме деген соң үндемедім.

/Неаполь халқының әуендері/.

Көркем шығармада дыбыс ырғағы арқылы жасалатын дыбыстық қайталау 2 түрлі тәсіл арқылы беріледі:

Аллитерация – өлеңде бірыңғай дауыссыз дыбыстарды қайталай отырып, сол дыбыстардың акустика-артикуляциялық белгілері арқылы өзгеше түр мен соны мазмұн жасау тәсілі.

Жоғарғы шумақта өлеңнің өзгеше интонациямен айтылуы аллитерация арқылы әсерлі, әрі бейнелі. Дыбыстардың біркелкі дыбыстардан басталуы өлеңнің пішін, әрі мазмұн жағынан сомдауға қызмет етіп тұр.

Ал, ассонанс – бірыңғай дауысты дыбысты қайталау жолымен ерекше дыбыс ырғағы мен мәнерлілікті жасау тәсілі.

Алдамайтын арманым

Айтқаныңа сенемін.

немесе

Алданба, жүрегім, енді қайтып,

Арманға кезінде есік ашқан.

/Куә бол/.

Буындық қайталама.

Қайталаманың бұл түрі поэзия тілінде сирек кездеседі. Сөйлемнің басындағы бірінші буын қайталанатын да, қосымшалар өзгеріске ұшырап отырады.

...Жолда келе жатамын мен әйтеуір

Жолым тосқан сол сәулеме жете алмай.

/Қол ұстасып/

Бұнда алғашқы буынды құраушы түбір сөз қайталанып келіп, айтылатын ойға әуендік, әуездік екпін қосып тұр.

Профессор А.Ысқақов “Қазақ тілінде сөзді қайталау және қосарлау тәсілі – өзінше ерекшелігі мол құнарлы жүйе. Бұл жүйе бойынша сөзді қайталаудан яғни қосарлаудан белгілі мағыналар туады, сөздің неше алуан жаңа формалары жасалады, олардың мағыналары түрленеді, бірақ түсінігі өзгермейді, яғни, жаңа сөз тумайды, сөз тек қана грамматикаланады” – деп көрсетеді. Тұманбай ақын жырлары жеке сөз-дердің қайталауына да бай.

Жеке сөздердің қайталануы

...Саған көзі түспесе екен ажалдың,

Саған көзі түспесе екен жауымның.

/К.....ға/

немесе

...Ерлерге мына әншілер әнін арнасын,

Ерлерге мына ақындар жырын арнасын.

/Комбайнер досқа/.

“Жазушылар кейде типтік бейне жасау үшін кейіпкердің бір сөзін, не сөйлемдерін бірнеше рет қайта-лау арқылы оқушының көңілін аударды” – деп ғалым М.С.Серғалиев айтқандай [10,32]. Тұманбай жыр-ларының мазмұнын аша түсетін оқушының көңіліне тез қонатын қайталама түрлері көп, соның бірі – сөз тіркестерінің қайталануы. Біз оны есімді сөз тіркесі, етістікті сөз тіркесі деп қарастырамыз.

а) Есімді сөз тіркесі.

*Миллион жанның арманын,
Миллион жанның ақылын,
Миллион жанның талғамын,
Өзіне жиган батырым.*

/Алатау қызы/.

ә) Етістікті сөз тіркесі, басыңқы сыңар модаль сөз арқылы беріліп тұр.

*Арманыңды сағынғанда гүл керек.
Құдіретіңе табынғанда гүл керек.
Жарың келіп қол алғанда гүл керек.
Туған жерге оралғанда гүл керек.*

/Гүл керек/.

Тармақтық қайталама

“Қара теңіз дәптеріне” атты бөлімде ақынның “күндер мұнда жылдай боп өтер емес” деген өлеңі үш шумақтан тұрады. Әр шумақтың басындағы бірінші және соңғы өлең тармақтары қайталанып келіп отырады.

*...Күндер мұнда жылдай боп өтер емес,
Қиял қайда ақынды жетелемес.
Өзім туған ауылдың ауасына,
Менің ғашық екенім бекер емес.
Күндер мұнда жылдай боп өтер емес,
Даусым елге алыстан жетер емес.
Өзім туған тауыма, кең далама
Менің ғашық екенім бекер емес.*

/Күндер мұнда жылдай боп өтер емес/.

Шумақ басындағы және соңындағы тармақтардың қайталануы да ақын тапқан көркемдік әдіс: туған жерге деген сағыныш сазын жеткізу үшін “күндер мұнда жылдай боп өтер емес” тармағымен «менің ғашық екенім бекер емес» тармағы өзара шендестіріліп, қарама-қарсы қойылған. Сол арқылы туған жерге, өскен өлкеге деген перзенттік іңкәр көңілі қалтқысыз жеткізілген.

З.Қабдолов “Сөз өнері” деген кітабында қайталаманы төрт түрге бөледі: жай қайталама, еспе қайталама, әдепкі қайталама, кезекті қайталама [9, 230-231].

*Жиырма жаста көрмеген қызығымды,
Жиырма жаста үзбеген жүзімімді,
Жиырма жаста жұлмаған гүлдерімді
Бүгін көре алам ба, үзе алам ба,
Бақыттың дариясында жүзе алам ба?*

/Жиырма жаста жетпеген арманым.../

Мұнда ақын ерекше мән беріп, оқырманның назарын аударғысы келген сөз - “жиырма жас”. Ақын жастық шақтың ең бір думанды кезі – жиырма жастың кикулы базарына, арманды аусарына оқырман көңілін аудару үшін осы тіркесті әдейі қайталап қолданады. Тіркес орны да ақын қолымен мақсатты таңдалынған.

Жай қайталама

*Жан Әлия, ән – Әлия
Әлия!
Арамызда біздің күндер бар, я.
Он жетіде отқа өртенген махаббат,
Бүгін халық құрметтейтін қария.
Тым ертерек өшкенімен арманы
Бұл Әлия елді жсаудан қорғады.*

*Кеше ғана Әлімнің Әлиясы
Дәрігерлік дипломын қорғады.*

/Әлия әпке/.

Шумақтағы екі сөз – Әлиямен қорғады– қайталанып келіп, өзара салыстырылады. Бір Әлия кешегі қан майданда қанын төгіп, ел қорғаған ер Әлия. Екінші Әлия аса жауапты мамандық саналатын дәрігерлік дипломын қорғаған бейбіт күннің жауынгері, адам арашашысы Әлия. Өлең мәтінінде Әлия – қорғаушы символы ретінде бейнеленген.

*Боз киіктер өрген кезде,
Боз жусанды емген кезде.
Боз үйден сал аттандырып,
Боз ала таң келген кезде.*

/Арман көріп Ақтоғайдан.../

Шумақ бірыңғай символикалық **боз** сөзінен басталады, мұндағы боз – ақ сағымға айналған көңіл түпкіріндегі бала кездің символы ретінде алынған сөз. Боз ала таңнан боз үйден сал аттанған шақ, боз киіктер боз жусанға бас қойған кез... Қара өлең ұйқасымен өрілген шумақ тармақтарын аяқтап тұрған кезде сөзі жоғарыда сөз еткен балдәурен шаққа оқырман назарын аудару үшін таңдалынған тілдік тұлға.

Бұл тілдік құралдар өлеңге әуезділік пен үйлесімді ырғақ беріп тұр.

Кезекті қайталама

*Көктемді сағындым ғой,
Өткенді сағындым ғой
Өзімен бірге жүрген
Көк белді сағындым ғой.*

/Сағындым ғой/.

Тұманбай поэзиясындағы қайталамалар өзіндік ерекшелігімен дараланады. Ақын не айтқысы келсе де, сол ой-ниетін қарапайым сөзбен, сөз тіркестерімен әдемі өрнек құра отырып, жеңіл жеткізеді. Бұл оқыр-манның санасына салмақ салмай, өлеңді жеңіл қабылдауға, әдемі эсерге бөленуге мүмкіндік жасайды. Ақын өзінің өлең жолдарында қайталаманың қай түрін қолданбасын оны өзінің тілдік қолдану жүйесіне қарай түрлендіріп отырады. Бұл түрлендіру қайталаманың тілдік қолданыстағы көркемдік-эстетикалық деңгейін көтеріп, тіл айшықтылығын күшейте түседі.

1. Ломоносов М.В. Краткое руководство к риторике// ПСС т.7. - М.-Л., 1952
2. Рубайло А.П. Художественное средство языка. - М., 1961
3. Виноградов В.В. Язык Гоголя и его значения в истории русского языка// т.3. Известия АН СССР. - М., 1953
4. Винокур Г.О. О некоторых синтаксических особенностях диалектической речи. Исследование по грамматике русского языка. - М., 1955
5. Киселев Е.И. Лексическое повторение как грамматические средства русского языка. - М., 1954
6. Ахметов З. Өлең – сөздің патшасы. - А., 1970
7. XV-XIV ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі. - А., 1976
8. Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. - А., 1966
9. Қабдолов З. Сөз өнері. - А., 1992
10. Серғалиев М. Көркем әдебиет тілі. - А., 1995

Резюме

В статье рассматриваются особенности использования явления параллелизма и повторения в стихотворениях поэта-лирика Т.Молдагалиева. Автор статьи сделал лингвистические и когнитивные анализы образцов повторения свойственные для поэта.

Resume

The using peculiarities of parallelism phenomenon and repetition in lyric poet T.Moldagaliyev's poems are considered in this article. The author made the linguistic and cognitive analysis of the repetition samples intrinsic for the poet.

ВСЕСТОРОННЕЕ РАЗВИТИЕ ПОЛИЯЗЫКОВОЙ ЛИЧНОСТИ

А.С. Мукашева – профессор, к.ф.н.,

Б.Н. Ашегова – ст. преподаватель КазНПУ имени Абая, г. Алматы

Общезвестный тезис о том, что генеральной целью в педагогике является всестороннее развитие личности. С опорой на это классическое положение В.С. Леднев, разрабатывая теорию содержания образования, полагает, что его основные контуры определяются именно структурой личности и структурой деятельности [1], ученый выделяет три основные стороны личности:

1. функциональные механизмы психики;
2. опыт личности;
3. обобщенные типологические свойства личности.

Однако, ученый предупреждает, что такое вычленение структурных компонентов условно, так как личность целостна и неделима. Лишь в зависимости от конкретного контекста актуализируются те или иные подструктуры. Так, в теории языкового образования актуализируется концепт языковой личности, в теории иноязычного образования – вторичной языковой личности, а в теории полиязычного образования – полиязыковой личности. Это означает, что данным разновидностям личности присущи другие, отличные от инварианта, подструктуры.

Отправной позицией для понимания сущности языковой, вторичной языковой и полиязыковой личности является рассмотрение данных терминов как результатов образования: языкового образования в первом случае, иноязычного образования – во втором, полиязычного образования – в третьем.

Языковая личность в своей структуре содержит следующие компоненты:

- *ценностный*, содержащий языковой образ мира и иерархию духовных представлений, реализуемых в процессе языкового общения;
- *культурологический*, включающий правила вербального и невербального поведения, детерминированных фактами культуры изучаемого языка;
- *личностный*, отражающий индивидуально психологические свойства и социально типизированные качества личности, в комплексе представляющие способность человека к речевой и языковой деятельности.

В педагогическом контексте эту, по сути лингвистическую, структуру языковой личности можно применить для моделирования как результата, так и самого процесса языкового образования.

В зависимости от этого конструируется содержание языкового образования.

Совокупность способностей человека к иноязычному общению на межкультурном уровне, под которым понимается адекватное взаимодействие с представителями других культур, определяется современной лингводидактикой как концепт «вторичной языковой личности» [2, 4].

Относительно структуры вторичной языковой личности отметим, что она идентична структуре языковой личности, с той разницей, что все компоненты имеют несколько иную содержательную характеристику, особенности которой связаны с изучением не родного, а иностранного языка. То есть структура языковой личности представляет собой в определенном смысле базовую структуру, которая ложится в основу при выделении структурных компонентов не только вторичной языковой личности, но и потенциально возможных вариантов языковой личности. Одним из таких вариантов в полной мере может выступить полиязыковая личность.

В самом деле, допуская принципиальное отличие языкового, иноязычного и полиязычного образования, нельзя подвергать элиминации различия и их целевых аспектов. Поэтому на элементарном уровне аналогии можно предположить, что целью и результатом полиязычного образования является полиязыковая личность. В содержательном плане основное отличие этих направлений образования заключается в количестве изучаемых языков. Тогда, полиязыковая личность, имеющая базовую структуру языковой личности, в характеристике каждого компонента – ценностного, культурологического и личностного – предполагает осмысление картины мира иной социокультуры, познание смысловых ориентиров другого лингвоэтносоциума, умение видеть сходства и различия между общающимися культурами и применять их в контексте межкультурного общения. С полным основанием это относится и ко вторичной языковой личности. Однако, для вторичной языковой личности эти характеристики присущи относительно только родного и одного иностранного языка, в то время как для полиязыковой личности эти параллели обусловлены несколькими (более, чем два) языками.

Итак, согласно теории целеполагания в педагогике к определению целей образования следует подходить с позиций современной концепции человека. На этом основании можно утверждать, что целью и результатом полиязычного образования является полиязыковая личность, в структуре которой помимо инвариантных компонентов личности (функциональные механизмы психики, опыт личности,

обобщенные типологические свойства личности) присутствуют базовые компоненты языковой личности (ценностный, культурологический и личностный).

Относительно непрерывного полиязычного образования эта ситуация требует пояснения. Дело в том, что его целью и результатом так же, как и в полиязычном образовании, является полиязыковая личность. Размежевание этих понятий кроется в понимании непрерывности образования, которая обеспечивает возможность многомерного движения личности в образовательном пространстве и создает для нее оптимальные условия для такого движения, то есть осуществляется переход от конструкции «образование на всю жизнь» к конструкции «образование через всю жизнь». С этой позиции личность в контексте непрерывного полиязычного образования выступает не только в качестве его цели и результата, но и потребителя образовательных услуг.

Тогда полиязычное образование в полной мере может предстать в качестве процесса формирования полиязыковой личности на основе одновременного овладения несколькими языками как «фрагментом» социально значимого опыта человечества, воплощенного в языковых знаниях и умениях, языковой и речевой деятельности, а также в эмоционально-ценностном отношении к языкам и культурам. То есть, являясь частью образования как метасистемы и разновидностью языкового образования как базовой системы, полиязычное образование сохраняет их структурные компоненты и представляет собой также триединый процесс, охватывающий обучение, воспитание, развитие. Помимо структурной композиции ему присущи и общие свойства этих систем: целенаправленность, организуемость, нормированность.

Эту трактовку полиязычного образования мы в свое время [5; 6] основывали на его соотношении с языковым образованием как части целого. Но в ситуации с непрерывностью это соотношение проецируется под другим углом. Непрерывность в этом случае является не составной частью языкового (или иного) образования, она предстает как качественная характеристика образовательного процесса или образовательной системы, так как непрерывное образование представляет собой сложный конгломерат идей, целей, принципов, условий, направлений, а главное субъектов: личность, общество, государство, производство.

В этом плане педагогическая наука располагает солидной базой теоретических разработок, среди которых наиболее значимой для нашей проблемы являются положения теории непрерывного профессионального образования. Ведь система «школа – вуз» неизменно предполагает выход на профессиональное образование.

В качестве теоретических предпосылок разработки педагогической модели непрерывного полиязычного образования может выступить структура системной теории профессионального образования академика А.М. Новикова. В этой теории непрерывное образование предстает как одно из четырех направлений развития профессионального образования:

- гуманизация профессионального образования (направленность на личность);
- демократизация профессионального образования (направленность на общество, государство);
- опережающее профессиональное образование (направленность на производство);
- непрерывное профессиональное образование (направленность на систему ПО).

Основными принципами интересующего нас четвертого направления являются:

– принцип непрерывности содержания образования – обеспечение содержательной непрерывности образовательных программ;

– принцип непрерывности образовательного процесса – обеспечение непрерывности и преемственности форм, методов и средств образовательного процесса, она выступает как характеристика включенности личности в образовательный процесс на всех стадиях ее развития и характеризует преемственность образовательной деятельности при переходе от одного ее вида к другому, от одного жизненного этапа человека к другому;

– принцип организационного обеспечения непрерывности образования.

К условиям реализации первого принципа относятся:

– базовое образование как основа для дальнейшего обучения;

– маневренность образовательных программ, что предполагает их модульное построение, параллельное обучение в разных образовательных учреждениях, по разным профессиям, специальностям разного уровня, переподготовка высвобождающихся кадров и развитие дополнительных квалификаций выпускников;

– многоуровневость, преемственность образовательных программ, для чего «выход» из одной образовательной программы должен «стыковаться» со «входом» в последующую, поэтому нужна сквозная стандартизация образовательных программ;

– дополнительность (взаимодополнительность) базового и последипломного образования, это предполагает: создание института стажерства для молодых специалистов, развитие систем обучения на рабочем месте, развитие учреждений дополнительного профессионального образования, развитие

неформального профессионального образования и самообразования взрослых.

К условиям реализации принципа непрерывности образовательного процесса относятся:

- непрерывность и преемственность форм организации образовательного процесса;
- непрерывность и преемственность методов организации образовательного процесса;
- непрерывность и преемственность средств организации образовательного процесса.

К условиям реализации принципа организационного обеспечения непрерывности образования относятся:

- интеграция образовательных систем;
- гибкость организации форм профессионального образования (обучения) и его информационно-технологического обеспечения и др.[7].

Интеграция вышеуказанных принципов в контексте непрерывного полиязычного образования проявляется в совокупности принципов структурирования его содержания. Речь идет о принципах, описанных в теории содержания образования В.С.Леднева. Это:

- принцип двойного вхождения базисных компонентов в систему;
- функциональная полнота, минимизация и оптимизация компонентов образования;
- принцип преемственности ступеней образования;
- дифференциация и интеграция компонентов образования.

В силу своей общности данные принципы в структурировании содержания полиязычного образования представляют собой нормативный инвариант. Отметим особо принцип двойного вхождения знаний, так как процесс овладения несколькими языками будет эффективным, если эти же языки выступят не просто объектом познания, но и его средством, т.е. обучение языку осуществляется через язык обучения.

В целом, принципы структурирования содержания образования, обоснованные в концепции В.С.Леднева, в своей совокупности применительно к полиязычному образованию представляют собой методологически значимый инвариант инструментария отбора его содержания, который в дополнении с базовым комплексом принципов отбора содержания языкового образования постепенно должен «обрас-ти» периферийной оболочкой специфических приемов и способов построения содержания полиязычного образования. В полной мере это относится и к непрерывному полиязычному образованию.

Не меньший интерес в качестве теоретических предпосылок рассматриваемого явления представляют научные разработки Ханбабаева К.М., которые связаны с определением принципов и задач непрерывного образования.

Так, по мнению ученого, в основе функционирования непрерывного образования лежат такие принци-пы, как принцип гуманизма, принцип демократизма, принцип мобильности, принцип опережения, прин-цип открытости, принцип непрерывности и др. **Принцип гуманизма** свидетельствует об обращенности образования к человеку, о свободе выбора личностью форм, сроков, видов обучения, самообразования; **принцип демократизма** предполагает доступность образования в любом возрасте в соответствии с интересами, возможностями и потребностями; **принцип мобильности** выражается в многообразии сред-ств, способов, организационных форм системы непрерывного образования, их гибкости и готовности к быстрой перестройке в соответствии с изменяющимися потребностями производства, общества, челове-ка; **принцип опережения** требует более быстрого и гибкого развития, перестройки учебных заведений и учреждений системы непрерывного образования по отношению к нуждам общественной практики, мобильного обновления их деятельности [8].

Благодаря этим принципам все звенья системы непрерывного образования находятся во взаимосвязи и взаимодействии друг с другом, и это объективно способствует целостности системы, ее единству. Целост-ность образовательной системы означает, что в ее структуре нет более или менее важных звеньев. Все они вносят свой вклад в решение общих задач обучения и образования. Предложенная система принци-пов непрерывного образования не является исчерпывающей.

Итак, понимание сути вышеприведенных принципов, их сложной взаимосвязи позволяет трактовать непрерывное образование как целостный процесс роста образовательного, профессионального и общего потенциала личности в течение всей жизни, система непрерывного образования – совокупность образова-тельных программ, обеспечивающих единство, преемственность и взаимосвязь всех элементов образова-тельной системы.

К теоретическим предпосылкам моделирования непрерывного полиязычного образования, безусловно, и этнолингводидактический подход, в предыдущих исследованиях обоснованный нами как методологи-ческое обеспечение полиязычного образования. Непрерывное полиязычное образование в этом плане не составляет исключения. Поэтому вся совокупность основополагающих принципов (принцип «двойного вхождения знаний»; принцип функциональной активности языков в

этнокультурном образовательном пространстве; принцип сбалансированности государственного и официального языков в содержании образования), специализированных методов и специфических средств данного подхода неизменно находится в основе и непрерывного полиязычного образования.

Итак, факторами и теоретическими предпосылками моделирования непрерывного полиязычного образования являются:

– концепты языковой, вторичной языковой и полиязыковой личности, последний из которых, интегрируя в себе два предыдущих, выполняет двойную функцию – выступает как цель и результат непрерывного полиязычного образования и как основной потребитель образовательных услуг в этой области;

– принципы структурирования содержания полиязычного образования.

В целом, выявление факторов полиязычного образования в Казахстане было проведено нами с учетом:

– принципа историзма, объясняющего необходимость использования генетического и диахроматического методов при установлении историко-педагогических предпосылок зарождения искомого нами явления;

– принципа системности, обусловившего опору на системный и структурно-функциональный анализ в построении теоретической базы концептуализации полиязычного образования;

– комплексного подхода, репрезентировавшего актуальность применения совокупности функционального и факторного анализа социолингвокультурологических концепций для определения социально-педагогических условий становления полиязычного образования.

1 Леднев В.С. *Содержание образования: сущность, структура, перспективы.* – М.: Высш. шк., 1991. – 224 с.

2 Халева И.И. *Основы теории обучения пониманию иноязычной речи (подготовка переводчика).* – М.: Высш. шк., 1989. – 238 с.

3 Трубайчук Л.В. *Реализация принципа преемственности в Образовательной системе «Школа 2100»* / Л.В. Трубайчук // *Начальная школа плюс До и После.* – 2007. – № 5. – С. 11–15.

4 Бунеева Е.В., Комиссарова Л.Ю., Курцева З.И. *Реализация принципа непрерывности и преемственности образования (на примере курсов русского языка и риторики)*

5 Жетписбаева Б.А. *Полиязычное образования: теория и методология.* - Алматы: Білім, 2008. – 343 с.

6 Жетписбаева Б.А. *Казахстан: образование в условиях полиязычия // Педагогика.* - М., 2008. - №6. - С.124-125

7 Новиков А.М., Новиков Д.А. *Методология.* – М.: Синтез, 2007.

8 Ханбабаев К.М. *Основные принципы и задачи непрерывного образования.*

Түйін

Бұл мақалада көп тілді меңгерген тұлғаны жан-жақты дамыту мен оларға үздіксіз білім берудің қағидаттары, сонымен қатар үздіксіз көптілділік білім беруді модельдеудің факторлары мен теориялық алғышарттары жайлы айтылады.

Resume

The article reviews the prerequisites of a comprehensive development of polylingual personality, principles of lifelong education also the factors and theoretical preconditions of continuous modeling of polylingual education.

МҰҚАҒАЛИДЫҢ ОТАН, ТУҒАН ЖЕР, ХАЛЫҚ ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ӨЛЕНДЕРІНДЕГІ БАҚЫТ ҰҒЫМЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Ә.Бияздықова –

Абай атындағы ҚазҰПУ магистратура және PhD докторантура институтының докторанты

«Ғасыр ақыны» атанған Мұқағали өлеңдері – өзінің мазмұны, тақырыбы, көтерген мәселелері жағынан өміршең туындылар. Оның өлеңдерін оқи отырып, көкейінде жүрген түрлі ойлар мен адам бойындағы әрқилы сезімдердің өлең боп өрілгеніне қайран қаласың. «Күпі киген қазақтың қара өлеңін шапан жауып өзіне қайтарған» киелі ақынның кез келген өлеңін алып қарасаңыз да өзінің қарапайымдылығымен, әр жолының көңілге қонымдылығымен, сыр-мұңынды дөп басып айта білуінің кереметтігімен ерекшеленеді. Шынымен де ақын өлеңдерін бала да, жас та, қарт та қиналмай оқып, өзіне керегін алып отырады. Өлең-нің құдіреттілігі өзінің тыңдаушысын, оқырманын таба білуінде, оның қай заман, қай ұрпақ болсын таңырқамай қабылдай алуында жатыр. Сол себепті ақын туындылары оқуға жеңіл, көңілге түюге тұшым-ды. Жаттап алып, бойтұмарындай жадында сақтаудағы кереметтілігін қазақтың тоғыз буынды қара өлеңінің құдіреттілігі деп түсіну қажет. Қара өлеңді халқына табиғатын сақтай отырып ұсыну – кез келген ақынның шеберлігімен берілетіні ақиқат. Сол сияқты Мұқағали да өз өлеңдерінде халқының дүниетаны-мын, оның ұлттық ерекшелігін, қайғысы мен мұңын, қуанышы мен арман-тілегін жырлай отырып, осы мәселелерді халықтық деңгейге көтереді. Отан, туған жер, атамекен, достық, махаббат, сүйіспеншілік, қайғы-мұң, қуаныш, арман, бақыт, сезім, сенім секілді ұғымдар ақын шығармаларында басты тақырыптар болып өрілген. Ақынның Отанға, туған жері-алтын бесігіне деген кіршіксіз сүйіспеншілігі, достыққа, махаббатқа адалдығы, көтерген қайғысы мен мұңы, шаттанғандағы бақыты мен арманы, қуанышы кез келген көңілі ояу жан үшін халықтың атынан айтылған болары хақ. Сондай үлкен ауқымды тақырып-тардың бірі – Мұқағали өлеңдеріндегі бақыт ұғымы.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «**Бақыт** – адамның тілегінің орындалып, қуанышқа кенелуі» /1.103/ деп берілсе, қазақ әдеби тілінің сөздігінде «**Бақыт**. зат. 1. *Бақ, зор қуаныш, шаттық. Бақыт іздеп несіне шаршағамын!?* Қасымда жүр екен ғой аңсағаным. О, менің ән-самалым, жан-сонарым! Тамсана-мын, Тіліңнен бал сорамын (М.М.). 2. Адамның өмір қызығы мен қуанышына, рақатына қанағаттану дәрежесін танытатын этикалық ұғым. Бақыт – көп мағыналы ұғым. 1) бақ-дәулет, «қолға қонған күс», ырыздық; 2) қуаныш, ләззат, рақат; 3) жақсылыққа, ізгілікке жету, даналық; 4) өмірден өз орнын табу, толыққанды тұлғаға айналу» /2.646/ делінген.

Ал Мұқағали өлеңдеріндегі бақыт ұғымы қалай өрілгендігіне тоқталайық.

*Ең бірінші бақытым — Халқым менің,
Созан берем ойымның алтын кенін.
Ол бар болса, мен бармын, қор болмаймын,
Қымбатырақ алтыннан нарқым менің.*

*Ал, екінші бақытым —Тілім менің,
Тас жүректі тіліммен тілімдедім.
Кей-кейде дүниеден түңілсем де,
Қасиетті тілімнен түңілмедім.*

*Бақытым бар үшінші — Отан деген,
Құдай деген кім десе, Отан дер ем!
...Оты сөнген жалғанда жан барсың ба?
Ойланбай-ақ кел дағы от ал менен...*

*Үш бірдей бақытым бар алақанда,
(Мені мұндай бақытты жаратар ма!)
Үш күн нұрын төгеді аспанымнан,
Атырау, Алтай, Арқа, Алатауға!!! /645-646 б/.*

Бұл – ақынның «Үш бақытым» өлеңі. Өлеңнің өзінде айтқандай ақынның үш бақыты да – киелі, құдіретті. Алақандағы үш бірдей бақытын күннің нұрына теңейді. Оны ешнәрсемен айырбастау мүмкін емес. Ақын үшін бақыт – ең алдымен оның халқы – қазағы. «Ең бірінші бақытым – Халқым менің» деп өзі де халқын алғашқы бақыты деп санайды. Ақынға халқынан артық алтынның керегі жоқ. Мұқағали Мақа-таевтың осы өлеңін көп жандар жатқа біледі. Неге? Кеудесінде жүрегі бар адам үшін

Халықтан асқан байлықтың, бақыттың керегі жоғын біледі. «Әліпті таяқ деп білмейтін наданға» да халық керек. Қашан да Халық – ұлы, Халық – дана. Сол сияқты «Елім» деген өлеңінде:

Елім!

Саған ғашықтың.

Ғашықтың саған:

Құмарымды қандырмап едім.

Батыр болып, бақ қонып, асып тұрса адам,

Қаруы жоқ құлтың ғой алдыңда сенің./46/

- дейді. Халқымыздың даналығында айтылып жүрген «Бақ қайда барасың? – Ынтымағы жарасқан елге барамын», «Көптен бақыт құтылмас», «Құт қонған елде Қызыр қыдырып жүреді», «Өзін өзі билеген ел бақытты, Өзін өзі білген ер бақытты» деген мақал-мәтелдер – ақын өлеңдерінің дәлелі. Ақын халқы барда өзіне де бақ қонып, құт дарып, бақытты ғұмыр кешетіндігін айтады. Жоғарыда айтқандай, ақын Халқы-ның айтқанын өзіне жауһар етіп қайтарып беріп отыр. Сол секілді «Елім барда» деген өлеңінде:

Не сыйлайды, не береді келер күн?!

Неде болса тірі тұрсам, көрермін.

Желідегі құлынымын мен елдің,

Көгендегі қозысымын мен елдің.

Не сыйласын, несін берсін ел маған?!

Тұрсақ екен елім де аман, мен де аман.

Таулар – менің таусылмайтын бақытым,

Ал ырысым – ұлан-ғайыр кең далам.

Не істемекпін алтын, гауһар, жақұтты,

Оларды іздеп өткізбеспін уақытты.

Мен бақытсыз бола қойман сірә да,

Туған елім болса екен бақытты./485-486/

- деп «тауды таусылмайтын бақытқа», «ырысты – ұлан-ғайыр далаға» теңеп, өзінің бақытынан елінің бақытын жоғары қояды.

Мұқағали ақынның келесі бақыты – қазіргі кезде күнде айтып, жазып жауыр болған қасиетті Тіл. Қылышынан қан сорғалаған кеңестік кезеңнің өзінде «Ал, екінші бақытым – Тілім менің, Тас жүректі тіліммен тілімдедім» - деп шартарапқа жар салған. «Тіл – халық жанының кілті». Қазақ тілі – ата-бабамыздың, анамыздың, әкеміздің, балаларымыздың, «қазақ» деген халықтың Ұлы тілі. Ақын Тіл жоғалмасын, өшпесін деп жаны қиналады. «Дүниенің бәрінен түңілсе де, қасиетті тілден» бас тартқан емес. Қасиетті тілмен халқына өлмес жыр – бай мұра қалдырды. Қазіргі таңдағы тілдің қолданысы мен болашақта дамуына алаңдап отырған біз үшін бұл біздің де басты бақытымыз болу керек.

Отан-ана, туған жер, кең дала, асқар тау, атамекен, құтты қоныс – ақын өлеңдерінің тең жартысына жуығында толғанатын тақырып. Мұқағали үшін Отан – киелі, қасиетті, қастерлі. Сол Отанның баурайын-да «түтін түтет, өс, өрбі, көгер». Ал егер оқ сұрап қарсы шықсаң, Отаныңды сатқаның. Бақ та, бақыт та, құт та осы Отаннан тарайды. Отан – Мұқағалидың үшінші бақыты емес, ең алғашқы бақыты. Оның себебін төмендегі жыр жолдары дәлелдейді. Мысалы, «Отан» деген өлеңін алып талдасақ:

Отан!

Отан!

Сен болмасаң, не етер ем?

Мәңгілікке бақытсыз боп өтер ем,

Өмірден құр өксімен кетер ем /348/

- дей келіп, құс екеш «құс ұясыз, жыртқыш інсіз болмайды», «әкесіз, баласыз, әйелсіз өмір сүруге болады», Отансыз өмір сүрген адам «нағыз сорлы». «Отанның не екенін білесің бе?» деп сұрақ қоя отырып, өзі жауап береді. Ешқашан екі Отанның болуы мүмкін емес екендігін айтады. Қасиетті Отан деген ұғымды «Құт мекен», «Бақ мекен» деп жырлайды.

Құтты мекенге қанатын көктен жайған күн,

Осынау жерге кіндігімменен байландым.

Байырғы қазақ бастарыңа кеп бақ қонған,

Мерекелеріңнен, берекелеріңнен айналдым

- дейді ақын өзінің «Құт мекен» деген өлеңінде /466/. Аты айтып тұрғандай Отан құтты, ырысты, берекелі, киелі, қасиетті мекен екендігін басты ұғым деп таниды. Сол сияқты «Бақ мекен» (Тың көтерген ерлерге) деген жыр жолдарында да:

Құт мекен,
Ырыс мекен,
Асыл мекен,
Ақ бидай ақтарылған шашу ма екен?!
Бабаларым аңсаған бақыт деген
Байқасам бүгін менің қасымда екен.

Ырыс ағып жатыр зой,
Ырыс ағып,
Бақ мекеннен барша жұрт тыныс алып.
Бақ мекенде қанша жұрт туысады,
Достасады алдында ұлы іс алып.

Сен – ерліктің мекені шынықтырған,
Еркіндікпен, еңбекпен тынықтырған.
Маңдай терім – далаңда шығып тұрған,
Шайқалмаған бақытым тұнып тұрған.../497-498/

- деп, бабаларымыз өзгенің құрсауында қалмаса екен деп соншама ғасыр қорғаған осынау кең байтақ жердің, не ексең, сол шығатын, сары алтыны-астығы мен ақ алтыны-күріш, мақтасы жайқалған құтты мекеннің осыншама кеңдігіне, мамыражай, бақытты екеніне тамсанады. «Бақыр қазан қайнаса – бәріміз-дің бағымыз, Туған жердің әр тасы – біздің алтын тағымыз» деген екен дана халық. Осындай жерде бақыр қазанның қайнауы да біз үшін құт.

Жақсыаттанды демессің, сүйем десем,
Табынатын тәңірім, ием де – сен.
Адам болып күн кешу қиын маған,
Арқа тұтып өзіңе сүйенбесем.

Сен менің сүйегім мен қанымдасың,
Жанымдасың, ұятым, арымдасың.
Саған деген махаббат дамылдасын,
Тек сенің топырағыңды жамылдасын.

Өзіңше түсің де ерек, ісің де ерек,
(Сырым бар саған айтар ішімде көп).
Қомағай көзімді бір тойдыра алмай,
Қорқамын бәрі осының түсім бе деп.

Қазақстан!
Пай, пай, пай!
Ардағым-ай!
Сен менің Шолпанымсың жанған ұдай.
Өзіңде өмір сүрген қандай бақыт,
Өлмейтін махаббатым, арманым-ай!.../498-499/

- деп жырлайтын «Қазақстан» өлеңінде өзінің Отанына деген бар махаббат, сүйіспеншілігін осы жол-дарға сыйғызып, көктегі ең жарық жұлдыз – шолпанға теңеп тұр. Отан – ақын түсінігінде Құдай, Тәңірі, Ие. Бұдан артық теңеудің қажеті де жоқ.

Отанды сүю деген қасиетті ұғымның не екенін ақын «Отан» деген жырында былай дәріптейді:

Мен оның түнін сүйем, күнін сүйем,
Ағынды өзен, асқар тау, гүлін сүйем.
Мен оның қасиетті тілін сүйем,
Мен оның құдіретті түнін сүйем.

Бар жәндігін сүйемін қыбырлаған,
Бәрі маған: «Отан!» деп сыбырлаған.
Жаным менің,
Кеудемді жарып шық та,
Бозторғайы бол оның шырылдаған!.../64/.

Ал, «Рахмет, Дала!» өлеңінде:

*О, менің Жерұйығым,
Асан атам іздеген!
Қатыгез кездерінде
Қасиетті халқым сенен күдер үзбеген,
Сенен бақыт іздеген.../45/ дей келіп,
Ұлы Далам, не деген керім едің,
Жаратқан зой бағым сені менің*

– деген жолдармен аяқтайды. Асан қайғы «қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын заман» мен Жер-ұйықты іздеген, бала кезінде туған жерінде жусан иісін иіскеп, кейін құл ретінде сатылып, түрлі қанды жорықтарда өзінің батырлығын, мықтылығын көрсетіп, құлдықтан босанып, барша елді аузына қаратқан патша, шау тартқан шағында далада серуендеп жүріп мұрнына келген жусан иісінен бар дәулетін, патша-лығын тастап, туған жеріне ат басын тіреген Бейбарыстың қасиетті Отанынан бақыт тапқанын тарихтан білеміз. Сондықтан ақын не көрсек те халқымызбен, Отанымызбен бірге болуымызды дәріптейді.

Ақын «Ерлікті аңсаймын» деген өлеңінде Ұлы Отан соғысы басталғанда он жаста болғанын, Отанын қорғауда талай жас қыршыннан қиылып мерт болғанын, сол боздақтардың ішінде «мен үшін жанын жауға берген» әкесінің де «өзі өліп», баласын «артына қалдырғаны» туралы жырлайды. Отан үшін ерлік көрсеткен ерлерге табына отырып, Отанына:

*Саялы Отан!
Сайратып тіл бергенің,
Салауатты, салмақты үн бергенің –
Бақ бергенің, басыма күн бергенің!
Бұл бағымды бұзбақшы кімдер менің /148/*

- деп, Отанның құдіреттілігінің арқасында бақ бергенің, сол бақты фашист сияқты жаулардың бұзбақ-шы болғанын тілге тиек етеді. Мұндағы ақынның бағы – сайраған тіл, салауатты, салмақты үн. Осы бақтар арқылы Отанына алғыс айтады.

Ақын барлық арман-тілегін Отанынан сұрайды, Отанына келіп мұңын шағады. «Отаным, саған айтам» деген өлеңінде:

*...Сүріну бар да, самғау бар,
Тірлікте кейде арбау бар.
Отаным, саған айтамын:
Менде бір аппақ арман бар.
Ақтығы алғаш жауған қар.
Өмір бер маған аздаған,
Бақыт бер маған аздаған! /318/*

- дей келіп, Отан үшін ешнәрседен тайынбайтынын айтып ағынан жарылады. «Ошағы сөнбей қоздаған, аз ғана жалын», кей-кейде тасынып кетсе кешірім сұрайды. Ары қарай:

*...Қуанышыңда туылдым,
Ақ сүтіменен жуындым.
Шаршысын байлап ер жеттім,
Алқызыл Арда туыңның!
Отаным, сенің саяңда,
Құрық көрмеген құлынмын!*

*Жалғыз-ақ... Жалғыз арманым –
Сенесің бе, Отан?
Ақ жаным!...
Арқаңда сенің ардағым,
Ақ нұрға толы жан-жағым.
Аппақ нұр атқан таңдарым
Ақ жаным – жалғыз арманым!...
Тусам да сендей асылдан,
Мұңаям кейде, жасырман.
О, менің жалғыз бақытым,
Табылсаң болды қасымнан /322/*

- деп Отанды өзінің жалғыз бақытына санайды.

Ақынның кіндік қаны тамған, ақындықтың құдіретін дарытқан туған мекені – Қарасаз. Туған жеріне, оның көрсе көз тоймайтын көрікті сұлулығына, суының қасиетіне деген риясыз көңілін

«Қарасаз» өлеңінде былай деп жырлайды:

*Мен бақыттымын,
Бақытты жерде туылдым.
Айналайын Қарасаз,
Қасиетінен суыңның!*

*Сенің әрбір бұлағың
Менің әрбір қан тамырым емес пе?
Қасиетті тұғырым,
Қасиетінен суыңның!*

*Көктемде үйрек ұшып, қаз қонып,
Қараушы едім тырналарға мәз болып.
Жыр қыстап туылмас ем, сірә, мен,
Жаралмасаң өзің Қарасаз болып.*

*Сонау жатқан жасыл тауды көлденең
Алғаш рет ес білгенде көрген ем.
– Асқар таудың ар жағында ел бар, - деп
Әжем айтса, әй, сәбилік, сенбегем.*

*Қарасазым!
Айтылмаған сөзім ең,
Мен іздеген бақыттың сен өзі ме ең?
Сенің гажжап табиғатыңды кімге айтам,
Кім құмартса, өзі көрсін көзімен.../100-101/.*

Қарасаздай әдемі, сұлу жерде дүниеге келген ақын өзін бақытты сезінеді. Бармақтай ғана бақ іздеген ақын үшін туған жер – оның бақыты. Сол себепті ол «мен іздеген бақыттың сен өзі ме ең?» деп толғанады.

Ақынның Отан, туған жер, халық, ел туралы жазған өлеңдері өте мол десек, басқа өлеңдеріне қараған-да дәл осы тақырыпта жазған жырларында бақыт сөзімен қатар, бақ, құт, тәлей сөздері өте көп кездеседі. Атап айтар болсақ: «Қайғылар, Мұндар, Бақыттар» (Менің Отаным), «Бір Отанда бірге Бақыт тауыппыз» (Сен Батыста, мен Шығыста), «Сенен бақыт іздеген»; «Жаратқан ғой бағыма сені менің» (Рахмет, Дала), «Батыр болып, бақ қонып, асып тұрса адам» (Елім), «Мен бақыттымын, Бақытты жерде туылдым», «Мен іздеген бақыттың сен өзі ме ең» (Қарасаз), «Бақыты ғой мына құмның, мына елдің, Тәлейіне табиғаты сыйлаған» (Жойқын дейді), «Бақ бергенің, басыма күн бергенің! Бұл бағымды бұзбақшы кімдер менің» (Ерлікті аңсаймын), «Жадыға кеп жалпақ жаз, бақ-мекенің» (Тауға келсең), «Бақыт бер маған аздаған»; «О, менің жалғыз бақытым» (Отаным, саған айтам), «Мәңгілікке бақытсыз боп өтер ем» (Отан), «Басына бақ дарыған» (Жездіде), «Байырғы қазақ, бастарыңа кеп бақ қонған» (Құт мекен), «Таулар – менің таусылмайтын бақытым»; «Мен бақытты бола қойман сірә, Туған елім болса екен бақытты» (Елім барда), «Құт мекен»; «Бабаларым аңсаған бақыт деген»; «Бақ мекеннен барша жұрт тыныс алып, Бақ мекенде қанша жұрт туысады»; «Шайқалмаған бақытым тұнып тұрған» (Бақ мекен), «Өзінде өмір сүрген қандай бақыт» (Қазақстан), «Өмірдің елім, бағысың» (Өрге тарт, өр елім!), «Бақытым бар үшінші – Отан деген»; «Үш бірдей бақытым бар алақанда, Мені мұндай бақытты жаратар ма?!» (Үш бақытым). Ақын бақыт, бақ, құт сөздерін құбылтып, әр өлең жолында өзінің мағынасын жоғалтпай, Отан, халық, ел деген қасиетті ұғымдардың аясында бейнелі қолдана білген. Аталған сөздер тұрақты тіркес құрамында (бақ қонып, бақ дарыған, бақ мекен, құт мекен т.б.), туынды мағынаға ие болып (бақытты, бақытсыз т.б.), грамматикалық мағыналарға (бақыттар, бағымды, бағысың, бақытым т.б.) ұласып, сәтті қолданыс табады. Бұдан біз ақынның бақыт деген ұғымды жоғары бағалай отырып, оны осындай қасиетті ұғымдарда (Отан, туған жер, халық, ел, ұлт, туған тіл) қолданғанын, ол үшін бақыт деген осы киелі ұғымдар екенін білеміз. Осы талдаулардан біз Мұқағали ақынның Отанын беріле сүйетіндігіне, мұңайса, Отанына келіп мұңын шағатынына, қуанса, Отанымен қуанатынына, бақытын тек Отанынан табатынына көз жеткіземіз.

Мұқағали Мақатаев өз жырларында көтерген ұлт, Отан, тіл тақырыптары – қай заманда болмасын өлмес киелі ұғымдар. Қазақ деген ұлт болып қалыптасып, жері, тілі жаралғаннан бастап бұл ұғымдар ұрпақтан ұрпаққа беріліп, олардың мәні мен маңызы заман өткен сайын артып отырған. Болашақта да бұл ұғымдар әр ұлтжанды азаматтың жүрегінде «ұлттым», «Отаным», «тілім» деп соғып тұруы хақ. Ақын өлеңдері келер ұрпақты осы бағытта тәрбиелеуде үлкен орын алады. Ұлтын, тілін, Отанын сүйген ұлтжанды азаматтың жүрегінде осындай киелі ұғымдар оттай лаулап тұрса, қазақ деген Ұлы

халықтың жоғалмасы анық.

1. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Жалпы редакциясын басқарған Т.Жанұзақов. – А.: Дайк-Пресс, 2008. - 968 б.
2. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. II том А-Б. – А.: Арыс. 2006. - 617-649 б.б.
3. Мұқағали. Жыр кітабы. Құрастырғандар: Б.Айдарова, Қ.Ботбай. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2012. – 1032 б.

Резюме

В статье рассматриваются понятие счастья в произведениях М.Макаатаева

Summary

The article discusses the concept of happiness in the works M.Makataeva

СТРУКТУРНЫЕ ОСОБЕННОСТИ ТЕРМИНОПОЛЯ «ЭНЕРГЕТИКА» В АНГЛИЙСКОМ И КЫРГЫЗСКОМ ЯЗЫКАХ

А.Ш. Дюшенбаев –

преподаватель Кыргызского государственного технического университета им. И.Раззакова

В данной статье рассматриваются специфические особенности терминополья «энергетика» в английском и кыргызском языках, которые составляют один сегмент, включающий терминологические единицы с одинаковыми или сходными структурно-семантическими характеристиками. По внутренней структуре термины делятся на однокомпонентные и многокомпонентные. В терминосистемах энергетической отрасли сопоставляемых языков наблюдается тенденция к преобладанию многокомпонентных терминов над однокомпонентными.

Многокомпонентные, в свою очередь, подразделяются на двухкомпонентные, трёхкомпонентные, четырёхкомпонентные, где наиболее распространёнными являются двухкомпонентные сочетания, образованные по модели «имя существительное + имя существительное»: англ. – *kilowatt hour “kWh”* (киловатт в час), *aluminum conductor* (алюминиевый провод); кырг. *илиштиргич арматура* – арматура сцепная, *ампер-секунд* (ампер-секунда), *ампер-саат* (ампер-час), *аккумулятор батареялары* (батареи аккумуляторные), *блок тиймектери* (блок контакты). К данной модели в английской терминологии относится 52,6% (“N+N” – 252 единицы из всех найденных терминов количеством 480 единиц в терминологическом глоссарии по электроэнергетике), в кыргызской – 37,54% («имя суц. + имя суц.» - 110 единиц из всех найденных терминов в кыргызском словаре по энергетике) от общего числа двухкомпонентных сочетаний.

В ходе анализа структурного типа «имя прил. + имя суц.» была выявлена определенная разница в количественном отношении по данной модели, английская терминология дает нам 27,9%, кыргызская энергетическая терминология составляет 51,19% от числа двухкомпонентных сочетаний соответствующего языка: англ. – *aerial cable* (воздушный кабель), *amorphous semiconductor* (аморфный полупроводник), *automatic recloser* (автоматический повторный включатель), *auxiliary power* (вспомогательная мощность; кырг. – *асинхрондуу режим* – асинхронный режим, *нарктык баланс* – баланс стоимостной, *гидравликалык турбина* – гидравлическая турбина, *чакан гидроэлектрстанция* – гидроэлектрстанция малая, *акыркы таяныч* – опора концевая, *кайчылаш каражаттоо* – перекрестное субсидирование.

В терминологических словарях кыргызского языка не были обнаружены структурные типы двухкомпонентных сочетаний, содержащие послелогии или союзы. А в терминологии английского языка были изучены и исследованы, что союзы не участвуют в терминообразовании по энергетике, как и в словосочетаниях кыргызского языка, но определены структуры “Prep. + N”, “N. + Prep.”, “V. + Prep.” содержащие предлоги, что представило 0, 62% от общего числа двухкомпонентных терминологических единиц: англ. – *working on* (работа над живыми частями тела, идущие в контакт (руки, ноги или другие

части тела, касающиеся с экспериментальными, исследовательскими инструментами или тестируемыми оборудованиями независимо от личных защитных обмундирований используемых человеком)), *over range* (над одним максимальным уровнем (где применяется правильно установленное условие)), *drop out* (отключать действие реле).

Трехкомпонентные и четырехкомпонентные терминологические единицы в исследуемых языках составляют небольшое количество полилексемных сочетаний. В проведенном анализе были найдены 38 конструкций трехкомпонентных терминологических сочетаний в кыргызском языке где из 226 единиц трехкомпонентных терминологических сочетаний преобладают конструкции по типам «имя сущ. + имя сущ. + имя сущ.» (N+N+N) – 34 единиц, «имя прил. + имя сущ. + имя сущ.» (A+N+N) – 48 единиц, «имя сущ. + имя прил. + имя сущ.» (N+A+N) – 27 единиц, «имя прил. + имя прил. + имя сущ.» (A+A+N) – 23 единиц и 34 конструкций трехкомпонентных терминологических сочетаний в английском языке, где из найденных 241 трехкомпонентных терминологических сочетаний преобладают конструкции по типам A+N+N (имя прил. + имя сущ. + имя сущ.) – 80 единиц, N+N+N (имя сущ. + имя сущ. + имя сущ.) – 60 единиц, A+A+N (имя прил. + имя прил. + имя сущ.) – 39 единиц, N+A+N (имя сущ. + имя прил. + имя сущ.) – 15 единиц. В остальных конструкциях трехкомпонентных сочетаний рассматриваемых языков были обнаружены следующие типы терминологических единиц в незначительных количествах: кырг. – «имя сущ. + имя прил. + гл.» (N+A+V) – 12 единиц, «имя сущ. + имя прил. + имя сущ.» (N+Adv.+N) – 9 единиц, «имя сущ. + имя сущ. + гл.» (N+N+V) – 9 единиц, «имя сущ. + гл. + имя сущ.» (N+V+N) – 7 единиц, «имя прил. + гл. + имя сущ.» (A+V+N) – 8 единиц, «имя прил. + имя сущ. + гл.» (A+N+V) – 5 единиц, «имя сущ. + нареч. + гл.» (N+Adv.+V) – 4 единицы, «имя сущ. + пред. + гл.» (N+Prep.+V) – 4 единицы, «имя прил. + имя прил. + гл.» (A+A+V) – 3 единицы, «нареч. + имя сущ. + имя сущ.» (Adv.+N+N) – 3 единицы, «имя сущ. + гл. + имя сущ.» (N+V+N) – 3 единицы, «нареч. + имя прил. + имя сущ.» (Adv.+A+N) – 2 единицы, «мест. + имя прил. + гл.» (Pron.+A+V) – 2 единицы, «имя сущ. + имя прил. + имя прил.» (N+A+A) – 2 единицы, «имя прил. + гл. + гл.» (A+V+V) – 3 единицы, «имя сущ. + пред. + имя сущ.» (N+Prep.+N) – 2 единицы, «мест. + имя сущ. + имя сущ.» (Pron.+N+N) – 1 единица, «имя прил. + имя сущ. + нареч.» (A+N+Adv.) – 1 единица, «гл. + гл. + имя сущ.» (V+V+N) – 1 единица, «имя чис. + имя сущ. + имя сущ.» (Num.+N+N) – 1 единица, «имя чис. + имя прил. + имя сущ.» (Num.+A+N) – 1 единица, «имя чис. + имя сущ. + имя сущ.» (V+N+N) 2 единицы, «имя сущ. + гл. + гл.» (N+V+V) – 1 единица, «нареч. + имя сущ. + гл.» (Adv.+N+V) – 1 единица, «гл. + имя прил. + гл.» (V+A+V) – 1 единица, «пред. + имя сущ. + имя сущ.» (Prep.+N+N) – 1 единица; англ. – N+V+N (имя сущ. + гл. + имя сущ.) 7 единиц, V+N+N (гл. + имя сущ. + имя сущ.) – 6 единиц, N+Prep.+N (имя сущ. + пред. + имя сущ.) – 4 единицы, A+N+Num (имя прил. + имя сущ. + имя чис.) – 3 единицы, Num.+A+N (имя чис. + имя прил. + имя сущ.) – 2 единицы, Adv.+N+N (нареч. + имя сущ. + имя сущ.) – 2 единицы, A+N+V (имя прил. + имя сущ. + гл.) – 3 единицы, A+Num.+Num. (имя прил. + имя чис. + имя чис.) – 2 единицы, A+V+N (имя прил. + гл. + имя сущ.) – 3 единицы, N+Prep.+N (имя сущ. + пред. + имя сущ.) – 3 единицы, N+N+Adv. (имя сущ. + имя сущ. + имя нареч.) – 1 единица, V+Prep.+N (гл. + пред. + имя сущ.) – 1 единица, N+Adv.+N (имя сущ. + нареч. + имя сущ.) – 1 единица, A+Prep.+N (имя прил. + пред. + имя сущ.) – 1 единица, N+V+Prep. (имя сущ. + гл. + пред.) – 1 единица, A+N+A (имя прил. + имя сущ. + имя прил.) – 1 единица, Num.+N+N (имя чис. + имя сущ. + имя сущ.) – 1 единица, V+Adv.+N (гл. + нареч. + имя сущ.) – 1 единица, N+Prep.+V (имя сущ. + пред. + гл.) – 1 единица, N+Num.+N (имя сущ. + имя чис. + имя сущ.) – 1 единица, Prep.+N+N (пред. + имя сущ. + имя сущ.) – 1 единица, N+N+A (имя сущ. + имя сущ. + имя прил.) – 1 единица.

Данное исследование, основанное на изучении энциклопедических и толковых словарей английского и кыргызского языков, определяет корпус терминов связанных с энергетикой. Отношение к терминологическим сочетаниям объясняется формированием терминов в настоящей энергетической области, где основную работу в обозначении понятий выполняет синтаксический метод, что становится существенной характеристикой английского и кыргызского языков как в целях контекстности, так и в целях экспрессивности.

В ходе исследования было также проанализировано, что в словарях по электроэнергии кыргызского и английского языков каждая одна сочетаемая терминологическая единица

состоит из главного и подчиненного компонентов. Терминологические сочетания подразделяются на номинативные (именные, где главным компонентом является существительное); адъективные (главный элемент, терминологическое слово – имя прилагательное, причастие, числительное); наречные и глагольные.

Терминологические единицы, содержащие один элемент – слово в изучаемых языках, являются достаточно разными по генетике и классифицируются на три основных групп по структуре: простые, аффиксальные и сложные термины, среди которых отличаются по большей численности аффиксальные термины:

– простые : англ. – *bundle* (связка), *cold* (бесточный (провод, аппарат)), *burden* (нагрузка), *client* (клиент), *cell* (элемент), *charge* (заряд), *bus* (провод от основного трансформатора), *ground* (земля), *reel* (шатание), *wire* (проволка, провод), *wye* (соединение звездой), *lead* (свинцовый), *light* (свет), *load* (количество электрической нагрузки необходимое оборудованию), *lube* (машинное масло); кырг. – *кул* (зола), *таажы* (корона), *жез* (медь), *босого* (порог), *меш* (топка), *отун* (топливо), *сезгичтик* (чувствительность);

– аффиксальные: – *electricity* (электричество), *capacitance* (электрическая емкость), *calibration* (калибровка, градуирование, проверка), *concentrator* (концентратор), *bushing* (густо разрастаясь), *conductor* (проводник), *conductivity* (проводимость), *derating* (коэффициент снижения мощности), *dielectric* (диэлектрик), *efficiency* (энергосберегаемость), *feeder* (фидер (распределительная линия электропередачи)), *cover* (покрытие), *frequency* (частота), *fixture* (крепление), *gassing* (отравление газами), *energy* (энергия), *entrainment* (захват), *eutectic* (эвтектика), *extrusion* (вытеснение), *drawing* (тауца), *electrolyte* (электролит), *elongation* (удлинение), *discrimination* (дискриминация), *dolly* (куклом), *luminaire* (светильник), *luminescence* (светимость), *jacket* (жакет), *jamming* (набиваясь битком), *liner* (лайнер), *intermediate* (промежуточное звено), *interruption* (прерывание), *interstices* (промежутки), *intranet* (интранет), *reflector* (отражатель), *refractor* (линзовый телескоп), *regulation* (регулирование), *regulator* (регулятор), *relay* (реле), *array* (множество), *residential* (жилой), *resistance* (сопротивление), *circuit* (цепь), *climbers* (лазы), *hooks* (когти), *connector* (соединитель), *conduit* (трубопровод), *coordination* (координация), *compressed* (сжатый), *armor* (броня), *arrester* (разрядник), *ballast* (цебен), *blowing* (вентиляция), *bonding* (жесткое (проводное неподвижное металлическое) крепление), *booster* (электромонтер), *breaker* (прерыватель); кырг. – *кубаттуулук* (мощность), *ишенимдүүлүк* (надежность), *мамылар* (надолбы), *соргуч* (насос), *тундургучтар* (отстойники), *жылытуу* (отопление), *тосмо* (паранет, плотина), *жабдыгыч* (поставщик), *сыноо* (испытания), *автоматташтыруу* (автоматизация), *коопсуздук* (безопасность), *ажыраткыч* (выключатель), *жердешитиргичтер* (заземлители), *муктажкер* (заказчик), *бекиткич* (затвор), *бууланткыч* (испаритель), *тиймектер* (контакты), *опурталдык* (риск), *аралык* (пролет), *ажыраткыч* (разъединитель), *чыгым* (расход), *жылууландыруу* (теплофикация);

– сложные: – *elbow* (колени, изгиб (буква англ. L, где видима форма изгиба и англ. гл. *bow* – сгибать)), *switchgear* (распределительное устройство), *overcharge* (перезарядка), *horsepower* (лошадиная сила), *hydrometer* (ареометр), *overload* (перегрузка), *polyethylene* (полиэтилен), *polyphase* (многофаза), *raceway* (канал), *gateway* (доступ), *decibel* (децибел), *cutoff* (сокращение), *cutout* (очертание), *flashover* (flashover), *ampacity* (ток амперный), *autotransformer* (автотрансформатор), *bandwidth* (полоса пропускаемых частот), *bikeway* (велосипедная дорожка), *blackout* (выключать свет), *bluetooth* (блютуз (- беспроводное вычисление и телекоммуникационная спецификация, которая определяет, как мобильные устройства вычислений на ПК работают друг с другом и с регулярными компьютерами и телефонными системами в пределах близкого расстояния)), *brownout* (уменьшение освещения (городских улиц с целью экономии электроэнергии)); кырг. – *телеөлчөө* (телеизмерение), *телеберүү* (телепередача), *тележөндөө* (телерегулирование), *түзөткүчтөр* (выпрямители).

Таким образом, анализ структурных особенностей терминополья “энергетика” в английском и кыргызском языках позволяет нам сделать вывод о том, что по внутренней структуре термины делятся на одно-компонентные и многокомпонентные. В терминосистемах энергетической отрасли сопоставляемых языков наблюдается тенденция к

преобладанию многокомпонентных терминов над однокомпонентными. В ходе исследования было также проанализировано, что в словарях по электроэнергетики кыргызского и английского языков каждая одна сочетаемая терминологическая единица состоит из главного и подчиненного компонентов. В соответствии с этим, терминологические сочетания подразделяются на номинативные (именные, где главным компонентом является существительное); адъективные (главный элемент, терминологическое слово – имя прилагательное, причастие, числительное); наречные и глагольные.

1. Алымкулов К. *Энергетика боюнча орусча-кыргызча сөздүк*. – Б.: «Кыргыз энциклопедиясы» башкы редакциясы, 2011. – 152 б.

2. *Glossary of Electrical Terms*. <http://www.youngco.com/young>. (2011)

3. Смагулова А. С. *Специфика терминологического поля в области нефти и газа (на материале английского и казахского языков): 10.02.20 – сравнительно-историческое и сопоставительное языкознание. Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата филологических наук. Республика Казахстан*. – Алматы, 2010. – С. 13-14.

4. Какаева М.Т. *Англис, кыргыз тилдериндеги философиялык жана психологиялык терминдердин салыштырма типологиясы: филол. илим. канд. дис. 10.02.20 / Кыргыз. Респ. Илимдер улуттук акад. Тил илими ин-ту; илим. конс. Б.Ш. Усубалиев*. – Б. 2002. – 203 б.

5. Абыласынова Г. И. *Лингвистические основы деривации математических терминов в русском и кыргызском языках: дис. канд. филол. наук. 10.02.20. / М-во обр. Кыргыз. Респ., И-Кул. Гос. Ун-т им. К. Тыныстанова; науч. Рук. Ж. К. Сыдыков*. – Каракол: Б.ч., 2005. – 168 с.

6. Токтоналиев Ж. *Электротехнический терминологический словарь. (Проект). На кыргызском и русском языках*. – Фрунзе, 1962. – 133 с.

7. Мюллер В.К. *Большой англо-русский, русско-английский словарь. Новая редакция: около 450 000 слов, слово-сочетаний и идиоматических выражений*. – М.: Цитадель-трейд: РИПОЛ классик: Дом. XXI век, 2009. – 1056 с.

8. Алымкулов К., Алымкулов М., Өрдөков И., Токтоналиев Ж. *Русско-киргизский терминологический словарь по электротехнике*. – Ф., 1981. – 330 с.

9. Лейчик В.М. *Особенности функционирования терминов в тексте // Науч. докл. высш. шк. Филол. науки*. – 1990. - №3. – С. 80 -87.

10. Тургунбаев К. *Физикада колдонулуучу эл аралык сөздөрдүн жана психологиялык терминдердин кыскача этимологиялык сөздүгү*. – Б.: «Техник», 1999. – 37 б.

11. Канделаки Т.Л. *Семантика и мотивированность терминов / Т.Л. Канделаки; А.Н.СССР, Ком. Науч. – техн. Терминологии*. – М.: «Наука», 1977. – 167 с.

12. *Физикалык терминдердин түшүндүрмө сөздүгү / М.М. Кидибаев, К. Шаршеев; - КР Улуттук илимдер академиясынын Физика институту*. – Бишкек – 2007. – 442 б.

Түйүн

Берілген мақалада “энергетика” термин өрісінің арнайы ерекшеліктері ағылшын және кыргыз тілінде қарастырылады. Ішкі құрылым бойынша терминдер біркомпонентті және көпкомпонентті болып бөлінеді. Терминологиялық үлесімдер номинативті, адъективті, істеулікті, етістікті болып ажыратылады.

Summary

The paper deals with specific peculiarities of terminological field “energy” in the English and Kyrgyz languages. According to internal structure terms are divided into one-component and multi-component terms. Terminological combinations are subdivided into nominative, adjectival, adverbial, and verbal combinations.

ҚАЗІРГІ ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ ТОҒЫСТЫРУШЫ ҮРДІСТЕР

Қ.Ө. Есенова – Абай атындағы ҚазҰПУ, магистратура және PhD докторантура институты, ф.ғ.д.

Қазіргі ғылымда адам өмірі жөніндегі ақпарат 1-ші орынға қойылып отыр. Онда көрініс табатын адамның психикалық, әлеуметтік, этномәдени ерекшеліктер мен сипаттамалар көптеген пәндердің қарқынды түрде араласуына түрткі болды. Тіпті, қазіргі ғылымда бұрынғы қатаң шектеу жойылып, гумани-тарлық және жаратылыстанымдық білімдер араласып кетті. Түрлі зерттеу бағыттарының ықпалы мен ғылымдар тоғысында шектес пәндер пайда болды. Соның нәтижесінде бұрынғы **біртұтас тіл білімі** сан-салаға тармақталып; социолінгвистика, психолінгвистика, когнитивті лингвистика,

этнолингвистика, паралингвистика, нейролингвистика, лингвомәдениеттану сияқты қызықты да күрделі салалар пайда болып қалыптасты.

Осылардың ішінде ертерек қалыптасқаны **этнолингвистика** болатын. Бұл аса қызықты салада тілдің мәдениетке қатынасы халықтық психологиямен және мифологиямен тығыз байланыста қарастырылады. Сондай-ақ тілдік **этномәдени** және **этнопсихологиялық факторлардың** тіл дамуы мен қолданысы барысындағы өзара әрекеттестігі басты назарда болады. Бұл саланың мамандары әсіресе халықтардың генетикалық туыстығы, тілдік байланыстар, қостілділік, көптілділік, әлеуметтік мәдени факторлардың тіл дамуына әсері рухани этникалық мәдениетті тілдік деректер арқылы қалпына келтіру мәселелеріне ерекше мән беріледі.

Этнолингвистиканың зерттеу нысанын тайпалардың тілдері, атагіл, бабатіл және көне мәдениет нұсқа-лары құрайды. Яғни тілдің лексикалық жүйесінің белгілі бір материалдық мәдени және тарихи кешенде-рімен байланысты элементтері басты назарда болады.

Әсіресе салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарға байланысты тіл материалдары мұндай зерттеулерде үлкен маңызға ие. Сондай-ақ этнолингвистиканың басты мақсаты – тарихи **ретроспектива**, яғни халықтық стереотиптерді әлемнің фольклорлық тілдік бейнесін ашу болып табылады. *Ерді намыс өлтіреді, қоянды қамыс өлтіреді* деген мақалдың бірінші компонентінің мағынасы түсінікті, яғни ер азамат намысы үшін жанын қиюға даяр болады. Ал қоянды қалайша қамыс өлтіреді? Ертеде қазақ халқы аңшылық кәсіпті біршама меңгергені мәлім. Аңды құс салу, тазы жүгірту, мылтық, садақ қаруларын атып алу т.б. тәсілдері кеңінен қолданған. Осы аталғандармен қатар қоян аулаудың мынадай тәсілі болған екен: аңшылар қалың өскен қамысты алдын ала қиғаштап кеседі екен. Осылай алдын ала дайындалған қамысты жерге қояндар-ды қамалап қуып әкеп түсіреді. Табиғатынан үркек жануар соңына түскен адамдар мен тазылардан қаш-қанда осындай кесілген қамыстың үстінен секіруге мәжбүр болады: Алайда қатты екпінмен келген қоян істік қамысқа шаншылып қалатын көрінеді.

Халық тұрмысындағы осы бір көрініс тілімізде мақал-мәтелдер түрінде таңбаланған.

Осылайша халық өмірінің қазіргі кезде ұмыт болған тұстары мен көріністерін тілдік деректер арқылы қалпына келтіру этнолингвистиканың негізгі міндеті болып табылады.

Лингвомәдениеттану – лингвистика мен мәдениеттанудың тоғысында қалыптасқан сала. Онда негізінен халық мәдениетінің тіліміздегі көріністері айшықталады. Аталмыш бағыт тілді мәдениет феномені ретінде қарастырады. Мұнда әлем ұлттық тіл арқылы айшықталатындықтан басты назар ұлттық ментал-дылыққа немесе ойлау жүйесіне аударылады. Зерттеу пәнін мәдениеттегі символдық, эталондық, бейнелі метафоралық мән алған тілдік бірліктер құрайды. Яғни адам санасы әрекетінің мифтердегі, аңыздардағы, салт-дәстүрдегі, фольклорлық және діни дискурстардағы түрлі көркем мәтіндерде, түрлі фразеологизм-дерде, метафоралар мен символдарда және мақал-мәтелдерде қатталған нәтижелері зерделенеді. Демек, лингвомәдениеттануда мәдениет контексіндегі адам мен оның тілі орталық ұғымдар болып табылады.

Аталмыш бағыт соңғы он жылдықта қазақ тіл білімінде ерекше қарқынмен дамып келеді.

Социоллингвистика – тіл білімі, әлеуметтану, әлеуметтік психология және этнография салаларының тоғысында пайда болған ғылыми пән. Онда тілдің әлеуметтік табиғаты, қоғамда атқарған қызметтері, әлеуметтік факторлардың тілге тигізетін ықпалы, тілдің қоғам өміріндегі рөлімен байланысты проблема-лар кешені қарастырылады. Социоллингвистика пәні мынадай 3 түрлі мәнде түсіндіріледі: 1) тіл мен қоғам арасындағы өзара қатынастардың барлық түрлері (тіл мен мәдениет, тіл мен тарих, тіл мен этнос, тіл мен дін, тіл мен саясат, тіл мен бұқаралық коммуникация т.б.); 2) сөйлеушілердің тілдің немесе тіл бірліктерінің қандай да бір нұсқасын таңдауға еріктілігі. Мәселен, қостілділік жағдайы, әдеби тіл және диалект, кітаби немесе ауызекі сөйлеу тілі т.б.; 3) әлеуметтік және жас ерекшеліктеріне байланысты түрлі топтар-дың тілдеріне қатысты ерекшеліктер.

Психоллингвистика – сөз жасалым, сөз қабылдау процестерін тіл жүйесімен байланыста қарастыра-тын ғылым. Онда адамның сөйлеу әрекеті мен психофизиологиялық әрекеті қатар қарастырылып, түрлі психологиялық эксперименттер арқылы тексеріледі. Психоллингвистика зерттеу пәні бойынша лингвисти-қаға жақын болса, зерттеу әдістері бойынша психологияға жақын. Бұл ғылым саласының мақсаты – тілдің психикалық феномен ретіндегі қолданыстық ерекшеліктерін сипаттау және түсіндіру. Мұнда 1-ші тілмен қатар 2-ші тілді де меңгеру және қолдану мәселелері қамтылады.

Когнитивті лингвистикада тіл ақпаратты кодтаушы және тасымалдаушы таңбалар жүйесі ретінде қарастырады. Мұндағы негізгі категория – білімдер қоры, оның түрлері және оларды тілдік құралдар арқылы жеткізу тәсілдері болып табылады. Яғни тіл білімді қаттаушы, сақтаушы, өңдеуші және жеткізуші негізгі құрал ретінде зерделенеді. Когнитивті лингвистиканың басты мақсаты – адамның өзін қорша-ған әлемді қабылдау, категориялау және классификациялау процестерінің, білімдерді жинақтау және ақпаратты пайдаланудың қалайша жүзеге асырылатындығын анықтау және түсіну дегенге салады.

Паралингвистика – сөйлеу әрекеті барысында вербалды құралдарын қатар қолданатын

бейвербалды, яғни бейтілдік құралдарды зерттейтін сала. Шындығында, паралингвистикалық құралдар тіл жүйесіне енгенімен тілдік қарым-қатынасты оларсыз елестету мүмкін емес. Сондықтан да әрбір сөзжұмсамдық бірлікке белгілі бір дәрежеде кіріктірілетін паралингвистикалық құралдарды арнайы зерттеу нысаны ретінде қарастыратын паралингвистика саласының қалыптасуын тіл білімі дамуының қазіргі таңдағы жетістігі деп айтуға негіз бар.

Нейролингвистика неврология мен лингвистиканың тоғысында қалыптасқан, тіл жүйесін адам миы-ның қызметімен байланыста қарастыратын пән. Ол диагностикалық міндеттерге байланысты клиникалық қажеттіліктерден туындаған. Оның негізгі әдісі – науқастың түрлі жағдайлардағы сөйлеу (сұхбат, сурет, әңгімелеу, оқу, жазу т.б.) манерін, тіл қолданысын бақылау болып табылады. Әсіресе қостілді және көп-тілді меңгерген адамдардың миы зақымданғандағы сөйлеу манері немесе тілдік мінез-құлқы нейролинг-вистика үшін маңызды мәселе болып табылады.

Лингвосомиотиканы әрі көне, әрі жаңа бағыт деуге болады. Таңбалар теориясына негізделген ілім қағидаларын тіл біліміне қатысты пайдалану тілдік бірліктердің таңбалық мазмұнын айқындау қажеттілігінен туындады. Мұнда қазіргі тіл ұстанушының ойлау жүйесі мен тілдік бірліктерде қатталған семиоти-калық ақпарат өзара тығыз байланыста қарастырылады. Әсіресе қазіргі тілдік социум үшін түсінілуі күрделі болатын көне жазба нұсқалардағы тілдік бірліктерде айшықталған білімдер қорын ашу, оны туынды авторының түпкі ниетіне орай түсіндіру мәселелеріне қатысты алғанда лингвосомиотиканы **интерпретациялаушы** әдісті қолдану мүмкіндігі орасан.

Қазіргі тіл білімінде ерекше орын алатын қалыптасу үстіндегі салалардың бірі – прагмалингвистика болып табылады.

Медиалингвистиканың қосалқы міндеттерінің бірі бұқаралық коммуникация тілінің стилін анықтау-ға қатысты және оны функционалды-стильдік ерекшеліктер тұрғысынан сипаттау болып табылады.

Бұқаралық ақпарат тілінің күрделілігі, 1-ден, оны мәтін ретінде ұжым жасайтындығымен, 2-ден, бұқа-ралық ақпарат мазмұны бойынша ауызша және жазбаша сөздің бүкіл түрлерін қамтитындығымен түсіндіріледі. Сондықтан ауызша сөзжұмсамның, әдебиеттің және жазба тілінің барлық ерекшеліктері бұқаралық ақпаратқа қатысты болады. Сөйтіп бұқаралық ақпарат жасалу тәсілі бойынша кешенді және ауызша-жаз-баша дереккөздері бойынша өте ауқымды мәтін болып табылады.

БАҚ тіліне бірлік, тұтастық тән десек, бұл бұқаралық қатысым саласындағы сөзжұмсам ерекшеліктеріне, формаларының қалыптатылуына, тақырыптық құрылымының тұрақтылығына байланысты. Ал БАҚ тілінің функционалды-стильдік әртектілігі ондағы тақырыптың әмбебаптылығына, бұқаралық ақпарат мәтіндерінің ашықтығы мен өзгермелілігіне, яғни оның сөзжұмсам қолданысының барлық өзге салалары-мен өзара әрекеттестікте бола алатындығына байланысты болады.

Бұқаралық қатысым тілінің стильдік мәртебесін анықтау мәселесінің екі жағы бар:

1) Бұқаралық қатысым тілі қалыптасқан функционалды стильдер жүйесіндегі дербес, стильдік жаса-лым ретінде:

2) Массмедиа тілінің ішкі функционалды-стильдік дифференциация межелеуіштері [1,39].

Газет тіліне деген қызығушылықтың болуы заңды, себебі, 1-ден, газет БАҚ ішіндегі ең байырғысы, онда жалпы бұқаралық қатысым тіліне тән негізгі стилистикалық тәсілдер мен құралдар қалыптасқан; 2-ден, газет мәтіндері материалды лингвистикалық сипаттау жағынан анағұрлым ыңғайлы және қол жетімдісі болып табылады. Оны радио немесе бейне материал сияқты алдын ала жауап алу, кейін қайта қарау қажет емес. Бұлардан бөлек газет мәтіндерінің корпусын БАҚ-тың барлық қалған түрлерімен салыстырғанда, газет өзгелерден едәуір ортақ болып шығады. Сөйтіп, БАҚ-тың жалпы кешенінде (оған газеттен бөлек журнал, радио, теледидар, кино және бұқаралық аудиториямен қарым-қатынас жасаудың басқа да жаңа формалары жатады) газеттің рөлі айрықша маңызды болып табылады. Бұл газеттің күнделікті қолжетімділігімен, ақпаратты көппрофильді таңдау диапазонының ауқымдылығымен, әрбір санының синхронды көп қырлылығымен, материалының қолданушы үшін ыңғайлы формада берілуімен байланысты [2].

Газетте бұрын тар шеңберде қолданылатын терминологиялық лексиканың едәуір бөлігі жалпы тілдік бейімделу процесінен өтеді, түрлі стильдердің белгілі бір сөзжұмсамдық элементтерінің қолданылу жиілігі артып, жалпы стильдік ағынға қосылып кетеді, онда ішінара бейтараптанып, жаңа стилистикалық тұтастықты құрайды. Оның басты конструктивті принципі түрлі стильдер элементтерінің тіркесімі болып табылады.

Сөйтіп, газети-публицистикалық стильді жүйелі түрде сипаттаудағы негізгі қиындық оның нысан мен проблемалар шеңберінің алуан түрлілігін бейнелейтін жинақтаушы табиғатымен байланысты болып шығады. Ол көпжанрлық пен көпстильділіктен көрініс табады. Мысалы, А.Н.Васильева «Газетно-публицистический стиль речи» деген еңбегінде 11 подстиль көрсетіледі: ресми-ақпараттық және ақпараттық-іскерліктен бастап репортаждық пен экспрессивті публицистикалыққа дейінгі стильдер түрлерінің әрбірін автор тұтас әрі іштей тұйықталмаған жүйе ретінде қарастырады. Мұнда

подстильдердің саны қанша екені маңызды емес, ол мәтіндік кеңістіктің қай бөлігін өлшеуге қатысты қандай параметрлер жүйесінің қолданылуына байланысты өзгеріп отырады [3].

XX ғ. 70 жылдарынан бастап тілдің бұқаралық қатысым саласындағы қолданысына арналған зерттеулер көптеп жарық көре бастады. Оларда бұқаралық ақпарат мәтіндері әртүрлі мектептер мен бағыттар шеңберінде қарастырған: социоллингвистика, функционалды стилистика, дискурс теориясы, контент-талдау, когнитивтік лингвистика, риторикалық сын т.б.

Ғалымдар сан алуан проблемаларға назар аударған: БАҚ тілінің функционалды-стиль мәртебесін анықтау, әртүрлі медиа-мәтін типтерін сипаттау тәсілдері; социомәдени факторлардың медиасөзжұмсам-ға тигізетін ықпалы, әсер етудің лингвомедиялық технологиялары.

Медиалингвистиканың іргетасын қалаған ресей ғалымдары қатарына С.И.Бернштейн, Д.Н.Шмелев, В.Г.Костомаров, Т.Я.Солганик, А.Н.Васильевалар жатқызылса, шетел ғалымдарынан Т.ван Дейк, Мартин Монтгомери, Алан Белл, Норман Фейерклаф т.б. есімдерін арнайы атаған жөн.

Ал қазақстандық ғалымдардан Б.Әбілқасымов, О.Бүркіт, Ш.Мәжітаева, Б.Момыновалардың еңбектері БАҚ тіліне арналғаны белгілі. Медисөзжұмсамға арналған зерттеулер саны көбейген соң бұл саланы зерделеу ісі жаңа сатыға көтерілді. Сөйтіп БАҚ тілін зерттеуде жүйелі кешенді тәсілді қолданатын **медиалингвистика** қалыптасты.

«Медиалингвистика» атауы түрлі ғылымдардың тоғысында пайда болып, қалыптасатын көптеген жаңа академиялық пәндердің атауының үлгісі бойынша жасалған: социоллингвистика, этнолингвистика, медиа-психология т.б. Бұлардың барлығы пәнаралық сипаттағы білім салалары. Олар екі түрлі ғылыми бағыт-тардың теориялық негіздері мен әдіснамасын біріктіреді. Социология мен лингвистика, этнография мен лингвистика, БАҚ пен психология.

Медиалингвистиканың терминологиялық аппараты лингвистика, социология, психология, журналистика, мәдениеттану т.б. сияқты негізгі гуманитарлық пәндердің терминдерімен қатар пайдаланады. Медиалингвистиканың терминологиялық аппараты әлі қалыптасу сатысында екендігіне қарамастан, БАҚ тілінің қолданысын сипаттауда кеңінен жұмсалып жүрген бірқатар терминдерді бөліп көрсетуге болады. Бұлар, негізінен, «медиа» лексикалық негізі арқылы жасалған сөздер мен сөз тіркестері болып келеді: *медиа-мәтін, медиасөзжұмсам, медиаландшафт, лингвомедиялық белгілер мен сипаттамалар, әсер етудің лингвомедиялық технологиялары, медиакеңістік, медиатүсінік, галамның медиа бейнесі медиалық белгілер, медиа ағын, т.б.* Сонымен медиалингвистикаға қатысты негізгі пән құраушы компоненттердің қазіргі ахуалына талдау жасау арқылы бұл гуманитарлық бағытты дербес ғылыми пән ретінде қарастыру-ға толық негіз бар деген тұжырым жасауға болады. Ғылымдар шегінде пайда болып қалыптасатын өзге де пәндер сияқты, медиалингвистика да екі ғылыми бағыттың белгілерін қамтиды: 1-ден, ол нақ лингвистикалық зерттеулердің жиынтық базасына сүйенеді, 2-ден, БАҚ-ы кешенді түрде зерттеумен айналысатын жаңа ғылыми бағыт – медиалогияның жалпы жүйесіне табан тірейді.

1. *Рогозина И.В. Медиа-текст как средство социальной регуляции // Концептуальная картина мира и интерпретативное поле текста с позиции лингвистики, журналистики и коммуникативистики: сб. докл. Всесоюз. науч.-практ. конф. (25-26 июня, 2001). – Барнаул, 2001. - С. 171-182.*

2. *Верацагин Е.М., Костомаров В.Г. Язык и культура. - М., 1976.*

3. *Васильева А.Н. Газетно-публицистический стиль речи. - М., 1994.*

Резюме

Бұл мақалада қазақ тіл біліміндегі антропоэекті бағыттар (этнолингвистика, лингвомәдениеттану, психоллингвистика, паралингвистика, медиалингвистика т.б.) ықпалындағы тоғыстырушы үрдістер қарастырылады.

Summary

In this section are shown the aspects of anthropological knowledge of Kazakh language (ethnolinguistics, linguistics, psycholinguistics, paralinguistics, media linguistics, etc.).

ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ ДАУЫСТЫ ДЫБЫСТАРДЫҢ СИПАТТАЛУЫ ТУРАЛЫ

Ж.Т. Беласарова – Абай атындағы ҚазҰПУ-нің PhD докторанты

Қазіргі тілдегі тілдік ерекшеліктер мол болғанымен, тарихтың терең қойнауына сүңгіген сайын, ондай өзгешеліктер азая бастайтынын айтуға болар еді. Мұның өзіндік ішкі заңдылығы да бар. Тегі мен

шығар тамыры бір болғандықтан да, түркі тілдерінің жалпы сипаты, негізгі қалыптасу жолы ортақ екенінде дау жоқ. Тілдер дамуының көне бастауында етістік және есім негізді түбірлер ортақ болады да, олардың тұлғалық және мағыналық дамуы барысында, әрбір тілдің өзіндік бет пердесі анықталып, өзіндік түр-сипатқа ие бола бастады.

Тарихи қалыптасқан жағдайға сәйкес, әр халықтың өзіндік менталитеті мен таным-түсінігі, өмір сүр-ген ортасы мен әдет-дәстүрі, салты т.б. қалыптасты. Соған сәйкес олардың тілдерінде де өзіндік ерекше-ліктер анықтала бастады. Мұндай өзіндік ерекшеліктер түркологиялық зерттеулерге сүйенсек бірнеше бағытта болуы мүмкін:

1. Фонетикалық жүйе бойынша;
2. Морфологиялық жүйе бойынша;
3. Лексикалық қор бойынша;

(М.Томанов. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. Алматы, 1992, 7-9 бет).

М.Томановтың пікірі бойынша, фонетикалық жүйе бойынша жеке түркі тілдерінде мынадай жағдай-ларда дыбыстық өзгерістер болады. а) сөздің бірінші буынында кездесетін дауыстылар мен сөздің келесі буындарында ұшырай тындауыстылар екі түрлі жүйе құрайды. Бірінші буында ашық-қысаң, жуан-жіңішке, еріндік-езулік болып жұптасатын 8 дауысты дыбыс жұмсалады. (1992,7-бет).

Осы тұрғыдан салыстыра қарастырар болсақ, қазақ тілінің дауысты дыбыстарының құрамы мен сипатының дамуы жағынан аса мол айырмашылық байқала қоймайды екен. Олардың жақындық немесе қашықтық дәрежесін анықтауда, тілдегі фонетикалық құбылыстар, тілдегі грамматикалық және лексика-лық құбылыстардағы тіл дыбыстарымен әрдайым байланысты болады.

Қазіргі қазақ тіл білімінің ғылыми әдебиеттерінде дауыссыздардың саны әр түрлі болып белгіленіп жүргенімен, қазақ тілінің тарихи грамматикасында 8 (сегіз) дауысты дыбыс бар деп берілгені белгілі жайт.

Қазақ тіл білімінің алғашқы білімпазы, қазақ тілінің дыбыстық жүйесінің зерттелуінің ғылыми негізін қалаған Ахмет Байтұрсынов 1912 жылғы жариялаған “Жазу тәртібі” атты мақаласында бес дауысты дыбыс, екі жартылай дауысты дыбыс бар деп жазған (А.Байтұрсынұлы. Тіл тағылымы. 146, 179-бет). Дауысты дыбыстарға автор а, о, ұ, ы, е дыбыстарын жатқызады.

С.Аманжолов 1941 жылғы жазған “Жаңа алфавиттің принциптері” атты мақаласында қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың санын 14 деп көрсетеді. Олар: а, ә, е, о, ұ, ү, ы, і, и, у, э, я, ю.

Проф. К.Аханов қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың санын 11 деп көрсеткен. Олар: а, е, ы, і, ә, о, ө, ұ, ү, и, у. (Тіл біліміне кіріспе, 1973).

Проф. А.Нұрмаханова "Қазақ тілінде он бір дауысты дыбыс (ә, а, е, ы, і, й, о, ө, ұ, ү, у) бар" болғанын дәлелдеген.

Дауысты дыбыстардың саны туралы ғылыми зерттеу жүргізе келіп, С.Мырзабеков көптеген пікірлерді қорыта келе былай деп жазады: “Қазақ тілінің байырғы құрамында тоғыз (а, е, о, ө, е, ұ, ү, ы, і) дауысты дыбыс бар. Мұны ешкімде жоққа шығара алмайды” (Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы, 1997, 33-бет). Осы пікірге біз де тоқтаймыз.

Қазақ тілдеріндегі дауысты және дауыссыз дыбыстарды салыстыру үшін, ана тілден тыс, шет тілін оқып үйрену керек. Бұл сол тілдің дыбыстық жүйесін, ондағы жеке дыбыстардың ерекшеліктерін танып білуден басталады.

Қазақ тілінде: ә, а, е, ы, і, о, ө, ұ, ү

Қазақ тілінде дауысты дыбыстардың классификациясының екі түрі бар: оның бірі физиологиялық классификация, екіншісі – акустикалық классификация.

Дауысты дыбыстар сөйлеу мүшелерінің негізгі үш түрінің қатысы мен қалпына қарай, атап айтқанда:

1. тілдің қалпына (қызметіне)
2. еріннің қатысына (қызметіне) және
3. жақтың ашылу қалпына қарай топтастырылады.

Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың топтастырылуы:

- ә - жіңішке, ашық, езулік
- а – жуан, ашық, езулік
- е - жіңішке, ашық, езулік
- ы - жуан, қысаң, езулік
- і - жіңішке, қысаң, езулік
- о - жуан, ашық, еріндік
- ө - жіңішке, ашық, еріндік
- ұ - жуан, қысаң, еріндік
- ү - жіңішке, қысаң, еріндік

Қазақ тіліндегі бір буынды сөздердің құрамындағы дауысты дыбыстар мен көп буынды сөздердің бірінші және келесі буындарындағы дауыстыларды бір-бірінен ажыратып қарау керек болады. Зерттеуші-лердің көрсетуінше, бір буынды түбір құрамындағы дауысты әрі тұрақты әрі сапалық жағынан басқа сөз құрамындағы дыбыстарға ешқандай бағынышты емес. Ал көп буынды лексемалар құрамындағы дауысты дыбыстарда мұндай қасиет жоқ. Олар көбінесе айнымалы, өзгермелі болып келеді екен. Әсіресе мұндай буындағы дауысты дыбыстар сингармонизм заңы бойынша өзге дыбыстардың ықпалына түсіп кетіп отырады.

М.Томановтың пікірі бойынша “фонемалар жүйесін анықтау үшін, комбинаторлық, позициялық өзге-рістер әсер етпейтін жағдайдағы дауыстылар қарастырылуы тиіс.

Ал комбинаторлық, позициялық өзгерістер әсер етпейтін жағдай тек бір буынды түбір құрамында ғана болады“. (1992, 15-бет). Демек, бір буынды түбірлердің құрамындағы дауысты дыбыстардың сапалық сипатын тұрақты деп бағалай отырып, олардың қазақ тіліндегі сапалық өзгерістері мен қалыптасу заңды-лықтарын зерделеуге болар еді. Бұл арада оғыз тобына жататын түрік тілі мен қыпшақ тобына жататын қазақ тілінің негізгі өзіндік даму заңдылықтарын анықтап алу орынды болмақ. Әрбір түркі тілдері тобын-да дауысты дыбыстардың айтылуының өзіндік ерекшелігі болатыны туралы “Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков“ атты монографияда оғыз тобындағы тілдерді “алғашқы“ бірінші ұзақ дауыстылар (дифтогтар мен полидифтонгтар) мен қысқа дауыстылардың бір-бірінің қарама-қарсылығына негізделген жүйе деп жазады. Ал қыпшақ тобындағы тілдерді шартты түрдегі ұзақ мен ең қысқа дауысты-лардың қарама-қарсылығына негізделген жүйе деп бағалайды.(1984, 16-бет).

Түркологиялық әдебиеттерде “алғашқы” (первичные) дауыстылар деген термин бар. Мұндай терминді түрік тілдерінің белгілі мамандары Дени, Хазай, кейін Э.В.Севортян (1955,24), Ф.Абдуллаев (1961,42), Амансарыев (1970,131-132) т.б. ғалымдар қолданған. Дегенмен бұл терминнің тым шартты екені өзінен-өзі түсінікті. Бұл терминнің шартты болуының мәнісі алғашқы дауысты дыбыстардың қандай сипатта болғанын ешкім де айтып бере алмасы түсінікті.

Екіншіден түрколог ғалымдардың арасында түркі тілдерінің даму кезеңін әр түрлі түсіндіру де бар. Айталық, Н.А.Баскаков “Историко-типологическая фонология тюркских языков“ атты монографиялық еңбегінде вокализмнің дамуына байланысты фонематикалық құрылымның дамуын кезеңге бөлу жөнін-дегі пікірін былай білдіреді:

1) Алтай кезеңіне дейінгі кезең. Автордың пайымдауынша, бұл кезеңде өзге алтай тілдері сияқты бұл кезеңдегі түркі тілдері де өзіндік ерекше грамматикалық құрылымы бар, бөлінбеген моновокальдық жүйеден дамыған тіл болған.

2) Алтай кезеңі. Мұнда түркі тілдері өзінің жалғамалылық қасиетін иеленген, ал сөздер морфофонеме-лардың тіркесінен құрала бастаған кезең. Бұл кезеңде вокализмнің негізі екі фонема болған, олар тек қана тембр арқылы жіктелген.

3) Хун кезеңі. Бұл кезеңде түркі тілдері жалғамалылық сипатта толық жетіліп, дауыстылардың саны сегізге жеткен. Ашықдауыстылар мен қысаң дауыстылар толық жіктелген кезең деп бағалайды.

4) Көне түркілік кезең. Бұл кезеңде түркі тілдері өзіндік ерекшеліктерін иеленіп, жеке топтарға бөліне бастайды.

5) Қазіргі түркі тілдерінің дыбыстық ерекшеліктеріне сәйкес өзгере бастауы. (1988, 72-73 бет)

Бұл жүйелеуден өзгеше ерекшелігі бар классификация Б.Сағындықұлының кезеңге бөлуі болып сана-лады. Ғалым өзінің “Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері“ атты зерттеуінде тілдік фактілердің табиғатына қарай отырып, есте жоқ ескі кезеңдерден бастап, қазіргі уақытқа дейінгі аффри-кат дыбыстардың даму кезеңін былайша жүйелейді:

1-кезең. Тұңғыс, маньчжур, корей, жапон, түркі, монғол тілдері бір-бірінен ажырамаған.

2-кезеңде гипотезалық аффрикаттар мүлде жойылып, жаңадан қалыптасқан африкаттар одан әрі дами бастайды.

3-кезеңде солтүстік-шығыс алтай тілдері мен оңтүстік-батыс алтай тілдері одан әрі жіктеле түседі.

4-кезең автордың көрсетуінше түркологияда қалыптасқан алтай дәуіріне сәйкес келеді.

Авторлардың пікірлері бірін-бірі толықтырып отырады. Яғни, тереңірек үңілер болсақ, Б.Сағындық-ұлының зерттеуі тілдің ең көне кезеңдерін бағамдайды да, Н.А. Баскаков жазған жүйенің ар жағындағы тілдің сипатынан хабар береді.

Бұдан байқайтын нәрсе дауысты дыбыстың қайсысы алғашқы деген терминнің тым шарттылығы.

“Первичными“ долгими гласными принято называть такие, которые до сих пор не могли быть объяснены как результат трансформации какого-нибудь сочетания звуков” делінеді. (СИГТЯ. 1984,23). Осы тұрғыдан салыстырар болсақ түрік тіліндегі дауыстылар мен қазақ тіліндегі дауыстылардың даму желісі өзгеше. Түрік тіліндегі ұзақ дауыстылар мен қысқа дауыстылар бір-біріне қарама-қарсы қойылады. Ал қыпшақ тілдерінде ұзақ дауыстылар мен қысқа дауыстылардың бір-біріне қарсы қойылуы сақталмаған немесе мүлде мұндай құбылыс болмаған.

1. Томанов М. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. - Алматы, 1992.
2. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. - Алматы, 1994.
3. Баскаков Н.А. Историко-типологическая фонология тюркских языков. - М. 1986.
4. Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. - Алматы, 1994.
5. Мырзабеков С. Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы. - Алматы, 1997.
6. Аханов К. Тіл біліміне кіріспе. - Алматы, 1993.
7. Бісқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. - Алматы, Ғылым, 1993.

Резюме

Данная статья посвящена описанию и характеристике гласных звуков в тюркских языках.

Summary

This article is devoted to describe the characteristic vowel sounds in Turkic languages.

«АУДАРМАШЫ КӘСІБИ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗДЕРІ» ОҚУ ҚҰРАЛЫН ҚҰРАСТЫРУ ТӘЖІРИБЕСІНЕН

А.Қ. Жұмабекова – Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті

Аталмыш оқу құралы [1] (рецензенттер: әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профес-соры, филология ғылымдарының докторы А.Ж.Жақсылықов; Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика-лық университетінің аға оқытушы, филология ғылымдарының кандидаты Н.Р.Шеңгелбаева) алғаш рет елімізде «Аударма ісі» мамандығы бойынша Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты [2] мен Типтік бағдарламасының [3] мазмұнын толық қамти отырып, мемлекеттік тілде жазылып отыр.

Типтік бағдарламаның мазмұнына сәйкес, «Аудармашы кәсіби қызметінің негіздері» курсының мақса-ты – болашақ мамандарды аудармашының кәсіби қызметінің негізін құраушы факторлармен таныстыру.

«Курстың негізгі міндеттері:

- аударманы тұтынушылар/ тапсырыс берушілер мен аудармашылар тұрғысынан «аудармашы» кәсіби туралы негізгі түсініктерді қалыптастыру;
- білім алушыларды аудармашылық қызмет пен болашақ мамандықтың қыр-сырының негізгі ұғымда-рымен таныстыру;
- аталмыш курс шеңберінде студенттердің өз бетінше іздестіру-зерттеу іс-әрекеттері үшін алғышарт-тар тудыру, - болып табылады.

Курстың әдіснамалық негізі - аудармашылық үдерістің негізгі қызметшісі ретінде аудармашының жеке тұлғасын құрастыратын антропоцентрлік бағыты бойынша қарастыру.

«Аудармашы кәсіби қызметінің негіздері» курсы аяқтаған соң студент білуі тиіс:

- өзінің болашақ мамандығының қыр-сырын;
- мамандықтың негізгі ережелері мен аудармашының негізгі қасиеттерін;
- аударма мамандығына қойылатын заманауи талаптарды;
- аударманы техникалық қамтамасыз етудің заманауи құралдарын.

Істей білуі тиіс:

- өзін-өзі талдай білуді пайдалануды;
- түрлі әлеуметтік топ өкілдерімен қарым- қатынас жасауды;
- аударма үдерісінде түрлі компьютерлік жүйелерді пайдалануды;
- аудармашы мамандығы туралы мәліметтерді кеңейту үшін іздеу-зерттеу қызметін жүзеге асыру;
- өзіндік практикалық жұмыста теориялық білімді қолдануды;
- мамандықта өзін-өзі жетілдіруді» [3, 160-161].

Типтік бағдарламада көрсетілгендей, «Аудармашы кәсіби қызметінің негіздері» курсының мақсаты болашақ мамандарды аудармашының кәсіби ісінің негізгі факторларымен таныстыру [3, 160].

Оқу құралы 7 бөлімнен тұрады (жоғарыда аталып өткен типтік бағдарламаның тақырыптарына сәйкес): 1) Аудармашылардың көзқарасы тұрғысынан аудармашы кәсіби жайлы түсінік; 2) Аудармаға тапсырыс берушілердің / тұтынушылардың көзқарасы тұрғысынан аудармашы кәсіби туралы түсінік; 3) Аударма қоғамдық қызмет түрі ретінде; 4) Аударма үдерісінің психологиялық және лингвистикалық ерекшеліктері; 5) Аудармашының қазіргі заманға сай жұмыс орны; 6) Аудармашыларды даярлайтын білім беру мекемелері; 7) Аудармашылардың кәсіби одақтары (ұйымдары).

1-ші бөлімде аудармашының кәсіби сапасына сипаттама беріледі: сөйлеу жылдамдығы, жақсы жад, қосыла алушылық (переключаемость), психикалық тұрақтылық, тіл табыса алушылық (контактность),

зиялылық.

Бұдан әрі қарай аудармашыға қойылатын кәсіби талаптар сипатталып, одан кейін *кәсіби этика* ұғымының белгілері анықталады.

Аудармашы қызметін бағалау қағидаттарына, атап айтқанда, аудармашы жұмысының тиімділігін есептеп шығару формуласына басты назар аударылған (А.Е.Чернухиннің авторлық формуласы бойынша) [дәйексөз келтірілген дереккөз: 4, 28-29].

Тапсырыс берушінің талаптары стандартта бекітілген объективті нормативтік ережелер арқылы шешімін табуға тиіс. Сондықтан оқу құралымызда Италия, Австрия, Германия, Голландия сияқты шет елдерде қалыптасқан аудармашылық қызмет стандарттарының қысқаша мазмұны және аудармашылық қызмет сапасына қойылатын Еуропалық стандарттың талаптары келтірілген.

2-ші бөлімде «Аудармаға тапсырыс берушілер – аудармашылар – аударма тұтынушылар» тізбегінде түйінді көзқарастардың (яғни аудармаға тапсырыс берушілер мен аударма тұтынушылардың) мазмұнда-луы көрініс тапқан.

Мұнда оқу құралы авторлары тарапынан енгізілген «Аудармаға тапсырыс берушілер», «Аударма тұтынушылар» терминдері сипатталады, ол типтік бағдарламада берілген, мағынасы ештеңені түсіндіріп бере алмайтын «аудармашы емес» терминіне сәйкес келмейді.

Аудармаға тапсырыс берушілер үшін бұл ең алдымен, мәтін; аудармашылар үшін ең алдымен – үдеріс болып табылады. Энтони Пимнің айтуы бойынша, «сыртқы» бақылаушы үшін аударма – мәтін, ал «ішкі» бақылаушы үшін – мәтінді құруға бағытталған қызмет [Дәйексөз: 5,12 бойынша беріліп отыр].

Бұл бөлімде *Мәтін сенімділігі. Аудармашының сенімділігі* сияқты ұғымдар сипатталады.

Аудармаға тапсырыс беру – аударма технологиясындағы жауапты операциялардың бірі. Оқу құралында осы үдерістің кезеңдері анықталған.

3-ші бөлімде аудармашы мен жұмыс берушілердің арасындағы өзара қарым-қатынасқа мән берілген, атап айтқанда, аудармашының құқықтары мен міндеттері лауазымдық нұсқаулықтарында нақты қалыптастырылған. Сол сияқты нұсқаулықтың үлгісі келтіріледі.

4-ші бөлімде аударма интеллектуалды қызмет ретінде сипатталады. Осыған байланысты жадтың қасиеттері де талдауға ұшырайды.

Мамандар жадтың *декларативті (декларативная)* және *процедуралық (процедурная)* деп аталатын екі түрін бөліп көрсетеді. Декларативті жады нақты болған жайттарды тіркеп отырса, процедуралық жады санадан тыс әдетке айналған іс-әрекеттерді орындауға бағытталады.

Сондай-ақ, ізденуші Х.Гарднердің [6,] пікірінше, лингвистикалық және логикалық-математикалық интеллектіден басқа IQ-тесті көмегі арқылы өлшенетін интеллектінің тағы да бірнеше түрі бар: *музыка-лық интеллект, кеңістіктік интеллект, дене-қозғалыс тұлғалық интеллект, лингвистикалық интеллект.*

Оқу құралында бұл интеллект түрлерінің белгілері көрініс табады.

5-ші бөлімде аударма үдерісіндегі ақпараттық технологияларды, атап айтқанда, машиналық аударма-ны сипаттауға ерекше көңіл бөлінеді.

Іс жүзінде компьютерлік технологиялардың екі түрі қолданылады:

- 1) аудармашылық бағдарламалар (мыс., *X-Translator, Prompt*);
- 2) электронды сөздіктер (мыс., *Lingvo*).

Типтік бағдарламада 6-шы және 7-ші бөлімдерде тек тақырыптар ғана беріліп, мазмұны мүлде ашылмаған. Біздің оқу құралымыздың 6-ші бөлімінде аудармашылар даярлайтын әлемдік мекемелері (Австрия, Германия, Франция, Швейцария, Бельгия, Ұлыбритания, АҚШ, Канада, Ресей) туралы мәліметтер берілген.

Оқу құралының 7-ші бөлімінде Дүниежүзілік аудармашылардың кәсіби одақтары, ассоциациялар мен бірлестіктер туралы сөз қозғалады. Олардың мақсаты – аудармашылардың кәсіби құқықтарын қорғау, бет-бейнесін нығайту, ақпараттық және кәсіби тәжірибе алмасу, еңбек нарығын реттеу болып табылады. Бұл қатарға FIT - Аудармашылардың халықаралық федерациясы, АПС - Ауызша конференц- аудармашы-ларының Халықаралық ассоциациясы; CEATL - Әдеби аудармашылардың Еуропалық ассоциациясы, ААТ – Аудармашылардың америкалық ассоциациясы; Германиядағы BDÜ – Ауызша және жазбаша аудармашылардың федералдық одағы; VdÜ - Көркем әдебиет аудармашыларының ұйымы, СПР - Ресей аудармашылар одағы – кіреді.

Әрбір бөлім теориялық материалдан тұрады, содан кейін бақылау сұрақтары беріледі.

Мысалы, «Аудармашылардың көзқарасы тұрғысынан аудармашы кәсібі жайлы түсінік» атты 1-ші бөлімнің материалын зерделеу барысында оқушы өзін-өзі бақылау үшін келесі сұрақтарға жауап іздеп табуы тиіс:

1. Кәсіби мақтан тұту ұғымын қалай түсінесіз?
2. Мәтін сенімділігі неден көрініс табады?

3. Аударманың жылдам орындалуы неге байланысты?
4. Кәсіби қызығушылықтар аясына нелер кіреді?
5. Кәсіби жарамдылықты құрайтын негізгі сапаларды атаңыз?
6. Аудармашыға қойылатын кәсіби талаптар.
7. «Аударматануға кіріспе» курсынан алған білімдеріңізді пайдалана отырып, аудармашы кәсіби этикасының негізгі ережелерін атаңыз.
8. Аудармашы қызметін бағалаудың өлшемдері қандай?
9. Аудармашы мен тапсырыс беруші арасындағы аудармаға тапсырыс беруге келісудің негізгі көрсеткіштерін атаңыз.
10. Әртүрлі елдерде аудармашы мен аудармаға тапсырыс берушінің өзара қарым-қатынасын реттеп отыратын қандай құжаттар бар?
11. Қазіргі уақытта әртүрлі елдерде халықаралық деңгейде аудармашылық қызметті стандарттау мәселесі қалай шешілуде?

Сондай-ақ, оқу құралымызда реферативті және шығармашылық сипаттағы студенттің оқытушымен бірге өздік жұмысы (СОӨЖ) бен студенттің өздік жұмысы (СӨЖ-ге) арналған тапсырмалар орын алады.

Мысалы, «Аударма қоғамдық қызмет түрі ретінде» 3-ші бөлімінде мынадай СОӨЖ берілген:

Төмендегі «Аударма хартиясы» туралы мәліметті оқып, қазақ тіліне аударыңыздар.

The Translator's Charter

(approved by the Congress at Dubrovnik in 1963, and amended in Oslo on July 9, 1994)

Бұл ағылшын тілінде жазылған «The Translator's Charter» ресми құжаттың үзіндісі (1-5 бөлімдері), оның толық мәтіннің интернет-адресі де көрсетілген. Оқытушы жетекшілігімен студенттер осы аса маңызды халықаралық құжаттың түпнұсқасымен танысып, талдағаны дұрыс деп есептейміз. Бұл тапсырма болашақ аудармашының кәсіби құзыреттілігін де арттыратыны сөзсіз: аударма барысында кейбір аударма терминдері мен терминдік сөз тіркестерінің қазақ тіліндегі баламалар іздестіріледі, олар болмаған жағдайда жаңа терминдер пайда болады, сондай-ақ студенттердің шығармашылығы арттырылады.

Мысалы, «Аудармашының қазіргі заманға сай жұмыс орны» 5-ші бөлімінде СӨЖ-ге арналған мынадай тапсырмалар берілген:

Төмендегі тақырыптардың біріне баяндама жазыңыздар:

- Аудармашыларға арналған Интернет-қорлар;
- Аудармадағы ақпараттық технологиялар;
- Аудармашылық қызметті қамтамасыз ету жүйелері;
- АBBYY Lingvo 9.0 көптілді электронды сөздігі;
- Мәтіндерді даярлау жүйелері.

Оқу құралының қорытынды бөлімінде отандық терминологияға алғаш рет енгізіліп отырған термин-дердің қысқаша сөздігі беріледі.

Кейбір сөз лұғаттарынан мысал келтірейік:

Аудармашы хартиясы – 1963 жылы қыркүйекте Аудармашылардың халықаралық федерациясының конгресінде қабылданған. Төмендегідей негізгі ережелерден тұрады: (1) кез келген аударма түпнұсқаның мазмұны мен формасын дәл беруі тиіс; мұндай шынайылықты сақтау аудармашының заңдық және морал-дық міндеті болып табылады; (2) шынайы аударманы, әріптік аудармамен шатастыруға болмайды; (3) аудармашы аударып отырған тілін және аударатын тілін жақсы білуі керек; (4) сонымен қатар, ол білімді, сөз болып отырған мәселе жайлы барынша жақсы және өзіне таныс емес жұмыстан бас тартуы керек.

Кәсіби талап – ауқымы кең ұғым, қажетті біліктер мен дағдылардың жиынтығын қамтиды.

Материалдарды беруде жаңа әдебиеттер (соның ішінде Интернет қорлары) пайдаланылды, бұлар оқу құралының соңында көрініс тапқан.

Қорыта айтқанда, біз даярлаған еңбек өз орнын табады, сондай-ақ бұдан бұрын жарық көрген еңбек-термен қатар [7-8] «Аударма ісі» мамандығы бойынша оқу әдебиеттерінің тапшылығы мәселесін шешуге көмектеседі деген үміттеміз.

1. Аудармашы кәсіби қызметінің негіздері: Оқу құрал. – Алматы, Абай ат. ҚазҰПУ: «Ұлағат» баспасы, 2011. – 60 б.

2. 050207 - «Аударма ісі» бакалавриат мамандығы бойынша Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. - Астана, 2006.

3. Аудармашы кәсіби қызметінің негіздері // 050207 - «Аударма ісі» бакалавриат мамандығы бойынша Типтік оқу бағдарламасы. - Алматы, 2007. – Б.157-164.

4. Семенова М.Ю. Основы перевода текста. - Ростов н/Д: Феникс, 2009.
5. Робинсон Д. Как стать переводчиком: введение в теорию и практику перевода. - СПб.: КУДИЦ-ПРЕСС, 2007.
6. Алексеева И.С. Введение в переводоведение. – СПб.: Академия, 2004.
7. Жұмабекова А.Қ., Жабағиева Г.З. Аударматануға кіріспе. Оқу құралы. - Абай ат. ҚазҰПУ, Алматы, 2008.
8. Жұмабекова А.Қ., Жұмашева Г.А. Аударма терминдерінің қысқаша орысша-қазақша түсіндірме сөздігі. - А.: Абай ат. ҚазҰПУ, 2005.

Резюме

В статье описывается опыт создания учебного пособия «Основы профессиональной деятельности переводчика», написанного в соответствии с нормативными документами по специальности бакалавриата «Переводческое дело».

Summary

The article considered the compiling experience of the book “The basic activity of professional “interpreters”, that is writer in accordance with the normative documents of bachelor speciality “interpreters”

КАТЕГОРИИ И ПОНЯТИЯ ФИНАНСОВО-КРЕДИТНОЙ ТЕРМИНОЛОГИЧЕСКОЙ СИСТЕМЫ

Г.К. Исмаилова – к.ф.н., доцент

Банки, финансовые, кредитные, налоговые учреждения в Республике Казахстан – бурно развивающееся явление. Проблема построения современной единой теории терминов и выработки практических выводов является актуальной и решаемой.

На современном этапе развития международных отношений в связи с ориентацией нашего общества на путь социально-экономических преобразований особое значение в языке приобретает финансовая терминология. Процесс международного экономического развития требует от каждого образованного человека понимания и осознания тех понятий, которые выражаются в языке с помощью финансовых терминов.

Термин создается как наименование понятий, связанных с узкопрофессиональной областью. Он пред-назначен служить средством общения определенной группы людей в конкретных производственных условиях.

Финансово-кредитная система оперирует терминологией, построенной на основе общепринятых ассоциаций и отражает определенную понятийную область.

Понятие - единица логики человеческого мышления. Его особенность состоит в результате познавательной деятельности человека, в частности, абстрагирования и обобщения определенных признаков, свойств, предметов, явлений, связей, отношений объективного мира в процессе познания и отражения его человеком. Понятие отражает способность и характер абстрактно-логического познания и отражения мира не конкретного человека, как представителя определенной человеческой общности или определенного этноса, социального класса общества, а человека вообще, то есть общую универсальную способность и тип, отражающий мыслительную деятельность вообще [1].

В классическом смысле этого термина, под понятием понимается образование, в котором обобщаются данные опыта; оно формируется в итоге разнообразных мыслительных операций. Понятие представляет собой результат общения предметов некоторого класса по совокупности общих для предметов этого класса и отличительных для них признаков.

В случае, когда говорят об отраженной в языке информации о мире в более конкретизированном виде, то есть знаниях о мире в языке того или иного конкретного народа, этноса, социальной или другой группы, то предпочитается термин концепт [2].

Концепты - это не просто способ материализации представлений и понятий, а отражение специфических, стандартизированных форм знаний о предметах и явлениях объективного мира, накопленных в результате общественной практики. Это языковое отражение различных типов понятий, которые для логики являются не существенными, но важны для процессов речепроизводства [3].

Термины, содержание терминов, в особенности финансовых, характеризуются тем, что они интернациональны и должны иметь одинаковое содержание и значение во всех языках. Термины обладают в реальности и определенным национально-культурным фоном [4]. Но в идеале они должны

быть универсальными и интернациональными, а, значит, обладать во всех языках одинаковым понятийным содержанием определенных научных областей, науки в целом.

Как любые содержательные категории и величины понятия той или иной научной, общественной, профессиональной области всегда находят свое выражение и закрепление в языке, в тех или иных языковых единицах, языковых формах. Для понятий терминологических систем такими единицами и языковыми формами являются, как правило, слова и устойчивые словосочетания. Понятие о предметах, явлениях, свойствах, признаках, связях, отношениях между явлениями действительности получают в языке соответствующее отражение, но в самом обобщенном виде: в виде понятийных категорий в высокой форме обобщенности их бытия, онтологии, природы. Их обобщенное понятийное и категориальное бытие отражают предметность, признаковость, процессуальность, причинность, аспектуальность. В языке они находят свое выражение через языковые категории и понятия: существительное, глагол, прилагательное, наречие и обобщенное их содержание. В лингвистике они известны, как категориальное содержание языковых знаков. Категории и понятия терминологических систем представлены в двух типах: в субстантивной и глагольной. Сравните: Finanzen, финансы, кдржы; Kredit, кредит, несие; Finanzierung, финанси-рование, қаржыландыру; finanzieren, финансировать, қаржыландыру; kreditieren, кредитовать, несиелеу. Однако категории и понятия терминологических систем, в нашем случае финансово-кредитной системы, имеют не только общую, обобщенную категориальную форму своего существования, но и более конкретную, а именно вещественную. Конкретно-предметная или вещественная сторона содержания языковых единиц, в том числе единиц финансово-кредитной системы, обозначается в лингвистике, как вещественное или лексическое значение, противопоставляется грамматическому и категориальному значению.

Предметно-вещественное значение языковых единиц находит свое раскрытие в дефинициях – соответствующих единицах в словарях. Понятия – как единство категориального и предметно-вещественного значения, имеют свои языковые обозначения, имена, то есть свои языковые выражения. В лингвистике они известны как языковые номинации. Главная особенность любых языковых номинаций состоит в том, что они опосредованы мышлением. Это значит, что номинации создаются человеком с единственной целью материализовано, объективно, в звуковой и графической форме того или иного языка, выразить, представить и закрепить в памяти языка, народа ту или иную информацию о предметах и явлениях мира, о мире в целом в обобщенной форме, то есть в форме понятий. Именно понятия о предметах, явлениях мира, то есть обобщенные знания о них имеют имена, номинации, а не сами предметы. Предметы, явления мира имеют свои имена, номинации, но через свои понятия, через знания о них. В этом главная особенность языковых номинаций [5]. Но знаний о мире, о предметах и явлениях объективного мира очень много, самых разнообразных, в сущности своей бесконечных; к тому же они у всех народов разные, так как у каждого народа во многом разные знания и представления о мире. Для всех понятий каждый народ имеет в своих языках имена, наименования, языковые номинации. Они в каждом языке имеют свою форму, свой вид, свои типы самые разнообразные по форме и содержанию. Это зависит от типа, структуры языка и от уровня познаний народом реальной действительности. В лингвистике различают три типа языковых номинаций: лексическую, синтаксическую, фразеологическую, а внутри каждой из них, в свою очередь, разграничиваются свои виды и подвиды. Например, первичная и вторичная, прямая и переносная, необразная и образная, синтетическая и аналитическая, различные способы номинации [6], [7].

Понятия – обобщенные в содержательном и семантическом плане единицы мышления человека. Ими являются, как правило, имена, наименования, языковые номинации в форме слова или в форме слово-сочетаний. Первые называются лексическими номинациями, вторые – либо лексико-синтаксические, либо – фразеологические. Словосочетания в отличие от слов, которые целно оформлены, являются целостными, слитными в одной языковой структуре наименованиями. Раздельнооформленные словосочетания делятся на две категории: на свободные или переменные словосочетания и на устойчивые словосочетания. Первые расцениваются как единицы речи, то есть как творения говорящего человека, поскольку он их создает хоть и по правилам сочетаемости слов, но все-таки в зависимости от того, что он хочет сказать, какие у него коммуникативные и референциальные намерения. Они создаются из единиц лексики, лексической системы, выбираются оттуда и соединяются между собой по правилам лексической или понятийно-семантической солидарности, то есть сочетаемости и несочетаемости, а также по правилам синтаксисо-грамматически и нормативно правильной, корректной сочетаемости слов в том или ином языке. Все это делает сам говорящий в своей речи, когда он говорит или общается с кем-то. Поэтому такие словосочетания называются свободными или переменными, а сама номинация называется лексико-синтаксическая речевая номинация.

Второй тип словосочетаний – устойчивые словосочетания, расцениваются как образование не речи, а языка, языковой системы. Иначе говоря, они не создаются в речи говорящим, а уже готовы, имеются

в языке, в словарях и говорящий их просто выбирает и правильно употребляет в речи, в коммуникации - в нужной ситуации, в нужном контексте. Такие словосочетания принадлежат языку, языковой системе. Они называются устойчивыми словосочетаниями или фразеосочетаниями, фразеологическими единицами (ФЕ) и относятся к фразеологической системе. Их можно найти во фразеологических словарях, их изучает особая наука, особая область лингвистики, а именно фразеология. Наименование явлений мира, понятий о мире, то есть единица мышления с обобщенным содержанием и смыслом, известно в лингвистике как фразеологическая номинация, фразеологические наименования.

Понятия, явления, категории терминологических систем, в том числе и финансово-кредитной, обозначаются двумя типами языковых номинаций: лексической и фразеологической, потому что все словосочетания этой системы устойчивы, готовы, их надо только правильно использовать в речи. Тем самым мы употребляем в отношении этой системы два типа языковой номинации - лексическую и фразеологическую. Они, в свою очередь, самые разнообразные, то есть могут быть в форме разных в словообразовательном отношении слов и фразеологическом отношении устойчивых словосочетаний. Поэтому лексические и фразеологические номинации, наименования в финансово-кредитной системе немецкого, русского и казахского языков необходимо изучать не только с точки зрения того, как, где, каким образом они участвуют в обозначении, названии категорий, понятий, явлений финансово-кредитной системы исследуемых языков, но и в каких деривационно-семантических типах слов и фразеосочетаний они называются:

Номинация - одно из явлений языка, которое всегда стояло в центре внимания лингвистики и интенсивно изучается в настоящее время. Интерес обусловлен тем, что номинация связана с существенной стороной языка, следовательно, онтологический аспект номинации лежит в сфере отражения, познания, оценки реальной действительности.

Номинация связана не со всеми типами и формами отражения мира, а только с некоторыми из них, причем в отношении к одним она возможна, но не обязательна, а в отношении к другим объективно необходима. Номинация связана с одной лишь формой отражения мира, а именно абстрактно-логической.

Под категорию номинации традиционно подпадало лишь слово, а о номинации, номинативной функции говорилось применительно к слову с конкретной семантикой, в частности существительных. По отношению к другим категориям слов, и, прежде всего, абстрактной и оценочной семантики, предпочитался не термин называть явления действительности, а выражать понятие, значение, отношение. Под номинативной единицей мы понимаем такое языковое образование, которое имеет языковое значение, воспроизводится в речи и образовано по правилам и моделям слово- и фразеобразования. Под эту категорию подпадают тем самым только полнзначные слова и непредикативные единицы фразеологической системы языка. В своей совокупности они образуют номинативную систему языка. Номинативная система языка - самостоятельная подсистема в пределах номинативных средств языка и речи. Создание номинативной единицы происходит только тогда, когда речевая номинация подвергается понятийному обобщению и номинативной деривации. Сам же акт и процесс формирования номинаций на уровне когнитивных и коммуникативных потребностей и в рамках определенных высказываний производится благодаря наличию механизмов, средств, закономерностей, правил номинативной деривации [8].

1. Карлинский А.Е. *Принципы, методы и приемы лингвистических исследований*. - А., 2003. - 184 с.

2. Бабушкин А.П. *Типы концептов в лексико-фразеологической семантике языка*. - Воронеж, 1996. - 104 с.

3. Карлинский А.Е. *Языковая категория времени: опыт когнитивного анализа // Вестник КазГУМО и МЯ, №3. - А., 2001. - с. 52-57.*

4. Верещагин Е.М., Костомаров В.Г. *Язык и культура: Лингвострановедение в преподавании русского языка как иностранного*. - М., 1983. - 348 с.

5. Кубрякова Е.С. *Теория номинации и словообразование. В кн: Языковая номинация. Виды наименований*. - М., 1977. - с. 222-304.

6. Исабеков С.Е. *Механизмы фразеологической номинации. Филологические науки, № 4*. - М., 1988. - с. 67-74.

7. Гак В.Г. *Сопоставительная лексикология*. - М., 1977. - 262 с.

8. Исабеков С.Е. *Принцип дополнительности в номинативной системе языка*. - Алма-Ата, 1992. - 206 с.

Түйін

Қазақстан Республикасындағы банк, қаржы, несие, салық жүйелері - жаңа, қарқынды дамып келе жатқан құбылыс. Термин теориясының жаңа біртұтас құрылымын жасау, практикалық қорытындылар алу өзекті және шешімді мәселе болып табылады.

Summary

The article deals with the role of financial and credit terminology in recent time. The problem of founding the unique modern system of terms is a topical and solvable one.

ВСЕСТОРОННЕЕ РАЗВИТИЕ ПОЛИЯЗЫКОВОЙ ЛИЧНОСТИ

А.С. Мукашева – профессор, к.ф.н. КазНПУ имени Абая, г. Алматы

Общеизвестный тезис о том, что генеральной целью в педагогике является всестороннее развитие личности. С опорой на это классическое положение В.С. Леднев, разрабатывая теорию содержания образования, полагает, что его основные контуры определяются именно структурой личности и структурой деятельности [1], ученый выделяет три основные стороны личности:

1. *функциональные механизмы психики;*
2. *опыт личности;*
3. *обобщенные типологические свойства личности.*

Однако, ученый предупреждает, что такое вычленение структурных компонентов условно, так как личность целостна и неделима. Лишь в зависимости от конкретного контекста актуализируются те или иные подструктуры. Так, в теории языкового образования актуализируется концепт языковой личности, в теории иноязычного образования – вторичной языковой личности, а в теории полиязычного образования – полиязыковой личности. Это означает, что данным разновидностям личности присущи другие, отличные от инварианта, подструктуры.

Отправной позицией для понимания сущности языковой, вторичной языковой и полиязыковой личности является рассмотрение данных терминов как результатов образования: языкового образования в первом случае, иноязычного образования – во втором, полиязычного образования – в третьем.

Языковая личность в своей структуре содержит следующие компоненты:

- *ценностный*, содержащий языковой образ мира и иерархию духовных представлений, реализуемых в процессе языкового общения;
- *культурологический*, включающий правила вербального и невербального поведения, детерминированных фактами культуры изучаемого языка;
- *личностный*, отражающий индивидуально психологические свойства и социально типизированные качества личности, в комплексе представляющие способность человека к речевой и языковой деятельности.

В педагогическом контексте эту, по сути лингвистическую, структуру языковой личности можно применить для моделирования как результата, так и самого процесса языкового образования.

В зависимости от этого конструируется содержание языкового образования.

Совокупность способностей человека к иноязычному общению на межкультурном уровне, под которым понимается адекватное взаимодействие с представителями других культур, определяется современной лингводидактикой как концепт «вторичной языковой личности» [2, - 4].

Относительно структуры вторичной языковой личности отметим, что она идентична структуре языковой личности, с той разницей, что все компоненты имеют несколько иную содержательную характеристику, особенности которой связаны с изучением не родного, а иностранного языка. То есть структура языковой личности представляет собой в определенном смысле базовую структуру, которая ложится в основу при выделении структурных компонентов не только вторичной языковой личности, но и потенциально возможных вариантов языковой личности. Одним из таких вариантов в полной мере может выступить полиязыковая личность.

В самом деле, допуская принципиальное отличие языкового, иноязычного и полиязычного образования, нельзя подвергать элиминации различия и их целевых аспектов. Поэтому на элементарном уровне аналогии можно предположить, что целью и результатом полиязычного образования является полиязыковая личность. В содержательном плане основное отличие этих направлений образования заключается в количестве изучаемых языков. Тогда, полиязыковая личность, имеющая базовую структуру языковой личности, в характеристике каждого компонента – ценностного, культурологического и личностного – предполагает осмысление картины мира иной социокультуры, познание смысловых ориентиров другого лингвоэтносоциума, умение видеть сходства и различия между общающимися культурами и применять их в контексте межкультурного общения. С полным основанием это относится и ко вторичной языковой личности. Однако, для вторичной языковой личности эти характеристики присущи относительно только родного и одного иностранного языка, в то время как для полиязыковой личности эти параллели обусловлены несколькими (более, чем два) языками.

Итак, согласно теории целеполагания в педагогике к определению целей образования следует подходить с позиций современной концепции человека. На этом основании можно утверждать, что целью и результатом полиязычного образования является полиязыковая личность, в структуре которой помимо инвариантных компонентов личности (функциональные механизмы психики, опыт личности, обобщенные типологические свойства личности) присутствуют базовые компоненты языковой

личности (ценностный, культурологический и личностный).

Относительно непрерывного полиязычного образования эта ситуация требует пояснения. Дело в том, что его целью и результатом так же, как и в полиязычном образовании, является полиязыковая личность. Размежевание этих понятий кроется в понимании непрерывности образования, которая обеспечивает возможность многомерного движения личности в образовательном пространстве и создает для нее оптимальные условия для такого движения, то есть осуществляется переход от конструкции «образование на всю жизнь» к конструкции «образование через всю жизнь». С этой позиции личность в контексте непрерывного полиязычного образования выступает не только в качестве его цели и результата, но и потребителя образовательных услуг.

Тогда полиязычное образование в полной мере может предстать в качестве процесса формирования полиязыковой личности на основе одновременного овладения несколькими языками как «фрагментом» социально значимого опыта человечества, воплощенного в языковых знаниях и умениях, языковой и речевой деятельности, а также в эмоционально-ценностном отношении к языкам и культурам. То есть, являясь частью образования как метасистемы и разновидностью языкового образования как базовой системы, полиязычное образование сохраняет их структурные компоненты и представляет собой также триединый процесс, охватывающий обучение, воспитание, развитие. Помимо структурной композиции ему присущи и общие свойства этих систем: целенаправленность, организуемость, нормированность.

Эту трактовку полиязычного образования мы в свое время [5; 6] основывали на его соотношении с языковым образованием как части целого. Но в ситуации с непрерывностью это соотношение проецируется под другим углом. Непрерывность в этом случае является не составной частью языкового (или иного) образования, она предстает как качественная характеристика образовательного процесса или образовательной системы, так как непрерывное образование представляет собой сложный конгломерат идей, целей, принципов, условий, направлений, а главное субъектов: личность, общество, государство, производство.

В этом плане педагогическая наука располагает солидной базой теоретических разработок, среди которых наиболее значимой для нашей проблемы являются положения теории непрерывного профессионального образования. Ведь система «школа – вуз» неизменно предполагает выход на профессиональное образование.

В качестве теоретических предпосылок разработки педагогической модели непрерывного полиязычного образования может выступить структура системной теории профессионального образования академика А.М.Новикова. В этой теории непрерывное образование предстает как одно из четырех направлений развития профессионального образования:

- гуманизация профессионального образования (направленность на личность);
- демократизация профессионального образования (направленность на общество, государство);
- опережающее профессиональное образование (направленность на производство);
- непрерывное профессиональное образование (направленность на систему ПО).

Основными принципами интересующего нас четвертого направления являются:

- принцип непрерывности содержания образования – обеспечение содержательной непрерывности образовательных программ;
- принцип непрерывности образовательного процесса – обеспечение непрерывности и преемственности форм, методов и средств образовательного процесса, она выступает как характеристика включенности личности в образовательный процесс на всех стадиях ее развития и характеризует преемственность образовательной деятельности при переходе от одного ее вида к другому, от одного жизненного этапа человека к другому;
- принцип организационного обеспечения непрерывности образования.

К условиям реализации первого принципа относятся:

- базовое образование как основа для дальнейшего обучения;
- маневренность образовательных программ, что предполагает их модульное построение, параллельное обучение в разных образовательных учреждениях, по разным профессиям, специальностям разного уровня, переподготовка высвобождающихся кадров и развитие дополнительных квалификаций выпускников;
- многоуровневость, преемственность образовательных программ, для чего «выход» из одной образовательной программы должен «стыковаться» со «входом» в последующую, поэтому нужна сквозная стандартизация образовательных программ;
- дополнительность (взаимодополнительность) базового и последипломного образования, это предполагает: создание института стажерства для молодых специалистов, развитие систем обучения на рабочем месте, развитие учреждений дополнительного профессионального образования, развитие

неформального профессионального образования и самообразования взрослых.

К условиям реализации принципа непрерывности образовательного процесса относятся:

- непрерывность и преемственность форм организации образовательного процесса;
- непрерывность и преемственность методов организации образовательного процесса;
- непрерывность и преемственность средств организации образовательного процесса.

К условиям реализации принципа организационного обеспечения непрерывности образования относятся:

- интеграция образовательных систем;
- гибкость организации форм профессионального образования (обучения) и его информационно-технологического обеспечения и др.[7].

Интеграция вышеуказанных принципов в контексте непрерывного полиязычного образования проявляется в совокупности принципов структурирования его содержания. Речь идет о принципах, описанных в теории содержания образования В.С.Леднева. Это:

- принцип двойного вхождения базисных компонентов в систему;
- функциональная полнота, минимизация и оптимизация компонентов образования;
- принцип преемственности ступеней образования;
- дифференциация и интеграция компонентов образования [1].

В силу своей общности данные принципы в структурировании содержания полиязычного образования представляют собой нормативный инвариант. Отметим особо принцип двойного вхождения знаний, так как процесс овладения несколькими языками будет эффективным, если эти же языки выступают не просто объектом познания, но и его средством, т.е. обучение языку осуществляется через язык обучения.

В целом, принципы структурирования содержания образования, обоснованные в концепции В.С.Леднева, в своей совокупности применительно к полиязычному образованию представляют собой методологически значимый инвариант инструментария отбора его содержания, который в дополнении с базовым комплексом принципов отбора содержания языкового образования постепенно должен «обрас-ти» периферийной оболочкой специфических приемов и способов построения содержания полиязычного образования. В полной мере это относится и к непрерывному полиязычному образованию.

Не меньший интерес в качестве теоретических предпосылок рассматриваемого явления представляют научные разработки Ханбабаева К.М., которые связаны с определением принципов и задач непрерывного образования.

Так, по мнению ученого, в основе функционирования непрерывного образования лежат такие принци-пы, как принцип гуманизма, принцип демократизма, принцип мобильности, принцип опережения, прин-цип открытости, принцип непрерывности и др. **Принцип гуманизма** свидетельствует об обращенности образования к человеку, о свободе выбора личностью форм, сроков, видов обучения, самообразования; **принцип демократизма** предполагает доступность образования в любом возрасте в соответствии с интересами, возможностями и потребностями; **принцип мобильности** выражается в многообразии сред-ств, способов, организационных форм системы непрерывного образования, их гибкости и готовности к быстрой перестройке в соответствии с изменяющимися потребностями производства, общества, челове-ка; **принцип опережения** требует более быстрого и гибкого развития, перестройки учебных заведений и учреждений системы непрерывного образования по отношению к нуждам общественной практики, мобильного обновления их деятельности [8].

Благодаря этим принципам все звенья системы непрерывного образования находятся во взаимосвязи и взаимодействии друг с другом, и это объективно способствует целостности системы, ее единству. Целостность образовательной системы означает, что в ее структуре нет более или менее важных звеньев. Все они вносят свой вклад в решение общих задач обучения и образования. Предложенная система принципов непрерывного образования не является исчерпывающей.

Итак, понимание сути вышеприведенных принципов, их сложной взаимосвязи позволяет трактовать **непрерывное образование** как целостный процесс роста образовательного, профессионального и общего потенциала личности в течение всей жизни, **система непрерывного образования** – совокупность образовательных программ, обеспечивающих единство, преемственность и взаимосвязь всех элементов образовательной системы.

К теоретическим предпосылкам моделирования непрерывного полиязычного образования, безусловно, и этнолингводидактический подход, в предыдущих исследованиях обоснованный нами как методологи-ческое обеспечение полиязычного образования. Непрерывное полиязычное образование в этом плане не составляет исключения. Поэтому вся совокупность основополагающих

принципов (принцип «двойного вхождения знаний»; принцип функциональной активности языков в этнокультурном образовательном пространстве; принцип сбалансированности государственного и официального языков в содержании образования), специализированных методов и специфических средств данного подхода неизменно находится в основе и непрерывного полиязычного образования.

Итак, факторами и теоретическими предпосылками моделирования непрерывного полиязычного образования являются:

– концепты языковой, вторичной языковой и полиязыковой личности, последний из которых, интегрируя в себе два предыдущих, выполняет двойную функцию – выступает как цель и результат непрерывного полиязычного образования и как основной потребитель образовательных услуг в этой области;

– принципы структурирования содержания полиязычного образования.

В целом, выявление факторов полиязычного образования в Казахстане было проведено нами с учетом:

○ принципа историзма, объясняющего необходимость использования генетического и диахроматического методов при установлении историко-педагогических предпосылок зарождения искомого нами явления;

○ принципа системности, обусловившего опору на системный и структурно-функциональный анализ в построении теоретической базы концептуализации полиязычного образования;

○ комплексного подхода, репрезентировавшего актуальность применения совокупности функционального и факторного анализа социолингвокультурологических концепций для определения социально-педагогических условий становления полиязычного образования.

1. Леднев В.С. *Содержание образования: сущность, структура, перспективы.* – М.: Высш. шк., 1991. – 224 с.

2. Халева И.И. *Основы теории обучения пониманию иноязычной речи (подготовка переводчика).* – М.: Высш. шк., 1989. – 238 с.

3. Трубайчук Л.В. *Реализация принципа преемственности в Образовательной системе «Школа 2100»* / Л.В. Трубайчук // *Начальная школа плюс До и После.* – 2007. – № 5. – С. 11–15.

4. Бунеева Е.В., Комиссарова Л.Ю., Курцева З.И. *Реализация принципа непрерывности и преемственности образования (на примере курсов русского языка и риторики)* <http://www.school2100.ru/upload/iblock/d2f/d2f3247d21afa6ea0c48b0e79ba85d2e.pdf>

5. Жетписбаева Б.А. *Полиязычное образования: теория и методология.* – Алматы: Білім, 2008. – 343с

6. Жетписбаева Б.А. *Казахстан: образование в условиях полиязычия // Педагогика.* – М., 2008. – №6. – С.124-125

7. Новиков А.М., Новиков. Д.А. *Методология.* – М.: Синтег, 2007.

8. Ханбабаев К.М. *Основные принципы и задачи непрерывного образования.* <http://www.ekstremizm.ru/metodika/item/159-osnovnye-principy-i-zadachi>

Түйін

Бұл мақалада жеке тұлғаны қалыптастыруда тілдің маңызы қарастырылған.

Summary

This article describes the role of language recovery personality.

ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДАҒЫ ЭЛЕКТРОНДЫ ӘНГІМЕЛЕСУДІҢ ТЕТІКТЕРІ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Н.О. Өтеген – ҚазҰПУ PhD докторанты

Әңгімелесу машығының негізгі құралы - сөз. Сөз дегеніміз – тұлға санасының, ойлау жүйесінің лингвистикалық темірқазығы іспетті. Сөз бен әңгімелесу бір-біріне мәнзелдес, қатарлас жүретін және бір-біріне тығыз байланысты факторлар. Қазақы әңгімелесу мәселесін ғылыми тілде сараптау тіл білімі сала-сындағы маңызды жәйттің бірі десек, осы тақырыпша барысында қазақы әңгімелесу жүйесі, ол қандай заңдылықтар негізінде жасалады, әңгімелесудің түрлері мен қалыптасу тұрғысы деген түсініктерге тоқталдық.

Қазақы әңгімелесу түрінің бірнеше нышаны бар. Әр тұлғаның, әр кейіпкердің сөйлеу сипаты бір-біріне ұқсамайтынымен айқындалады. Өйткені, әркімнің өз сөйлеу дағдысы бар.

Әңгімелесу - тілдің белгілі бір қызметтер атқаруы арқылы пайда болатын құбылыс. Тіл

қызметтерінің түрленуінен әңгімелесу үлгілері қалыптасады. Көпшілік ғалымдарымыз әңгімелесуді формалық жағынан екі түрлі күрделі арнаға бөледі. Бұл формалар әлеуметтік және рухани жағынан бірдей тұрғыда қызмет атқарады. Әңгімелесу сыртқы сипаты жағынан ерекшеленбегенмен, түрлі тілдік қарым-қатынастар барысында өздерінің жеке-жеке актуалды құбылыстарымен ерекшеленеді.

Әңгімелесудің жазбаша формасы жеке материалға айналуымен айқындалса, ауызша түрі көбіне тұрмыстық қолданыстағы тәсілдерімен бедерленеді. Ауызша әңгімелесуде белгілі бір материал жоқ, ол көбіне дыбыстық толқын түрінде іске асса, жазбаша әңгімелесуде белгілі бір реттілік бар, яғни, мұнда қалыпты жазбалық әрекеттер іске қосылады. Бұл қағаз, бояу немесе электронды құралдар фондында сақта-лады. Сондай-ақ, әңгімелесудің бұл түрі белгілі бір тілдің нормасын сақтаушы ретінде де қарастырылады.

Қазақ тіліндегі жазба әңгімелесу өнеріне көптеген тілдерде орын алған өзгешелік - интернеттік комму-никациялық құралдар алып келген үрдіс жаңалық болып енді. Жазба тіл бұған дейін көркем әдебиеттің, ресми бағыттағы шаралардың, ғылыми ортаның сөз таратуда сүйенер дәнекері болып келсе, ендігі кезекте әлемдік коммуникацияның орыны айрықша бағаланды.

Интернеттік коммуникация арқылы байланысуда халық жазба әңгімелесу дәстүріне жүгінді. Өйткені, мұндағы мәтіндердің жазбаша әңгімелесу мәнеріне жақын орналасуы өз алдына, коммуниканттардың пікірлері жазбаша әңгімелесу формасында жүзеге асады.

Тұлғааралық коммуникацияның негізгі құралы – тіл. Тұлға өзін қоршаған ортаның ықпалына қарай ойын өзгертеді, таным-пікірін орайластырады. Бұл дамулардың басты әрекеті әңгімелесу. «Адам үшін ең басты қарым-қатынас әңгімелесу. Егер әңгімелесу қарым-қатынасы болмаса әлеуметтік қозғалыс микро-орта мен қоғамдық өлшемдер арқылы қарастырылатын ғылыми-мәдени шектердің нәтижесі макроорта пайда болмас еді».[1.38]

Ақпараттық - коммуникациялы кеңістік ерекшеліктері мен механизмдері туралы ізденістер осы жаңа ақпараттық қоғам субъектісі болмысын айқындайды.

Тұлға электронды құралдар арқылы достарының санын көбейте алады. Досының қатары қалыңдағаны оның әлеуметтік ортадағы тұрмыстық мақсаттарын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Өзгелермен чат-әңгімелесу, форум-пікірлесу арқылы әңгімелесудің қалыптастырушы функциясы тұлға ретінде дамуға жетеледі. Американдық психолог Ульям Джеймс белгілі бір тұлға үшін өзіне ешкім назар аудармай, өзімен өзі қалғаннан қиын да, қорқынышты түсінік жоқ десе, тұлғалар вертуалды әңгімелесулер арқылы өзін қоғамнан алшақ сезінбейді.

Вертуалды қатынастағы әңгімелесу адамды өзін өзгелермен салыстыру арқылы бойында психологиялық үдерістер жүріп, өзін-өзі жетілдіру мен алға жылжуға жетелейтінін көрсетті. Вертуалды достардың кейбір жетістіктері, яғни, қызметтік жоғарылауы, қымбат көлік сатып алуы, шет елге саяхат жасауы туралы жазбалары мен суреттері тұлғаға әсер етіп, парасатпен алға қадам басуға ынталы болады. Соны-мен қатар, вертуалды әңгімелесулердің тұлғаны дағдарысқа ұрындыратын, адам проблемасын қатерлі масштабқа әкелетін сәттері де жоқ емес екен.[2.]

Әңгімелесудің ауызша түрі күнделікті өмірде жиі қолданысқа ие болса, коммуникациялық контакті-лерде бұл тәсіл біршама өзгерістерге енеді. Техниканың көмегімен іске асатын бұл жәйтті әңгімелесуден тыс қарастыруға болмайды. Өйткені, веб-камераның көмегімен екі тұлғаға бетпе-бет отырып сөйлесуге мүмкіндік берілген. Бірін-бірі бақылай отырып сұхбат құрған екеудің күнделікті әңгімелесу мәнерінен өзге мұнда бет-қимыл әрекеттері де көзге ұрып тұрады. Атап айтсақ, тұлғалар мұнда бейвералды ишарат-тарды қолданады, дауыс толқынын зорайту немесе түрлендіру функцияларын іске асыра алады. Бұл қарым-қатынас барысында екі тұлғаны көптеген қашықтық шектеп тұрғанымен де, жүзеге асырылған нәтиже ауызекі әңгімелесу мәнерінен айтарлықтай алшақ жатқан жоқ.

Интернет қолданысқа енген уақыттан бастап, ол адамдар үшін жаңа кеңістік ашты. Адамдар оны пайдалану арқылы ақпараттанды, жұмыс тапты, өзіне дос-жар ұшыратты, тіпті, сату мен алу мәселелерін де осы жүйе арқылы шешіп, өз пікірін жариялауға, айта білуге де мүмкіндік алды. Оған пікір қосу немесе сұхбаттасу арқылы екінші бір тұлғамен болған байланыста әңгімелесудің қосалқы мүмкіндігі ашылады.

Ауызша әңгімелесу барысында бұхаралық сөйлеу тілі белгілі ережелерді сақтап айтылмайтыны секілді коммуникациялық байланыс тілінде де осы орын алады. Жаргондар мен диалектизмдердің, жарғанаризмдер мен қысқартылған сөздердің көптеп орын алуы соның айғағы. Мысалы:

«...қарапайым ғана «Привет, слм, каксын, нестеватсын» немесе «В7, пока, обш. давай» дегеннің сөздер «Сәлем, қалайсыз?, не істеп жатсыз?, көріскенше, сау болыңыз» деген тіркестерді баламасы».[3]

Мәселен, Чат-байланыс бетінде алғаш танысқан екі адамның әңгімесі былай өрбиді:

«- Привет!

- Сәлем!

- Мы знакомы?
- Нет, но бирок сиз маган дружба предложить еттиниз...
- А-а-а!
- Кай жактансыз?
- Семейден. А вы?
- Талдыктан.
- М-м-м!
- Настроениен как?
- Нормально! А сиздин!
- Тоже жаксы».

Коммуникациялық байланыс жүйесінде әңгімелесу дәстүрі айрықша түлегенімен де, қазақ тілінің нормалары ұдайы сақтала бермейтіні белгілі. Сонымен қатар, интернет бетінде көбіне көп қазақ тіліндегі сөздер латын әріпімен бейнеленеді. Ал, ұ, қ, і, ә секілді төл әріптердің орынын кейде у, к, и, а секілді әріптер алмастырады.

Жаңа технологиялардың дамуы мен жетістіктерінің ұлғаюы интернеттің адам өмірі үшін пайдасы мен маңыздылығын арттыра түсуде. Мұндай байланыстың тағы бір формасы «форум-байланысы». Бұл да интернеттің көмегі арқылы іске асатын әңгімелесудің бір түрі. Атап айтсақ, чат-байланыста бір-екі және бірнеше адам әр түрлі әңгімелер айтумен шектелсе, мұнда тақырып көбіне көп қоғамдық ойға бастау болған оқиғаларға қатысты өрбиді. Оқиға бір болғанымен, оның әр тұлға өзінше байыптағандықтан, мұнда әр түрлі пікірлер тоғысады.

Чат-байланыста кәдімгі әңгімелесу өріс алса, форум-байланыста әңгімелесумен қатар ой-пікірлер де көрініс табады. Мұнда әр түрлі жастағы және әр түрлі мамандық иелерінің пікірі жинақталады. Бір коммуникант екінші коммуникантты танымаса да оның пікірімен бөлісуге, қарсылық білдіруге немесе қолпаштауға мүдделі. Әдетте, әңгімелесу белгілі бір сағатта жүзеге асса, форум-байланыс түрінде әңгіме-лесудің бір жетіге дейін ұзаратынын байқаймыз. Өйткені, осынша уақыт аралығында орын алған оқиғаға қатысты көптеген пікірлер жинақталып, қорытындыланады. «Сайып келгенде, желілі орта адамға элект-ронды интеракция субъектісі арқылы қарым-қатынас потенциалдарын арттыруда хор мүмкіндіктер ұсынып отыр. Бірақ, тілдік тұрғыда негативтік тенденциялық басымдық бар екенін жоққа шығара алмай-мыз»[4].

Адресаттар бұл жүйеде өз пікірлерін екі-үш күн өткен соң да білдіруге құқылы. Сондықтан, форум байланыста әңгімелесу уақыт пен кеңістіктен тыс өрбиді. Сонымен қатар, мұнда әрбір қолданушы еркін сөйлеу машығына дағдыланған. Бұл жүйені жалқыға жалпының, жекеге көптің бағытталған ой пікірі деп түйюге негізіміз бар.

Форум-байланыстың ең қарқынды уақыттары қоғам өмірінде болған түрлі жаналықтар барысы. Жаңалық ауқымды және маңызды болса форум байланысына пікір білдірушілердің саны да арта түседі. Әңгімелесудің бұл түрін сараптасақ, оның ұжымдық деңгейі жоғары екеніне көз жеткіземіз. Жоғарыдағы мысалда адам мен қоғам арасындағы тығыз байланыс көзге түседі. Мысалдан коммуникациялық құрал-дардың қоғам өмірінен мықтап орын алуын, одан пайда болған түсініктердің әңгімелесу категориясының бір бөлшегі ретінде қалыптаса бастағанын, сондай-ақ, түрлі ақпараттардың алмасуынан жазба әңгімелесу мәнеріне өзгерістер еңгенін көреміз.

Коммуникациялық әңгімелесудің тағы бір түрі электронды пошта арқылы жүзеге асады. Бұл бүгінгі әдеби әлемде жоғалып кетті деуге саятын эпистолиярлық жанрдың қайта жаңғыруы іспетті. Эпистолияр-лық жанр жазбаша дамыды демесе, әңгімелесудің толық құрылысын кездестіруге болатын әдеби түр. Өзара жазысқан хаттардың аталмыш жанр аясына тоғысуы Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлин, М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин секілді қаламгерлердің шығармашылығын-да кеңінен ұшырасады. Бүгінгі таңда лебізді хат арқылы жолдайтын пошталық қызметтің түрі сиреп, оның орынын электронды поштаның басуы хат арқылы әңгімелесудің жаңа түрін туындатты. Қағазға негізделген хатпен салыстырғанда бұл жүйе айтарлықтай жылдамдыққа ие. Даяр болған мәтін-хат жөнелтілген кезде бір-екі секундтық уақыт аралығында иесіне жетеді. Мұндай хат үлгілерінің тілі ауызекі әңгімелесу түрімен бірдей өрбиді. Фонетикалық негіздер арқылы жасалатын мұндай хаттардан «Бүгін Республика сарайында Шахановтың кеші өтет, жүрсей, өлең тыңдап қайтайк» немесе «Бүгін ұйқтап қап, жұмысқа жүгріп жеткенім осы», «Біз асханаға баратык», «Ұмтып қаппын, сенің нөмірің қандай ет?» деген секілді жазбалар аса мол ұшырасады.

Коммуникациялық байланыс құралдарындағы жазбаша әңгімелесу ауызша әңгімелесу кезіндегідей бет-қимыл арқылы орындалатын вейрбалды ишараттарды толтыра алмайды дегенге қарсы атрибуттар ұсынуға болады.

Қазіргі қазақ интернет жүйесінде күлкіні көрсету үшін езу тартқан ерінді, қайғыруды, ренжуді, жеке-сінді, көңілденуді, жылауды, көз қысуды, бет суйуді, гүл сыйлауды, ұйқыны, темекі тартуды,

мазактауды, қуануды, билеуді, ойлануды көрсететін белгілер мол. Бұл смайликтерді коммуниканттар сөз орайы келгенде ешбір ережесіз қолдана береді. Бұл жазбаша әңгімелесуді шынайыландыра түсу үшін қажетті қосымша. Бұлар тілдік не мәтіндік құрылымға ие болмаса да тұлғаның бойындағы белгілі бір эмоциялар-дан хабар береді. Сонымен қатар бұл смайликтер айтатын сөздің мәтінін теріп жатуды қолайсыз көрген жағдайда да қолданылады. Бұл-дағы қазіргі қазақ әңгімелесу машығындағы кенінен тұрақтанған әдістің бірі.

1. Купер И.Р. Гипертекст как способ коммуникации // Социологический журнал. 2000. - № 1/2. - С. 36-57.

2. Шевченко И.С. Вариативность самопрезентации личности в интернет-общении: автореф. дис. канд. психол. наук / Шевченко И.С. – Казан: гос. ун-т. Казань, 2002. - 23 с.

3. Агент тілі қазақ тілінің тазалығын төмендетіп жіберген жоқ па? www.baq.kz/regional_media/10/194/6416/27716

4. Назаров М.М., Лассвелл Г. Структура и функции коммуникации в обществе // Массовая коммуникация в современном мире: методология анализа и практика исследований. - М., 2002.

Резюме

В статье рассматриваются механизмы и особенности общения через интернет в современном обществе.

Summary

The article deals with peculiarities and mechanisms of communication through internet in modern society.

«АҚЫЛ», «БІЛІМ» БАЗАЛЫҚ КОНЦЕПТІЛЕРІ

А.М. Рахимова – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Магистратура және PhD институтының докторанты

Қазақ тілі – сөздік қолданыстарының сапасы мықты, тілдік бірліктердің мағыналық кеңеюіне бейім, бай, құнарлы тіл. Мәселен, адамның интеллектуалдық қызметін білдіретін сөздерді жинастырып, сұрып-тап, саралай келе, адамның ақыл-ойымен тікелей байланысты шамамен 90 лексикалық бірліктің қолданы-латындығы айқындалды. Интеллектіге қатысты концептуалдық өріс: **ақыл, ой, сана, пайым, шешендік, ынта, зерде, парасат, даналық, таным, ұғым, көкей, көкірек, аңдау, сезім, көз, ес, түйсік, зейін, дарын, талант, алғырлық, тіл, қабілет, білім, оқу** және т.б. ұғымдардан тарайды.

Танымдық тіл білімінде әсіресе, орыс тілді концептосфералық зерттеулерде концептілердің мағыналық-ақпараттық аясының ауқымына баланысты макроконцептілер, базалық концептілер (В.И.Убийко, А.В.Крюков) деген ұғымдардың қолданылып жүргені белгілі. Осыған байланысты біздің зерттеуімізде *интеллект* – макроконцепт, *ақыл, ғылым, тәжірибе, мәдениет, шешендік* және т.б. – базалық концептілер болмақ, ал әрбір базалық концептілердің өрісіне енетін ұғымдарды – микроконцептілер деп атаймыз.

«Интеллект» және оның концептілік өрісіне енетін тілдік бірліктердің ең алдыңғы қатарындағы ұғым – **АҚЫЛ**, яғни бұл «интеллект» макроконцептісінің мағыналық аясына енетін **базалық концепт**. Негізінен, араб тілінің «ғақыл» сөзі қазақ тілінде «ақыл» формасында қолданылады және «адамның ойлау қабілеті, сана-сезімі» [1, 696] дегенді білдіреді.

Ақыл – адамның бүкіл болмысы, қоршаған айналасымен тығыз байланысты абстрактілік ұғым ретінде психологияның да, философияның да, логиканың да, тіл білімінің де қарастыратын концептісі. «*Сабыр, ақыл – парасаттың белгісі, Ақылсыз жан хайуанмен тең кісі*» (Баласағұн), демек, адам дүниенің барлық жаратылысынан ақылы арқылы ғана ерекшеленеді. Ақыл ұғымынан туындайтын қазақ тілінде адамның интеллектуалдық ерекшеліктерін көрсететін көптеген тілдік бірліктер, паремиялар мен фразеологиялық бірліктер, тұрақты теңеулер т.б. бар. Біз зерттеуімізде «интеллект» макроконцептісін адамның бүкіл ақыл-ой, ес, сана жүйесін білдіретін сөздер мағынасын толық қамтитын тұжырым ретінде қарастырамыз. Өйткені, «интеллект» интернационалдық тілдік бірлігінің бүгінгі күнге дейінгі қолданысын, мағыналық ерекшелігін, этимологиясын қарастыра келе, адамның ми құрылысының қызметінен туындаған іс-әрекетінің барлығын (ойлау, сөйлеу, жазу, дене әрекеті) «интеллект» терминімен ғана атауға толық негіз бар.

Зерттеуіміздің өзегі адамның интеллектуалдық сипатын танытатын концептілерді талдауға негізделгендіктен, «ақыл» базалық концептісінің мағыналық-ақпараттық аясына енетін ұғымдарды және/немесе микроконцептілерді топтастырып, олардың да лингвомәдени ерекшеліктерін қарастыру қажет. Осыған байланысты «ақыл» базалық концептісін «ақылдылық» формасында талдап

көрмекшіміз. Себебі, адамның интеллектуалдық сипатының концептуалдануын айшықтау үшін абстрактілік ұғымның бастапқы формасына қарағанда (ақыл), түрлендіре отыра (ақылды, ақылдылық) сұрыптап көрген өнімді болады. Әдетте, ақылды адамды әдетте *саналы, парасатты, ойлы, жетелі, есті, милы* деген сын есімдермен де сипаттаймыз. Әрине, бұл адамның интеллектісіне қатысты тілдік бірліктер аталған ұғымдармен шектеліп қалды деген сөз емес, тек «ақыл» базалық концептісіне мағыналық топ ретінде жатқызып отырмыз. Жалпы алғанда аталған микроконцептілер де өз алдына мағыналық-ақпараттық орта тудыра алады.

Енді «ақыл» базалық концептісінің ақпараттық аясына енгізіп отырған микроконцептілерді жеке-жеке саралап көрсек...

«**САНАЛЫ** сын. 1. Парасатты, ақылды, ойлы, ой-сезімі күшті, әр нәрсені ақылмен ойлай білетін, толғамды, есті. 2. Мәнді, мағыналы» [1; 640]. Контексте *ақыл* мен *сана* сөздері қатар немесе бірінің орнына бірі қолданыла береді (ақылды, саналы). Негізінен, биологиялық тұрғыдан алғанда адамда ең алдымен **сана** пайда болады, кейін ақылы толығады. Адамның интеллектуалдық жетілуінің деңгейі: «...адамның күрделі ми қызметіндегі таным үдерісінің белгілі бір сатысы» [2]. Бірақ «интеллект» макроконцептісінің мағыналық өрісіне енетін түсініктердің әрқайсысы белгілі бір деңгейі немесе сатысы нақтыланып айтылмайды, себебі, адамның ойының, ақылының, санасының не есінің шегі бар деген тұжырым жоқ. Мәселен, ауызекі сөйлеу тілінде: «*Бұл адамның миы істейді*» немесе «*Бұл адамның ақылы бар*», «*Бұл адам саналы*», «*Бұл адам ойлы (ауыс. ақылды)*», «*Бұл адам есті (ауыс. саналы)*» деген сөйлемдерді қолданамыз. Барлық сөйлемге ортақ ұғым – адамның интеллектуалды екендігі.

«**ПАРАСАТТЫ** – ақылды, ойлы, білімді, зерделі» [1; 668]. Бұл ұғым ақылмен бірге жиі қолданылған-нымен де, өзінің мағыналық реңкінде басқа микроконцептілерге (сана, ой, білім, т.б.) қарағанда ерекше-лігі басым. *Парасат* ұғымы *ақылға* қарағанда терең интеллектуалдық мағынаны береді, яғни ақылды адамнан көрі парасатты адамның білім-тәжірибесі, көрген-түйгені, ойлау қабілеті артық (салыстырмалы түрде). *Парасат* ұғымы, көбінесе, ақылы әбден жетілген, толыққан, кемелденген ересек адамдарға, білім-ғылымға етене жақын жандарға айтылады.

Ақыл мен парасат – егіз ұғым. Көптеген контексте болсын, ауызекі сөйлеуде болсын, ғылыми сипаттамада да, тіпті, интеллект терминінің түсіндірмесі/аудармасында да жиі бірге қолданамыз. Мысалы: *Ақыл-парасат – адамның ойлауына, пайымдауына, ғылым мен өнердің қыр-сырын ұғынуға, жақсы қылық пен жаман қылықтың аражігін ажыратуға көмектесетін күш*. (Әл-Фараби) Егер адамның интеллектуалдық сипатының концептуалдануын градациялық (үдемелі) әдіспен топтайтын болсақ, «пара-сат» ұғымы жоғарғы интеллект көрсеткіші болады.

ОЙЛЫ «1. Сана-сезімі мол, ақылды, саналы. 2. Мағыналы, мәні терең» [1; 625] деген екі мағынаны меңзейтін ұғым. Бұл түсініктің басқа интеллект мәнді микроконцептілерден айырмашылығы – мағыналық тереңдігі мен қолданыс ерекшелігінде. Мағыналық тереңдік дегенде, *ойлы* адамның, біріншіден, ақылды екендігін (*Айналасындағы әр алуан өмір құбылыстарына үңіле қарап, олардан келешек үшін керекті бір қорытынды шығармақ болған ойшыл жырау өмірмен, адам тіршілігімен байланысты көп мәселелерді сөз етеді... Ол – адам жаны, адамзаттың ойы десек, оған да шабуыл жасар күн алыс емес-ау*). (О.Бөкей), екіншіден, белгілі бір мәселені ойлау үдерісін (*Құмтөбенің басында күнісін жамылып, омырауын аңырайта аша сонау батысқа қарап ой үстінде тұрған Бархан тағы да, тағыда сол көп кешуілдемей, салып ұрып келер қыстың қамын ойлады*). (О.Бөкей), үшіншіден, адамда туындаған ойдың немесе идеяның бар екендігін (*Жеті жүз саулықты өлім-жетімге ұшыратпай қыстан қалай алып шығамын, қалай төлдетем, бесжылдықтың айқындауышы жылынды 140 қозы ала аламын ба? Секілді тағы сол үйреншікті, он бес жылдың бедерінде санасына қонақтаған ой – баяғы ой тыныш таптырмаған*). (О.Бөкей), төртіншіден, адамның уайымы, қайғысы болғандығын (*Бархан оның сөзін естіген жоқ, өз ойымен өзі әуре...*). (О.Бөкей), бесіншіден, белгілі бір шешімі, қорытынды-тұжырымы бар болғандығын (*Сайып келгенде, – деп ой түйетін, – батыр болу дегеніміз, ең әуелі адал болу*). (О.Бөкей) айтпақшымыз. Бір қарағанда, бастапқы ойлы – ақылды деген нұсқа ғана интеллект мәнді болып көрінгені-мен, психикалық күйді сипаттайтын басқа да белгілер, негізінен, адамның интеллектуалдық қызметін талап етеді.

ЕСТІ – «1. Ақылды, саналы, парасатты. 2. Білімдар, ойшыл» [1; 238] деген мағынаны береді. Жалпы «ес» түбірінің түрленуіне байланысты және есті адамның әр түрлі психологиялық сипатта болатынды-ғына байланысты тілімізде сөз қолданыстар мольнан кездеседі. Сондай-ақ «**Естияр** – ауыс. түйсігі бар, сөзінетін» [1; 238] деген мәнді беретін тілдік бірлік бар. Бұл ұғым адамның (баланың) ақыл-есі қалыптаса бастаған, белгілі мөлшерде толыққан кезін сипаттауға қатысты айтылатыны белгілі. Бұған ұқсас «есі кірген» тіркесін де адамның ақылы, санасының артуына байланысты мағынада жиі пайдаланамыз. Бірақ, *естияр* ұғымына қарағанда *есі кірген* тіркесінің қолданылу шеңбері кеңірек, себебі *естияр* сөзі адамның балалық жастан ересек жасқа өткендігін сипаттайды. Мысалы: *Дәл биыл да болған «ес кірейін» дегені шығар, байғұсқа» деп жорыды*. (О. Бөкей)

«Есті» микроконцептісі адамның интеллектуалдық сипатын қалай білдірсе, кей контекстерде, тілдік қолданысымызда психикалық, эмоциялық ерекшеліктерді де білдіріп беріледі. Мәселен: *Есі шығып айғай салды да, жын ұрғандай құм көшкен ізбен дедек қағып, қос өкпесі қабына жүгіріп барады, эне...* (О. Бөкей). Бұндағы «есі шығу» тіркесі жоғарыда айтылған «есі кіру» қолданысымен құрылымы (шығу – кіру) жағынан да, семантикалық тұрғыдан да антонимдес. *Есі шығу* берілген мәнмәтінде адамның эмоциялық әрекетін, психикалық күйін бейнелеп тұр және осындай жағдайда адамның іс-қимылы немесе сөзі санасына бағынбайтыны (тура мағынада) белгілі. Демек, санасы, ақылы итермелеуші болмаған әрекет деген сөз.


«Ес» микроконцептісінің ақпараттық ортасына *ми, жад* деген тілдік бірліктер енеді. Мәселен, ауызекі тілде: *есіне сақтау, миына тую, жадына жазып алу, ойына жинау* сияқты мағыналас тіркестер соны көрсетеді. Аталған ұғымның осындай мәнде қолданылған бірнеше мысалын (О. Бөкей шығармаларынан) келтірейік:

- *Ұмыт қалдырып, есіне түсіре алмай басы қатқан қимасын іздегендей меңірейді де жүрді.*
- *Оның есіне өткен қыстың қалай өткені түсті. Оның есіне тағы да мектептегі өмір түсті.*
- *Әлгінде ашумен өзі сындырып тастағаны есіне түсіп, шойнаңдай басып үйге беттеді.*
- *Қызық, ашу қысып алжасқаныма көрінсін, кісінің есіне қайдағы-жайдағы оралады екен.*
- *Қаниа жер ұзағаным есімде де жоқ, тек Шолпан жұлдызы ауа ғана кері бараққа оралдым.*
- *Әр күн сайын есіме түсіп, жүрегімді жараламайма.*

Байқап отырғанымыздай, «есті» ұғымына қатысты қолданыстар қаншалықты интеллект мәнді болғанымен, соншалықты психологиялық күйге жақын бейнеде болады. *Сана, ой*, ұғымдары сияқты *ес* сөзі де, көбінесе, ақылмен тіркесіп, қосарланып қолданылады. Мысалы: *Нартайдың жалғыз отырғанын көрген соң ғана, ес-ақылымды жинай бастадым. Осындайда кісінің бойын бойкүйездік билеп, ес-ақылдан айырылып басыңды тұмшалап алып ұйықтай бергің келеді. Ес-ақылдан айырылған Аспан «алла-алла» - деп отын тиеген жайдақ шанаға құлап түсті.* (О. Бөкей)

ЖЕТЕЛІ ұғымы тілімізде саналы, ойлы сөзімен синонимдес. Негізінен, «**жете** ауыс мағынада ақыл, сана, ми, өре» [1; 383] дегенді білдіреді және халқымызда бар «Жетелі жеті жұртқа барады» деген нақыл сөз осы мағынаны айшықтайды.

«Ақыл» базалық концептісінің (БК) мағыналық-ақпараттық аясына енетін осындай кейбір абстрактілік ұғымдарды саралай келе, төмендегідей концептуалдық сызба өндіруге болады:



"АҚЫЛ" БК

1-сурет


«Ақыл» базалық концептісіне енетін микроконцептілерді (кестеде берілгендей) градуалды ретпен жүйелейтін болсақ: бірінші топта – есті, ойлы, жетелі, екінші топта – саналы, үшінші топта – парасатты микроконцептілері тұрады.

Жиырмамыншы жылдар басында қоғамдық ойда Абай шығармаларын жариялау жөнінде пікірлер туындай бастады. Бұл іспеттес пікірді тілші ғалым Т.Шонановтың мақаласында айтылған деректер арқылы дәлелденіп жатты. Уақыт талабы тудырған бұл рухани сұранысқа назар аударған Қазақстан Оқу комиссариаты Абай шығармаларының толық жинағын құрастырып басып шығаруды ресми түрде ақын Бернияз Күлеевке тапсырды. Бернияз Күлеев осы мақсатты жүзеге асыру үшін, Абай өмірбаяны мен шығармаларын толық түрде жинастырмақ болып, «Еңбекші қазақ», «Ақжол», «Степная правда» газетте-ріне жазған мақала үндеулерінде алға қойылған мақсатын анықтап та берді. Олар: Абайдың қара сөздерін бар болмысымен толық жариялау, Абай өмірбаянына байланысты фотокұжаттарды толық қамту, Абай өмірбаянын жаңа дерек мағлұматтарымен толықтыра түсу, ақын өлеңдерін бастапқы табиғи қалпына түсіру, яғни өлең өрнектерін қалыптастыру мәселелерін алға қойды. Қаншалықты күш салып әрекеттенсе де, заман ауыртпалығы қол байлау бола берді. Қазан қаласында 1922 жылы Абайдың тұңғыш өлеңдер жинағын (1909) қайталап басумен тоқталды. Дәл осы жылы Ташкент қаласында Абайдың өлеңдер жинағы да осы қалыпта басылым көрді.

Абай мұраларының төңкеріске дейінгі жариялануы, таралуы жайында нақтылы ұғым, белгілі хабар беретін жазба деректердің бірі – «Дала уалаяты» газеті еді.

«Дала уалаятының газеті» қазақ әдебиетінің жәй-күйі мен болашағы, бүгінгі заманға қандай әдеби шығармалар қажет екендігі жайында талай ойлы да құнды материалдар жариялады.

1889 жыл әдеби тұрғыдан алғанда газет өміріндегі ең бір елеулі жыл. Абайдың екі өлеңі («Жазды күн шілде болғанда» және «Күлембайға») тұңғыш рет баспасөз бетінде жарияланып, әдебиет тарихындағы елеулі оқиғаға айналды.

Ақынның көзі тірісінде сонау қияндағы Қазанда «Князь блан Загифа» (1897 жылы басылған) қиссасындағы кездесетін «Сынағандағы аттың сыны» немесе «Шоқпардай кекілі бар қамыс құлақ», «Бүркіт» («Қан сонарда бүркітші шығады аңға») деген атпен Абайдың атақты екі өлеңінің жариялануы назар аударарлық құбылыс. Бұл кітапта қиссаны бастырушы- Бектұрған Сикымбайұлы, өлең етуші Жанұзақ ақын деп көрсетілген.

«Князь блан Зағифа» қиссасы князь атанған жігіт пен Зағифа деген ақын қыздың жұмбақ айтысына құрылған. Қиссадағы бас кейіпкер жігіттің өзі арман еткен ат пен құстың сипаты былай еді деп, шығарушы Абайдың атақты екі өлеңін «Сынағандағы аттың сыны», «Бүркіт» деген атпен түгелімен келтіреді. Бірақ бұл өлеңді Абайдың атынан емес, қиссаны шығарушы өз атынан:

*«Насихат қып шығардым, осы сөзді,
Бозбала, осыны оқы сөз таппасаң»,*

- деп келтіреді.

Қиссадағы өлеңде кездесетін өзгерістер, өлең жолдарындағы сөздердің орнын ауыстырулар, «кейінгі автордың» өзінше «жаңа жолдар» қосуы мұнда жиі кездеседі.

Абай шығармаларының ең алғашқы жинағы 1909 жылы Санкт-Петербург баспасынан жарық көрді.

Абайды танудың басы, алғашқы адымдары Қазан төңкерісінен бұрын басталған. Абайдың ақындық еңбектері үш түрлі боп жайылып тарағанын еске алу керек. Бірінші жолы - баспа арқылы тарауы; екіншісі - халық арасында ауызша жатталып, әнмен аралас тарауы; үшіншісі - қолжазба көлемінде әр көлемді жинақтар боп, көшіріліп тарауы.

Абайдың өмірі мен шығармалары туралы жазылған зерттеу еңбектерді, монографияларды түгелдей алғанда Абайтану сан алуан маңызды мәселелерді қамтитын, көп салалы ғылым болып қалыптасты. Басты мәселелер қатарында алдымен Абайдың өмір жолын зерттеу, оның шығармашылық жолының халықтық негіздерін, ұлттық сипатын айқындау, лирикалық шығармаларының, дастандары мен қара сөздерінің тақырыптық, идеялық, жанрлық, тілдік ерекшеліктерін, ақындық тұлғасын, суреткерлік әдісін, көркемдік шеберлігін тереңдеп ашып көрсетуге қатысты мәселелерді, сондай-ақ ұлы ойшыл ақынның дүниетанымын, қоғамдық, философиялық, эстетикалық көзқарастарын зерттеу мәселесі жатады. Бұларға қоса Абайдың шығыс, орыс, еуропа әдебиетімен шығармашылық байланысы, ақын шәкірттері, өнерпаздық дәстүрлерінің қазақ әдебиетінде жалғасуы секілді мәселелерге де үнемі назар аударылып келеді. Абайтанудың өзекті мәселелері бұл айтылғандармен шектелмейді. Соның бірі Абай өлеңдерінің жариялану тарихын кеңінен талдау.

Абай шығармаларын жариялау мәселесі 1921 жылдан бастап қана жүйелі арнаға түсе бастады. Осы-дай ыждаһатпен 1921 жылы Қазанда, 1923 жылы Ташкентте Абай өлеңдерінің жинағы шықты.

Бұл жинақтардағы шығармалар 1909 жылғы жинақта жария болған шығармаларды қамтиды.

Абайдың әдеби мұрасын жұртшылыққа танытумен ол мұраны зерттеу ісінде 30-жылдары айрықша көзге түскен жазушы, ғалым, Мұхтар Әуезовтың зерттеулері абайтану тарихында ерекше орында. Абайдың қайтыс болуына отыз жыл толуына орай басылым көрген Абайдың тұңғыш толық шығармалар жинағы мен Абайдың ғылыми өмірбаянының қоса жариялануы М.Әуезовтың абайтану саласының негізін қалаған тарихи еңбегі ретінде қабылданды.

М.Әуезовтің басшылығымен 1933 жылғы тұңғыш жарияланған толық жинақ ақын мұрасын жалпы бағалауда, танып-білуде орасан зор маңызы бар мәдени құбылыс. Бұл толық жинақтың Абайдың 1909 жылғы Санкт-Петербургта, 1916 жылғы Орынбордағы, 1922 жылы Қазан мен Ташкентте басылған жинақтарынан көп жағынан айтарлықтай өзгешеліктері бар еді. Бұл жинаққа жаңадан көптеген өлеңдер енгізілген. Сонымен бірге осы жолы «Әзім», «Вадим» және «Қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» дейтін сөзі де тұңғыш рет басылған болатын. Бұрын басылған кейбір өлеңдердің тексті анықталып, түзетулер кіргізіледі. Кітаптың соңында «Абайдың туысы мен өмірі» деген М.О. Әуезов жазған мақала және «Абайдың жазған өлеңдерінің қашан, қалайша жазылғандары туралы түсіндіру, қосымшалар» бар.

Ақынның толық жинағы, кейін 1939-1940 жылдары екі том болып, тағы басылып шықты. Онан соң, әсіресе толығырақ болып топталып, ұлы ақынның жүз жылдық мерекесіне арналған толық жинақ түрінде 1945 жылы басылды. 1945 жылғы толық академиялық жинақ ақынның туғанына 100 жыл толу мерекесіне арналып шығарылды. Бұл жинақта бұрынғы баспаларына еңбеген Абайдың 7 өлеңі берілген («Домбыраға қол сокпа», «Түбінде баянды еңбек егін салған», «Әйелің Медет қызы аты Өрім», «Бөстегім құтылдың ба Көтібақтан», «Мен боламын демендер», «Ойға түстім толғандым», «Қулық пенен сұмдыққа»). «Әзім әңгі-месінің» аяғына бұрынғы баспаларында жоқ 12 жол өлең қосылған. Бұрын II томында 37-сөздің ішінде бір басылған шағын бір өсиет сөз, мағына, тақырып жағынан афоризм сөздер тобына жатпайтындығын еске алып, оны өз алдына 45-сөз етіп берген. Бұрынғы баспаларын, қолжазбаларды қадағалап қарау нәтижесінде Абайдың осы баспасында да бірталай сөздер жөнделген. Бірталай сөздеріне жаңаша дұрыс түсініктер, талдаулар берілген.

Абай шығармаларының екі томдық жинағы 1954 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасынан шыққан. Бұл жинақта Абай шығармаларына түсінік жазғандар З.А.Ахметов, И.Т.Дүйсембаев, Ф.Т.Әбетов және М.С.Сильченко қатысқан.

Ал, алғысөзде осылай десе, бұл жинақта Абайдың бұрынғы өлеңдер жинағына кіріп жүрген өлеңдерінен 11 өлеңі кірмей қалған. «Кім екен деп келіп ем түйе қуған», «Абдрахманға», («Орынсызды айтпаған»), «Разаққа», «Дүйсенкұлға», «Көкбайға» («Бұралып тұрып», «Сорлы Көкбай

жылайды)), «Ғалымнан надан артпас ұққанменен», «Шәріпке», «Түбінде баянды еңбек-егін салған», «Мен боламын демендер» т.б. Бұл өлеңдердің Абай жинағының («Толық жинағының») ішіне не себепті кірмей қалуы айтылмаған.

1957 жылы «Қазақтың Мемлекеттік Көркем Әдебиет» баспасынан Абай шығармаларының екі томдық толық жинағы жарық көрді.

Абай шығармаларының бұл толық жинағы қолжазбалар мен бұрынғы баспаларды, жаңадан тексеріп, зерттеу негізінде баспаға дайындалды.

Бірінші томға өлеңдер мен поэмалар, екінші томға аудармалар мен қара сөздер кіргізілген. Екінші томда Мұхтар Әуезов жазған Абайдың өмірбаяны берілген. Шығармаларға түсініктер, алфавиттік көрсеткіштер әр томда текстен кейін, ал кісі аттарына түсініктер екінші томның соңында берілген.

Абай шығармаларының екі томдық толық жинағының ең соңғы рет 1977 жылы Қазақстанда «Ғылым» баспасынан басылып шыққаны мәлім.

Осы басылымның бірінші томының басында: «Қазақ әдебиетінің классигі Абай Құнанбаев шығармаларының екі томдығын баспаға дайындау үстінде бұрынғы басылымдарындағы жетістіктер пен кемістіктер түгелдей ескеріле отырып, тыңнан текстологиялық тексерулер жүргізілді, түсіндірме сөздер толықтырылып түзетілді. Сондай-ақ Абай шығармаларының текстологиясы жөнінде бұрын-соңды айтылып келген орынды пікір мен ұйымды ұсыныстар қабылданды» делінген.

Абайдың 1961 жылы жарық көрген шығармаларының бір томдық толық жинағында тұңғыш рет көптеген суреттер мен ақынның соңғы жылдары табылған жаңа өлеңдері кірді. Кітапқа ақынның замандастарының естеліктері берілді. Бұл жинақтың редакциясын Ә.Жиреншин басқарды.

Абайтану тәуелсіздік алғаннан кейін жаңа тұғырға көтерілді. Бұлай дейтініміз, одан бұрын Кеңес өкіметінің кезінде қыспаққа ұшырап, жарияланбай келген тың мәліметтер басылым бетін көрді.

1995 жылы ұлы Абай өлеңдерінің екі томдық толық жинағы жарық көрді. Бұл жинақты дайындауға З.Ахметов, С.Қирабаев, С.Қасқабасов, М.Мырзахметұлы, Ж.Шойынбетов, Б.Байғалиев, Қ.Мұхамедханов, Ж.Ысмағұлов, Қ.Салғарин қатысты.

Бұл жинақты баспаға дайындау кезінде шығарушылар Мүрсейіт қолжазбаларын, 1957 жылы жарық көрген Абай өлеңдерінің толық жинағын басшылыққа алған. Оны біз 1995 жылы жарық көрген Абай өлеңдерінің екі томдық толық жинағының алғысөзінен көруімізге болады.

Бұл жинақта Алла, Құдай, мінәжат, тәуба, иман сөздері қалпына келтірілген түрде берілген. Сонымен қатар ақын шығармаларында кездесетін араб, парсы сөздеріне тұңғыш рет ғылыми түсініктемелер берілген.

Әр дәуір, қоғамдық өзгерістер, көзқарастардың жаңаруы оған өз міндетін жүктейді. Әр ұрпақ Абай жөнінде өз сөзін айтатын болады. Оның себебі, Абай мұрасы кейінгі кенже ұрпақ үшін қазақ халқының қатпар- қатпар тарихы тәрізді зерттеушілері ой түренін әлі де терең қарпып сала алмай, қойнау-қыртысы ашылмай жатқан тың іспетті. Ақынның мол мұрасы ұрпақтан ұрпаққа мирас болып, ғасырдан ғасырды көктей өтіп, жалғасып кете бермек Тыңырыққа тіреліп, қиналған сәтте көзі ашық, көкірегі ояу кез- келген азамат Абайға жүгінсе, жол таппай қоймайды.

Резюме

В данной статье рассматриваются публикации произведения Абая.

Summary

This article discusses the publication of Abai.

ОСОБЕННОСТИ ЖАНРА РАССКАЗА В ПРОИЗВЕДЕНИИ Ю.НАГИБИНА «СВЕТ В ОКНЕ»

А.А. Джунисова, Д.Алиева

Сборник известного советского писателя «Вдали музыка и огни» свидетельствует о том, что автор остро чувствует время перестройки, соучаствует в ней, открывая тем самым новые стороны своей творческой личности. В книге отражено то главное, чем жил писатель в последние годы, о чем думал и что вспоминал: повести «Встань и иди», «Поездка на острова», рассказы «Эх, дороги...», «Ночной дежурный», «Сауна и зайчик» столь же сильны гражданским чувством, как два ранее написанных рассказа «Шестнадцать процентов» и «Свет в окне». При разном темпе и стилевом многообразии сборник един в пронизывающем его чувстве глубокой и подлинной заинтересованности в судьбе своей страны, в желании полного очищения от всего мешающего ее движению к лучшему.

Большинство рассказов Нагибина, объединенные общей темой, «сквозными» героями и образом повествующего, складываются в циклы – военный, «охотничий», историко-биографический, цикл путевых рассказов. Долгие годы автор рассматривался преимущественно как новеллист, стремящийся «сказать в малом о большом».

Рассказы Ю.Нагибина могут сослужить верным термометром того года: они показывали точную ту температуру, до которой московская интеллигенция разрешила себе нагреться и проявиться. Рассказ «Свет в окне» ещё смелей: социальное разоблачение на самой неопасной теме - дом отдыха. Долгое время там неприкасаемо хранился отдельный благоустроенный флигель на случай внезапного приезда начальства. Но теперь «в отношениях между людьми всё более укреплялся дух взаимопонимания и доверия» - и уборщица самовольно впускает в запретные покои обслугу дома отдыха, повеселиться при телевизоре и бильярде, и директор чувствует, что это - хорошо, справедливо. (Он и сам собственную сви-ню отдал зарезать на прокорм отдыхающих). Такая робко-возвышенная советская влащавая картинка [1].

I этап - анализ названия. Его функция – в выявлении в ткани произведения «Свет в окне» [2] доминирующих уровней *содержания* (идейно-тематический уровень - ИТУ, ритмико-интонационный уровень - РИУ) и *формы* (сюжетно-композиционного уровня - СКУ, знаковый уровень - ЗУ) для формулирования *содержательно-формального* (ЗС - *знакового смысла*) признаков. Доминирование ЗУ проявляется в опоре на смысловое значение названия. Опираясь на словарное значение названия (*свет* – освещение, исходящее от какого-либо источника; *окно* – отверстие в стене для света и воздуха, а также рама со стеклом, закрывающая это отверстие) [3, с. 802, 982], раскрываем его знаковый смысл. Он - в чувстве *интереса*, антоним - *безразличие*, что определяет конфликт *фабулы*. После анализа конфликта, сюжета, композиции, системы образов текста можно полнее осмыслить название произведения. Это указывает на доминирование другого формального уровня – СКУ. Внимание на чувствах и переживаниях героев на фоне социального обуславливает *социально-психологическую* жанровую разновидность. Смысловой антоним к названию произведения («Свет в окне» – темнота) указывает на *нереалистический* характер изображения.

II этап - определение верхней и нижней границы хронотопа настоящего времени (НВ) в произведении «Свет в окне» Ю.Нагибина. Верхняя граница хронотопа настоящего времени, т.е. завязка начинается с предложения («Однажды Василий Петрович возвращался домой после одинокой ночной прогулки») [2, с. 139] и соотносится со вторым из восьми критериев (с последними событиями или переживаниями в жизни героя, близкими по времени к нам, читателям) [4, с. 12-13]. Экспозиция перед завязкой – черта *малой жанровой формы*. Нижней границей хронотопа НВ, т.е. развязкой являются заключительные 2 абзаца текста («А затем Василий Петрович орал, грозил, топал ногами, заходясь и пьянея от собственного крика»). В пределах хронотопа НВ можно сформулировать объектную тему (ОТ), т.е. конфликт эпохи и личности: действия разворачиваются в доме отдыха, где центральным образом является образ директора и его взаимоотношения с уборщицей Настей, отражая психологию и сознание личности эпохи «оттепели». Это формулирует такой формальный признак, как *социально-психологическую* жанровую разновидность и *нереалистический* характер изображения, что изоморфно первому этапу по закону системы. Содержание и тип ОТ обнаруживается при изучении развязки, т.е. активного центра (АЦ).

III этап - анализ нижней границы хронотопа настоящего времени. Активный центр определяется заключительными двумя абзацами. Его тема – в *чувстве вины*. Антоним – *осуждение*. При синтезе признаков трех родов литературы очевидно доминирование эпического. Повествуется о яростном негодовании Василия Петровича и невозмутимости нарушителей; о замолчавшем Василие Петровиче, который «с удивлением прислушивался к странному ощущению гадливости к самому себе». Лирический род передает внутреннее состояние героев через экспрессивную лексику («орал»,

«грозил», «топал ногами», «пьянея от собственного крика», «яростное негодование», «грубо», «гнева», «суровые лица»). Приметы драматического рода - прямая речь и «событие самого рассказывания». Жанровая форма – *малая* ввиду изображения двух героев (Василия Петровича, повествователя) с упоминанием нарушителей в двух ситуациях и малого объема (2 абзаца из 5 предложений). Тип начальной синтагмы развязки («А затем...») – *социально-психологический и философский* (ТНС выражен хронотопом времени, отвечая на вопрос когда?). В последнем предложении («И, глядя на их суровые, почти торжественные лица, Василий Петрович вдруг осекся, замолчал, с удивлением прислушиваясь к странному, новому, незнакому ощущению, которое подымалось, росло внутри него, пронизывая до кончиков пальцев, ощущению невыносимой гадливости к самому себе») есть ключевые авторские антонимы («суровые, почти торжественные лица» - «ощущение невыносимой гадливости к самому себе») в подтверждение выявленному нами социально-психологическому и философскому конфликту *чувства вины и осуждения*. Первичное читательское восприятие (ПЧВ) - *в понимании*, т.к. в АЦ задана авторская установка. Нам понятно состояние Василия Петровича, внезапно охваченного чувством гадливости к самому себя. Поскольку в АЦ «порядок», то при малой жанровой форме в развязке будут выражаться признаки *жанра рассказа*. В свете *постмодернистского* отображения чувства омерзения директора дома отдыха есть проявление его неоднозначных эмоций на поведение служащих, временно облюбовавших флигель для высокопоставленных гостей: сначала он в гневе обрушивается на них, но потом неожиданно смолкает, поскольку в душе понимает свою неправоту. Состояние гадливости героя ярко выражено *экспрессивной* лексикой и приемом повтора («Василий Петрович» - 2, «его» - 2) с преобладанием *символики* цифры 2 (беспокойство). Отзвук эпохи 50-60-х годов улавливается в предложении «Он так старался, словно рассчитывал, что его яростное негодование достигнет ушей того, чьи права были столь грубо нарушены», в котором отражается переломное в сознании и психологии личности, борьба «старого» и «нового». Другая примета *реализма* - внутреннее состояние героев, обусловленное их действиями в данной ситуации. Ю.Нагибин как тонкий психолог души человека показывает пробуждение «нового», «победы» нравственного чувства.

IV этап. Анализ смысловых частей (СЧ) текста в обратном движении от АЦ с целью раскрыть изоморфизм примет содержания и формы в развязке и пяти микрофокусах и одном фокусе.

Экспозиция представлена четырьмя микрофокусами. Остановимся на четвертом микрофокусе (с его прогностической функцией) и фокусе.

Четвертый микрофокус (МФ) связан с темой *презрения*. В нем *повествуется* о минувших годах и «пустых, необитаемых, холодных, никому ненужных чистых комнатах»; о чувстве ненависти Насти, порожденном «тщетным ожиданием, даром потраченными заботами»; о Василии Петровиче, которому казалось, что Настя стала халатно относиться к своим обязанностям; о растущем ее презрении к «незримому жильцу», которому «отданы эти просторные комнаты, красивые, нужные вещи». *Лирический род* выражает чувства и переживания героев через эмоционально окрашенную лексику («ненависть», «обманули», «страстный», «недовольно хмурил брови», «презрение», «жесточайшей», «красивые»). *Драматический род* выражается повествованием и «событием самого рассказывания». О *малой жанровой форме* свидетельствуют действие двух героев (Настя и Василий Петрович) в четырех ситуациях, а также малый объем (12 предложений). Жанровая разновидность («Но проходили дни...») – *социально-психологическая*. Потенциальный смысл последнего предложения («Ей казалось теперь жесточайшей несправедливостью, что ему отданы эти просторные комнаты, полные света и воздуха, все эти красивые и нужные вещи»), в котором отсутствует авторская установка - в чувстве *презрения*, антоним – *почтение*. В содержании самого 4 МФ также не наблюдаем антонимов, что является приметой *жанра рассказа*. Следы *ОТ* и *постмодернистского* изображения отразились в сути конфликта смысловой части: пустое ожидание, даром потраченные заботы меняют ее отношение к себе и к работе, происходит переоценка ценностей - она не хотела больше ждать, потому перестала что-либо перемещать в комнатах. Как видим, очевидна смена одного состояния другим. Проявление *постмодернистской текучести* (по Д.В.Затон-скому) [5, с. 165] и в другом: хотя она и чувствовала ненависть к незримому гостю, но все же добро-совестно относилась к своим обязанностям. Эту перемену замечает директор, который видит, что придаться не к чему, но все же чего-то не хватает. Обращает на себя внимание *экзистенциалистская* картина описания долгое время пустующей комнаты в параллели с описанием выражения лица Насти, что достигается такими средствами, как метафоры («необитаемые и холодные комнаты», «шары жирели и пухли»), метафорические эпитеты («травяная зелень бильярда»). Комната, с одной стороны, символизирует одухотворенность Насти, с другой, становится причиной ее беспокойства. Приметы *экспрессионизма* - экспрессивная лексика, восклицательный знак, прием повтора («Настя» - 5, «по-прежнему» - 4, «обманул» - 3, «ждать» - 3, «пыль» - 3, «комната» - 3, «вещи» - 2, «лица» - 2, «телевизор» - 2, «палец» - 2) с преобладанием символа цифры 2,5 (беспокойство) выражают чувство презрения героя. *Реализм* – в описании комнат.

Рассмотрим содержательные и формальные признаки этой *прогностической СЧ*. 1. ПС 4 МФ (презрение) и ЗС (интерес) не противоречат друг другу, что указывает на отсутствие в этом произведении подтекста – приметы жанра рассказа. В этом отсутствии подтекста – системное проявление связи 4 МФ и АЦ, в котором есть авторская установка («порядок»). 2. ПС 4 МФ (презрение) определяет *замысел* Ю.Нагибина: социальное разоблачение на фоне дома отдыха установок среды, отразившихся и на его «обитателей». 3. ПС (презрение) является выразителем разума. Это, по концепции Ю.Г. Нигмагуллиной, относится к социальному мировоззренческому принципу эстетического идеала писателя. *Рассудочному* обычно противопоставит *естественное чувство*, а этот контраст лежит в основе *романтического содержания* эстетического идеала Ю.Нагибина. Формальные признаки прогностической МФ: 1. Отсутствие подтекста характерно *жанру* рассказа, что мы раскрыли при анализе АЦ. 2. Верность определения верхней границы хронотопа НВ (завязки) подтверждает ПС 4 МФ. 3. Доминирующий метод изображения постмодернистский с чертами экспрессионизма, символизма, реализма и экзистенциализма.

Фокус (кульминация) связан с темой *неожиданности*. Речь идет о действиях Василия Петровича при виде света в окне необитаемого флигеля; о его представлениях, что наконец-то прибыл долгожданный знатный гость; о недоумении директора; о странном ощущении Василия Петровича при виде через окно в комнате для особых гостей уборщицы Насти, дворника Степана и его детей; о Насте, которая нарушила запрет и в этом «очарованном мире» считавшей себя хозяйкой и неоднозначной реакции на это директ-тора. Лирический род выражается экспрессивной лексикой («странное чувство», «радость», «диковатое чувство», «тоскливое недоумение», «грубым») и приемом повтора («Василий Петрович» - 5, «он» - 4, «свет» - 4, «окно» - 4, «Степан» - 3, «телевизор» - 3, «она» - 3, «очень» - 3, «ждал» - 3, «бильярд» - 2, «гостиной» - 2, «дворник» - 2, «кресло» - 2, «горел» - 2, «фука» - 2, «свершилось» - 2). Примета драматического рода - «событие самого рассказывания». Жанровая форма – *малая*: 6 абзацев из 17 предложений; 6 ситуаций; 3 героя (Василий Петрович, Настя, Степан Клавкин). Тип начальной синтагмы («Василий Петрович завернул...») – *лирический, социально-психологический*. В ПП («Но он тут же поднял руку и резким, грубым движением, так что зазвенели стекла, постучил в окно...») нет антонимов. ПС - в чувстве *неожиданного*, антоним – ожидаемое. В СЧ есть антонимы («ждал более года» - «перестал ждать», «знатный гость прибыл» - «отсутствие директора», «мысль» - «тоскливое недоумение», «очень хорошее» - «грубое движение», «странное, диковатое чувство» - «трезвое чувство»), среди которых ключевым является последняя пара. Проследим проявление следов ОТ и постмодернистского изображения. Неожиданное поведение Насти вызывает осуждение со стороны Василия Петровича. Тогда как ожидаемое было связано с приездом знатного гостя. Реакция Василия Петровича в данной ситуации «*двойственная*»: с человеческих позиций он понимает мотивированность действия Насти, но в то же время, как директор, не может закрыть на это глаза. В *романтическом* плане описывается картина «оживления» предметов комнаты в представлении директора. Другая его примета - позиция Насти, нарушение ею запрета. Возможно, в этом проглядывает протест автора против укоренившегося в системе (как *реалистическая* примета). Функция экспрессивной лексики и приема повтора с доминантой цифры 2 – раскрыть реакцию героя на неожиданное - поступок Насти.

ВЫВОДЫ по системному анализу *содержания (С)* и *формы (Ф)* рассказа «Свет в окне» Ю.Нагибина:

1 *Ф* В рассказе Ю.Нагибина «Свет в окне» 7 СЧ (5 МФ, 1 Ф, АЦ), что указывает на малую эпическую форму произведения. Системно это подтверждается одним фокусом, признаками малой жанровой формы в АЦ и в пяти МФ, а также присутствием экспозиции.

2 *ФС* Доминирует социально-психологическая жанровая разновидность. По ТНС 1 и 5МФ - социально-психологический и лирико-философский, 2 и 4МФ - социально-психологический, 3МФ - сатирический, социально-психологический, Ф - лирический, социально-психологический, АЦ - социально-психологический и философский. Очевидное разнообразие оценок изображаемого Ю.Нагибиным указывает также на соответствие жанровой разновидности этого произведения *критерию художественности*.

3 *С* Преобладание знаков в конфликтах смысловых частей текста - показатель трансформации писателем затрагиваемых им современных проблем во *вневременной общечеловеческий* план изображения.

4 *СПС* 1 МФ – неоднозначность, 2 МФ – желаемое, 3 МФ – осуждение, 4 МФ – презрение, 5 МФ – спокойствие, Ф – неожиданность, АЦ – чувство вины. ПС всех СЧ выражают борьбу естественных чувств с разумом, как и ОТ (чувство вины - осуждение), поэтому *эстетический идеал* Ю.Нагибина (*инвариантная тема*) связан с *утверждением в качестве прекрасного сочетания чувств с духовностью*. В свете идеи возникает дополнение как смысла названия, так и ситуаций рассказа. Ю.Нагибин поднимает нравственные проблемы советской эпохи. Обращаясь к истории дома отдыха,

чтобы показать судьбу страны, писатель выражает мысль о необходимости изменения системы, «очищения» от всего того, что «тормозит» ее развитие.

5 ФС Конфликт ОТ подготавливается конфликтами МФ и Ф, а он, в свою очередь, является стержнем их конфликтов, что раскрывает системность текста, т.е. изоморфизм частей системы.

6 Ф ИТ (вторичное читательское восприятие, т.е. идея) не противоречит ПЧВ (пониманию), что указывает на отсутствие подтекста в произведении «Свет в окне», который относится к жанру рассказа. Системно жанр рассказа вытекает как из «порядка» в АЦ (авторские антонимы), так и из прогностического 4 МФ (его ПС не противоречил ЗС названия), и «хаоса» в 4 МФ. Таким образом, по жанровому признаку наблюдаем соответствие критерию художественности.

7 Ф ОТ и ИТ не противоречат друг другу, что определяет реалистический тип мышления Ю.Нагибина. Однако романтическое содержание эстетического идеала, авторские антонимы в АЦ, повествовательная интонация в развязке формируют романтико-реалистический стилевой синтез.

8 Итак, «Свет в окне» Ю.Нагибина – малый по жанровой форме, социально-психологический и философский с чертами лирического и сатирического по жанровой разновидности, рассказ по жанру, романтико-реалистический синтез по стилю, постмодернистский с приметам романтизма, экспрессионизма, экзистенциализма, символизма, реализма по методу изображения.

1. <http://www.krugosvet.ru/> Сочинения: В 11-ти томах /Сост. Ю.Нагибин. М., 1989-1993; Тьма в конце туннеля. Моя золотая теща. - М., 1994; Нагибин Ю.М. Дневник. - М., 1995.

2. Нагибин Ю. Свет в окне // Ю.Нагибин. Вдали музыка и огни. Повести и рассказы. – М.: «Современник», 1989. – С.132-141.

3. Ожегов С.И. и Шведова Н.Ю. Толковый словарь русского языка. – М.: ООО «ИТИ Технология», 2006. – С. 899.

4. Кулумбетова А.Е., Джунисова А.А., Садуакас Г.К., Мырзабекова А.К. Система содержания и формы лирического, эпического и драматического художественного текста. Учебное пособие. – Алматы: Искандер, 2008. - С.178

5. Затонский Д.В. Модернизм и постмодернизм. – М.: Фолио-Аст, 2000. – 268 с.

Түйін

Ю.Нагибиннің «Свет в окне» атты шығармасы алғашқы рет жүйелік талдау арқылы жанрлық ерекшелігі зерттелуде.

Summary

The short story of U. Nagibin «Svet v okne» is researched first time by the systematical analysis. Its genre difference are considered there.

БАҚТЫБАЙ АҚЫН ТІЛІ

Ә.Қ. Қоспағарова, Ә.Қ. Құдайбергенова – Абай атындағы ҚазҰПУ

Әдебиеттің көркемдік қырларын, бейнелілік мазмұнын тануда А.Байтұрсыновтың пікірінің орны ерекше демекпіз: «Сөз өнері – адам санасының үш негізіне тіреледі. 1. Ақылға; 2. Қиялға; 3. Көңілге. Ақыл ісі – ондау яғни нәрселердің жайын ұғу, тану, ақылға салып ойлау, қиял ісі – меңзеу, яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бернесіне ұқсату, бернелеп суреттеп ойлану, көңіл ісі – тую, талдау. Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанша, қиялдың меңзеуін меңзегенше, көңілдің туюін түйгенше айтуға жарау» [1, 26-б.].

Ақынның қаруы - тіл. Күллі құбылыстар құпиясы мен олардың сабақтастығын айтып бере алатын күш-поэзия десек, ал поэзия тілі -образды қуат пен бейнелі суреттің, сұлу ырғақ пен төгілмелі ұқсастың негізі [2, 13-б.].

Б.Жолбарысұлы өлендеріндегі, толғауларындағы, дастандары мен айтыстарындағы көркемдеуіш құралдарын, бейнелі сөздер мен сөз тіркестерін, поэзиялық шығарманың көркемдік жүйесін қалыптасты-руда айрықша орынға ие болатын өлең құрылысының ерекшеліктерін қамти отыра әдеби-көркемдік талдаулар жүргізбекпіз.

Накыл өлеңдер – ақындардың философиялық ойшылдық тереңдіктерін танытатын аса терең мағыналы шығармалар.

Жалпы естіртудің соңы әркез жұбатуға, көңіл айтуға ұласады. Қазаны естіртіп отырып, адамды сабырға шақыртудың өзі де табиғи дүние болса керек. Бірақ бұдан естірту мен көңіл айтуды бір жанрлық түрге тоғыстыруға әбден болмайды. Өйткені, екі жанрдың атқаратын қызметтері әртүрлі. Естірту қазаны хабарлап құлақтандырса, көңіл айтуда аты айтып тұрғандай қайғылы адамды жұбатады, қайғысын бірге бөліседі, сабырға шақырып, тоқтам айтады.

М.Әуезов жоқтаудың ішкі-сыртқы табиғатын жан-жақты зерттей келе: «Жоқтауда өлген кісі жоқталады. Өлген әйелдің, апа-қарындасының немесе шешесінің бір жылға дейін яғни асы берілгенге дейін жоқтауы ең арғы заманнан сақталып келген. Жоқтаушылар күніне екі рет: күн шығарда, күн батарда өлген адамына жоқтау айтып жырлауға тиіс. Жыр өлген адамның абзал қасиеттерін дәріптейді. Үй ішінің қайғысын, өлімнің ауырлығын айтып егіледі» деп жоқтаудың ішкі мазмұнын аша түседі [3, 389-б.]. «Жалпы айта өтуіміз керек, жоқтау - әдет-ғұрып, тұрмыс-салт жырларына жататын өте көне жанр. «Табаны мұздан таймаған» мұзбалақ ақын – Бақтыбай оның хас шебері болған» деп О.Исмаилов бағалағанындай ақынның «Дос-жардың бата, дұғасы», «Екеу еді қайының», «Атамыз – адам пайғамбар» атты өлеңдері дүниеден озған жақсы адамдардың жақын жандарының, асыл ана, жан жары, ұл-қыздарының өтініштерімен шығарылғанға ұқсайды. Бақтыбай ақынның ерекшелігі де сол ол шығарған жоқтау толғамдарындағы ойлары бекем, жанға жағымды, жылағанға медет, қайғырғанға қуат берерлік. Кей тұстары нақылға да, өсиетке де жақын. Жаратушы жаратқанды аузына алып бастайтын жоқтау ортасында:

*Жыламай адам тұра ма,
Аһ дүние пенделік,
Расулымыз өткен соң,
Біздер қайтып көнбелік,- дей келіп;
Жарамайды тірлікте,
Пақырды байдан кем көріп.
Асыраған бір Алла
Баршасына жем беріп. [4, 56-б.].*

66-жолдан тұратын бұл шығармадан дүние парқын таразылай отырып, Алланың ақ сөзіне тоқтам жасайтын пенде ақынның орынды сөздеріне күә боламыз.

«Ағуз-зи-биллә сөздің анасы, Бісміллә сөздің сарасы», «Атамыз Адам пайғамбар» деп басталатын жоқтауларынан діннің ақ жолын қоғамның даму көзіне айналдыруды адам бойындағы абзал қасиеттерді дәріптеуді мұрат етті.

Бақтыбай Жолбарысұлы өлеңдерінің көбі адам өмірінің мәні, дүние белестері, жақсы мен жаман, тектілік пен тексіздік, адалдық пен залымдық, достық пен қастық сынды адам бойында кездесетін кереғар қасиеттерді салыстыра жырлау ақындар поэзиясының ойшылдық-дүниетаным тереңдіктерін толық бейнелейтін шығармалары нақылдар, мақалдарда кездеседі. Мақал-мәтелдердің, шешендік сөздердің аз сөздерге көп мағыналар сыйғызатын шымыр, жинақы нұсқалы сапалары осы ақындық әдебиеттегі нақыл өлең-сөздер жанры арқылы жаңаша түлеген қалпымен танылады.

Тақырып арқауында халықты тәлім-тәрбие мәселелерін толық қамтыған нақыл өлеңдер – халық әдебиетіндегі мақал-мәтелдердің, шешендік тұрақты тіркестердің дәстүріндегі туындылар Бақтыбай Жолбарысұлы шығармашылығында айқын көрніс алады.

Аталы сөз аузымда:

*«Мың асқанға бір тосқан».
«Ақтаған тары таусылар».
Ашындырса ол елді,
Ақиган көзі алайып,
Жұмылар да ашылар. [4, 45-б.].*

Мақал-мәтел қай заманда да поэзияның үйренер, тағлым алар мектебі болды. Оның үстіне, мақал-мәтелдің өзгеше ұйқасы, поэзияға жақындығы, онымен туыстығы, әсіресе терең мазмұндылығы поэзия үшін қашан да өнегелік, тәрбиелік маңызын жоймай, әрдайым үлкен өнер өрісіне қарай тартып баулып отырды. Б.Жолбарысұлының «Алдырған албырт», Сыйғы – сый, сыраға – бал», [4, 188-б.] «Мың асқанға бір тосқан», «Сырты - бүтін, іші – түтін» [4, 124-б.].т.б.

Мақал-мәтелде түйінделген түбірлі, кесек ойды бетке ұстау негізгі құрал есебінде пайдалану, өз пікірін соның негізінде таратып баяндау қазақ ақындарының көбіне дерлік тән көркемдік тәсіл, шығармашылық ізденіс қадамы Бақтыбай шығармашылығына да қатысты. Мысалы:

«Ақтаған тары таусылар», «Хан ұрса, бір қайраны тиер», бұлайша мақалдау қазақ ауыз әдебиетінде көне дәстүрден келе жатқан құбылыс. Оның себебі, шығу төркіні о баста әдебиеттің, поэзияның өнегелік, тағылымдық мақсат-мұраттарына байланысты болса керек. Бақтыбай халықтың мақал-мәтел негізінде өз талантын қанаттандыра отырып, сан алуан саналы да салмақты туындылар жасады.

*Жақсы аттан жығылса,
Жаманның қанар табасы-ай!
Жақсы менен жаманның
Жер мен көктей арасы-ай!*

Мақал-мәтелдер қай заманда да поэзияның сусындар бұлағы, нәр алар арнасы. Оның себебі мақал-мәтелдерде замана бойы қалыптасқан ұғым түсінік жанды бейнеде сақталып отырғандығында болса

керек.

Бақтыбай Мәйке қызбен айтысында Мәйкені «Түрленген тоты құстай» деп тоты құсқа, «Аққудай желді күнгі аспаға өрлеп, толқытып шығарып тұр әннен ырғақ» деген жолдарында аққу құсқа балайды.

Бақтыбай өлең-толғауларында жиі кездесетін айшықтаудың түрі – қайталау. Құбылысты, адам мінезін, қоғам болмысын т.б. жырға арқау болған жайттарды салыстыра көрсетуде, балай суреттеуде белгілі бір сөздер немесе сөз тіркестері қайталанып қолданылады. Сонымен бірге, әдетте, дидактикалық жанрларда ойдың қайталануы, ортақ бір идеяны жеткізу үшін екі немесе бірнеше нәрсе салыстырыла көрсетіледі десек, осының негізінде сөздік қайталаулар жатады. Мәселен,

Дейді екен ұсталардан дат қалады,

Дейді екен жазып кеткен хат қалады.

Дейді екен өлегенен соң қабіріңде,

Саудырап сүйегіңмен жақ қалады. [4, 54-б.]

Бақтыбайдың бұл толағауынан үзіндіде «Дейді екен», «қалады» сөздері үш реттен қайталаанады. Мұндай сөздік қайталаулардың жыраулар поэзиясында жиі қолданысқа түсуі-толғаудың шешендік сөздерге жақындығымен де түсіндіріледі. Сөз әсерін күшейте отырып, оқырман назарын айрықша аударғысы келген нәрсені не құбылысты бірнеше мәрте қайталап, айтар ойды, құтырар сырды ұғымға мұқият сіңіре түсу.

Бақтыбай Жолбарысулы туындыларында терең ойлы, нақыл-ғибрат, қанатты сөздер мен фразалық тіркестердің көркемдік-эстетикалық тұрғыда алатын орны ерекше.

Есепсіз біткен мүліктің,

Ерте келер күткені.

Қайығаны інгеннің,

Бураның дұрыс шөккені. [4, 47-б.]

Мағыналық сипатына орай тұтастай нақыл сөзге жатқызуға болады. Бір қарағанда, кейінгі үзіндідегі ой да алдыңғы шумақпен сарындас секілді. Бірақ екеуінің де мағыналық тұжырымдарында моральдық-дидактикалық ерекшеліктер айқын аңғарылады. Бірінші мысалдағы: «Аса биік таулардың сулы келер бөктері» табиғат аясында өскен кез келген адам түсінігіне бөтен емес, екінші жолдағы «Өресі төмен адамның, қиын келер өктемі» адам қасиетінің өмір фактілеріндегі шынайы көрнісін берген.

Бақтыбай ақын өз заманының от тілді орақ ауызды айтыскер ақыны ғана емес қоғамдағы келеңсіздіктерді шешуге, хан мен қара халықтың арасын жарастырып әділдікті ту етіп көтерген шыншыл да турашыл ақын.

1. Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 438 б.
2. Негимов С. Ақын-жыраулар поэзиясының бейнелілігі. – Алматы: Ғылым, 1991. - 280 б.
3. Әуезов М 20т. ТШЖ. – Алматы: Жазушы, 1985. – 19-т. – 448 б.
4. Исмаилов О. Басылып жатқан қазынам... – Алматы: «Комплекс», 2005. – 312 б.

Резюме

В этой статье рассматриваются художественные особенности ораторской речи Бақтыбай Жолбарысулы.

Resume

In this article is considered art peculiarities of oratorical speech of Baktybai Zholdarsuly.

ҒҰМАР ҚАРАШҰЛЫНЫҢ ӘДЕБИ МҰРАСЫ

Ж.Зайнулла – Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университеті

Ғ.Қараш – өткен ғасырдың 20-30 жылдары орын алған зорлық-зомбылықтың кінәсіз құрбаны болып жазықсыз жазаға ұшырап, кейін ақталған қазақ зиялыларының қатарындағы ірі тұлғалардың бірі, қоғам және саясат қайраткері, ақын. Өткен ғасыр басында ұлт азаттық қозғалысқа қатысқан интеллигенция өкілдерінің дені ұлттық мәселені шешуді Алаш алдына қойды. Осы мақсатта бұл ұлт-азаттық қозғалысқа қазақтың барлық оқыған зиялылары қатысты. Қазақстандағы патша үкіметінің отарлық саясатына қарсы қазақ оқығандарын өз айналасына топтастырып, олардың қоғамдық-саяси ой-пікірлерінің қалыптасуына ықпал етті.

Ғұмар Қараш ағартушылық бағытта өз заманында көп іс тындырады. Қазақтың ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетін дамытуға да елеулі үлес қосқан тұлға. Өз дәуіріндегі халыққа кең тараған «Айқап», «Мұғалім», «Шора» журналдары мен «Қазақстан», «Ұран», «Дұрыстық жолы» (газеттің атауын осылай қою Ғ.Қараштың идеясы және «Дұрыстық жолы» деген өлеңімен басталады) мен «Қазақ дұрыстығы» (бұл екі газет қазіргі «Орал өңірі» газетінің бастауында тұрған басылымдар), тағы басқа татар тілдеріндегі баспасөз бетінде халыққа оң бағыт-бағдар берген, бірлікке, ынтымаққа үндеген, білім, кәсіп игеруге бағытталған ой-пікірлері мен өлеңдері жарық көрді. «Ойға келген пікірлерім», «Бәдел-хажы», «Бала тұлпар», «Аға тұлпар», «Қарлығаш», «Өрнек», «Тумыш», «Тұрымтай» өлең жинақтарын шығарып, философиялық ой толғамдарын жазған. 1910-1912 жылдары «Шайыр, яки қазақ ақындарының басты жырлары» және «Көксілдер, яки бұрынғы мырза ұлы һәм ноғайлы батырлары уә ғайри мағыналы жырлар» деген атаумен қазақтың батырлар жырының жинағын алғаш жариялаған. Қазақ даласында елдің мүддесін көздейтін бір де бір газет жоқ кезде, тұңғыш рет «Қазақстан» атауымен халыққа білім мен кәсіп үйретуді мақсат ететін газет шығаруды ұйымдастырды. Алғашқы ағартушылық, білім беру, сауат ашу, тәрбие бағытында «Мұғалім» атты ғылыми журналды шығаруды ұйымдастырып, басқарды.

Ғұмар Қараштың «Бала тұлпар» (Уфа, 1911), «Қарлығаш» (Қазан, 1911), «Тумыш» (Уфа, 1911), «Аға тұлпар» (Орынбор, 1914), «Тұрымтай» (Уфа, 1918) аталатын бес поэзиялық, «Ойға келген пікірлерім» (Орынбор, 1910), «Өрнек» (Уфа, 1911), «Бәдел қажы» (Қазан, 1913) дейтін зерттеу кітабы жарық көрген.

Ғұмар Қараштың шығармаларында, қазақ ұлтының әлеуметтік прогресс жолына түсуі туралы көтерген ой-пікірлері өзінің өміршендігімен құнды. Ғұмар қазақ халқының өркениеттік жолға түсуі үшін міндетті түрде ғылым мен білім ең өзекті проблема екендігін алға тартады.

Ғұмар Қараштың «Қарлығаш» өлеңдер жинағында ел үстінен күн көрген имандылық жолында жүрген қожа молдалар, паракор ел билеушілерін сынға алады. Өмір, көңіл, талап жайындағы ойларын тереңдете түсті.

«Аға тұлпар» жинағындағы өлеңдерінің барлығы дерлік өсиет, уағыз, насихат, тілек түрінде келеді. Патша өкіметінің жүргізген саясаты салдарынан қазақтың өз жерінен қол үзіп, жікшілдік бел алып, елдің шырқы бұзылғандығын тебірене жырлайды. Халықтың бостандық жайындағы арманын былай жеткізеді:

*Егер көзді ашпасаң,
Аяғың қозғап баспасаң.
Жүректен шыққан шын сөзді.
Құлағыңа аспасаң,
Күнілгері қазағым,
Амандас еркін қонысқа.*

Ақынның «Тұрымтай» жинағында ақынның «Күн туды», «Саған не болды?», «Көреміз бе?», «Өтер ме екен», «Келер ме екен?», «Бармысың», «Жазда тастамаған телпек» деп аталатын өлеңдерінде халық, ұлт, өнер-білім, заман туралы ойларын ашық айтады.

*Тыңда қазақ сөзімді
Есірке ұл мен қызыңды
Жалшылықта шірітіп
Талатпа бағлан қозыңды
Білім, өнер қаруын
Құралданып бойыңа,
Жігер-жихат қылышын
Қайратпен ұстап қолыңа
Әзірлен, қазақ, әзірлен
«Тіршілік» деген соғысқа*

Білек күші емес, білім күшімен күрес жүргізу қажеттігін ұғындырады. Ақын арман-мұратқа жас кездеталпынуды уағыздап, туған халқының іргелі ел болуын арман етеді.

«Бала тұлпар», «Аға тұлпар», «Қарлығаш», «Өрнек», «Тумыш», «Тұрымтай» өлең жинақтарындағы өлеңдерін тақырыптық жағынан былай:

- патша өкіметінің отарлау саясатына қарсы бағытталған өлеңдері,

- өнер-білімге шақырған, ағартушылық сарындағы өлеңдері

- ел билеуші әкімдерді сынға алған өлеңдері

- надандық, шариғат жолын бұрмалаушылық, ескі әдіспен оқытуға наразылық бағытындағы өлеңдері

- озық мәдениетті үйрену, отырықшылыққа шақыруға арналған өлеңдері деп топтастыруға болады.

Ғұмардың «Неден қорқам?» өлеңіндегі әрбір жолдар Қазан төңкерісінен кейінгі кезең шындығын тануда айрықша болып табылады.

*Аждаһа алты басты жаудан қорқам,
Бүлдірген ел арасын даудан қорқам:
Күлімдеп кіріп, ішкі сырыңды алып,
Құрылған аяқ асты аудан қорқам:
Асығыс істей салған істен қорқам,
Қандары тасқан қара күштен қорқам,
Дос болып бірге жүріп қастық етіп [1].*

Тысына қайшы келген іштен қорқам» деген ақын үрейі жаңа саясаттағы талай қиянаттар мен зобаландарды ұғына түсуімізге мүмкіндік береді. Сондықтан да ақын қан төгіс арқылы келген биліктің әлеуметке теңдік пен бостандық орнатуындағы қадамдары қоғамдық даму заңдылығына қайшы болып табылатынын және де өзгенің күштеп танған азаттығы мәңгілік болмайтынын, сол себепті өзінің сара жолынды ізде деген мұратын алға тартады. Ақиқат жолынан адасып, сағым қуған тобырлық сананы сынға алады.

*Ұжмақ көктен жерге енбек емес,
Мезгілсіз бірнәрсе де келмек емес:
Өзің ту, ұл тусаң да, қыз тусаң да,
Әкеліп біреу саған бермек емес.
Табиғат заңы, жолы өзіне хас,
Ешкімнің жетегіне жүрмек емес:
Адаспа, аңдық етпе, адам ұлы,
Көрінген о бір сағым көзіңе елес.
Сағымды «су таптым» деп жұрт жинасаң,
Жындыға айтар сөз жоқ құрып кеңес [1].*

Ақынның «Адаспа, аңдық етпе, адам ұлы» деген биік гуманистік ескертуі қай кезең үшін болмасын қашан да назарда болатын өшпес ұлағат деуге болады. Ал, «Саған не болды?» өлеңінде елдік мәселелерді жырлағанда жаңа жүйе икеміне жығылып, илеуіне оңай көндіге кеткен халқының бейқамдығына, саяси балаң аңғырттығына налиды.

«Тұрымтай» жинағындағы қай өлең болмасын Алаш қайраткерлері ұстанған тәуелсіз мемлекет құру идеясын кеңінен жырлауымен және әлеумет санасына сіңіруімен маңызды.

«Күн туды» өлеңінде «Екі талай іс болып, Елге қиын күн туды. Аспанда ай тұтылып, Жер - жийанды қан жуды» деп, сол кезеңнің боямасыз ақиқат шындығын алға тартқанда заман ағымы елдік үшін тез екенін, әсіресе зарыға жеткен азаттықты сақтап қалу сыналар тарихи сәтте барша күшті ел болуғы жұмылдыру, Отанды қорғау сияқты ұлттық маңызы ерекше болып табылатын мәселелерді қоғамдық деңгейде көтереді.

Ғұмардың проза саласында «Томан байдың баласы-Әділмырза, я болмаса Байғазы байдың қызы ару-Шандоз» деп аталатын әңгімесі бар. Әңгіменің оқиға желісі Шандоз қыздың ұзатылу тойына арналған. Ә ділдің қалыңдық алуына сапары көңілді суреттеледі. Шағын шығармада автор халқымыздың сан ғасыр-лар бойы қалыптасқан құда түсу, қалың беру, той жабдығы тәрізді әдет-ғұрыптарымен таныстырады. Әңгіменің негізгі танымдық, тәрбиелілік қырлары жастардың ата-анасын сыйлауы, инабатты, ізетті болуымен байланыс ты болып келеді. Ғұмардың көркем қара сөзбен жазылған осы шығармасы кезінде Қазан қаласына жіберілгенімен белгісіз себептермен жарияланбаған. Әңгіме мәтінімен танысу барысында кейбір тұстары өшіріліп, шығарма толық аяқталмай қалған. Бірақ зерттеушілер тарапынан шығарма аяқталмаған деген пікір кездеспейді. Бұл әлі ақынның әдеби мұрасын толық жан-жақты қарастыру қажет екендігін көрсетеді.

Ғ.Қараштың философиялық, толғаныс түріндегі бірнеше жинақтары бар. Соның бірі - «Ойға келген пікірлерім» 1911 жылы Орынбор қаласында жарық көрді. Ақын мұнда қоғам өміріндегі түрлі әлеуметтік ортада кездесетін маңызды мәселелерді қарастырады. Ақын ұрлық, қиянат тәрізді адамды аздырар көптеген қылықтарды білімнің пайда болуынан емес, оқудың шәкірт жүрегіне жол таппауы, бұл көбіне нәрсіз дәрістерінен деген пікір білдіреді. «Рухани жағынан бірін-бірі қолдап отыру адамның ең жақсы қасиеті. Адам абыройының артуы, сөзінің өтімді болуы оның істеген жақсылық істеріне байланысты»-дей келе шын білімді сопылардың уағыз, насихатының пайдалы екендігіне баса назар аударады.

Мақалаларының көпшілігінде дерлік ислам дініне қатысты пікірлері Ғұмардың имандылық жолын ұстандығын, дін өкілдеріне сын көзбен қарағандығын байқатады. «Ислам дінінің тек ахирет үшін ғана емес, бұл дүние үшін маңызы бар», «Құран кәрімнің айтуы бойынша дін жалған нәрсе емес, адамдардың шын табиғи сенімі. Бұған қарағанда ешқандай адам дінсіз өмір сүре алмайды», «Біздің халқымыз ақиқат дінді ұстанса, біз надан жалқау боп қалмаған болар едік.... Діннің өзі адамды дұрыс сақтайды, дұрыс жолға бағыттайды. Ислам дінін дұрыс ұстай білуіміз керек», «Адам өзін тани алса жаратушысын да танымақ». Ақынның мұндай пікірлерінің барлығы жақсылық қырларын дәріптеумен қатар, тәрбиелілік, әлеуметтік жақтарын танытумен ерекшеленеді.

Ғұмардың 1911 жылы Уфада шыққан «Өрнек» жинағы да ақынның ой-толғаныстарынан тұрады. Мұнда адам бойындағы қалыптасқан әдетпен бірге күнделікті өмірге қажетті құбылыстар сараланады. Мақалаларындағы айтылар ой өлеңдеріндегі оймен астасып жатқандығы байқалады. Адам бойындағы жалқаулық, тоғышарлықтың негізін шариғат жолымен қатар, адамдық өлшем тұрғысынан алып танытады.

Ғұмар Қараш - әртүрлі мерзімді баспасөзде көп жазған қаламгер. 1911-1913 жылдары «Қазақстан» газетінің жұмысына ат салысқан. Сол жылдары Орынбор қаласында Шәңгерей Бөкеевтің қамқорлығымен ел аузынан жинаған әдеби мұраларды құрастырып, «Шайыр», «Көксілдер» атты екі жинақ жариялайды. Ғұмар Қараш-20 ғасырдың бас кезіндегі «Қазақ дұрыстығы», «Қазақстан», «Айқап», «Дұрыстық жолы», «Шора», «Абай» сияқты газет-журналдарда мақалаларын жариялаған. Ғұмар Қараш шығармаларын «Ғұмар Қараш баласы», «Ғұмар Қарашұлы», «Ахунд Ғұмар Қарашұлы», «Ғұмар әл-Қараш», «Бөкей елінің бір баласы», «Ғұмар Қараш», «Ғ.Мұштак», «Ғабдолла Мұштак», «Оразақай», «Қазақев», «Ғұмар Қарашев» деген есімдермен жариялап отырған. Ғұмар Қараштың шығармалары мектеп оқулықтарында, орыс тілінде жарық көрген «Қазақ поэзиясының антологиясы» мен «Қазақстан ақындары» жинағында, мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған. Өлең, толғаулары мен философиялық ой-толғамдары және әңгіме, мақалалары «Замана» деген атпен жарық көрді. Ғұмартанушы ғалым, республикалық «Ана тілі» газетінің бас редакторы Мақсат Тәжмұраттың мәлім еткеніндей, Ғұмар Қараш – Алаш қозғалысына дейін-ақ ел өміріне ерте араласып, соңына бай мұра қалдырған ақын. Жастайынан жетім қалып, ағайын-туыстарының көмегімен ауыл молдасынан сауат ашса да, кейін өзінің білім-беделі арқасында өз заманының ең көзі ашық, халқын алға жетелеген зиялы өкілдерінің қатарынан табылады. Ғұмардың бірінші қыры ұстаздығы болса, екінші еңбегі 1911-1913 жылдары «Қазақстан» газетін ашуда айқын көрінеді. Басқасын айтпай-ақ, әуелі Ордада, кейін Оралда жарық көріп тұрған аталмыш газет «Қазақстан» сөзін тұңғыш рет ресми қолдануымен де құнды, сонысымен де айрықша бағалы. Соның өзінен-ақ «Қазақстан» газетін (редакторы Елеусін Бұйрин) ашқандардың ойы ауыл-аймақ төңірегінде емес, тым әріде екендігі, болашақ ел мүддесін көздегені бірден сезіледі.

а) словообразовательные – состоящие в неоправданном словосочинительстве или видоизменении слов нормативного языка; в) синтаксические – заключающиеся в неверном построении словосочетаний простых и сложных предложений; г) лексические – представляющие собой употребления слов в нормативных значениях, нарушении лексической сочетаемости, повторы, тавтологию; д) фразеологические – связанные с несоответствующим норме использованием фразеологизмов; е) стилистические – заключающиеся в нарушении единства стиля.

Стилистические ошибки занимают особое место в этой системе, поскольку не соотносятся с определенным ярусом языка и могут проявляться в области лексики, морфологии, синтаксиса. Под стилистической ошибкой мы понимаем нарушение принципа коммуникативно-стилистической целесообразности (термин В.Г.Костомарова и А.А.Леонтьева), заключающееся в использовании языкового средства, неуместного в данном (хотя, возможно, вполне уместного в других) условиях. При этом возникает стилистическая разноплановость, стилистический разнобой, поскольку использованное стилистически окрашенное языковое средство оказывается в противоречии с контекстом. Так, например, неуместно употребление слов, имеющих ярко разговорный характер, в книжной или нейтральной речи, столь же неуместно использование книжных слов и оборотов в разговорной речи.

Ошибки могут быть также классифицированы по виду речевой деятельности, с которой они связаны. Различаются ошибки говорения и понимания. Связь между ними не подлежит сомнению: синтез речи неотделим от ее анализа.

Ошибки говорения (мы используем этот термин в условном смысле – применительно не только к устной, но и к письменной форме речи) более очевидны, так как поддаются непосредственному наблюдению, фиксации. Ошибки понимания выявить труднее, как правило, для этого требуется проведение специальных экспериментов.

Чаще всего встречаются лексико-семантические ошибки понимания, заключающиеся в неверном (т.е. не соответствующем норме) определении значения слова: первоклассный – «тот, кто учится в первом классе», дворовые – «те, кто служит при дворе царя или короля». Неверно могут пониматься и грамматические значения. Многие ошибки говорения прямо обусловлены ошибками понимания: если, например, студент неверно понимает значение того или иного слова нормативного языка, то он может неверно использовать его в своей речи.

Непосредственное наблюдение над языком сочинений и изложений студентов казахских групп, анализ встречающихся в них стилистических ошибок позволяют выявить и те причины, которыми эти ошибки вызваны, а это необходимо для определения наиболее эффективных путей их устранения. Но это не единственный путь уяснения исходных причин стилистических ошибок, хотя и основной. Несомненный интерес вызывают и другие приемы и методы выявления знаний студентов о значении слов, о закономерностях использования их в речи.

Незнание значений слов делает возможным неправильное их использование по чисто внешней оболочке (созвучность), смешение их с другими, имеющими созвучные части (паронимы), что отражено и в следующем объяснении значения слова беллетристика: «беллетристика – наука о метании снарядов» (смешение с баллистикой).

Наиболее общая, самая существенная причина ошибок кроется в том, что слишком беден словарный запас студентов. Это ограничивает возможности выбора выразительных средств. Даже те слова, которые вошли в лексикон обучающихся, далеко не всегда усвоены ими как следует. Недостаточное владение литературным языком студенты восполняют неуместным употреблением штампованных выражений, повторением одного и того же слова. Все это обнаруживается в сочинениях и изложениях.

К сожалению, нередко считают, что речь, образцовая с точки зрения стилистических норм, – это удел немногих, особо одаренных. Разумеется, природные задатки сказываются в определенной мере на уровне развития речи студентов, но нельзя считать влияние значению (омонимы, омографы), например: сессия депутатов, сессия студентов; болеть гриппом, болеть душой и т.д. неверное употребление слов, имеющих сходство в звучании и частичное совпадение морфемного состава (паронимов), например: отечество, отчество; ветеран, ветеринар; адресат, адресант и т.д.

Работа по развитию речи студентов не может обойтись без изучения омонимов русского языка. От омонимов следует отличать омографы – слова, совпадающие по своему графическому облику, но различающиеся в произношении: мука (продукт) – му'ка (мучение) и т.п.

Правильному произношению омографов следует уделять постоянное внимание в связи с работой над ударением. Приступая к работе над омонимами, преподаватель значительно облегчает свою задачу, если предварительно составит себе перечень наиболее употребительных омонимов русского языка.

Давая обучающимся упражнение на употребление омонимов, преподаватель должен придерживаться концентрической системы, ориентироваться на уровень подготовки студентов.

К плеоназмам относятся слова, которые не вносят в текст никакой новой информации и дублируют другие слова текста. Тавтология – вид плеоназма.

К плеонастическим ошибкам относятся двойные подлежащие (Иван Петрович, он ...); определения, имеющие почти такое же значение, как определяемое слово (человеческий гуманизм, радостное счастье); неуместное употребление слов-сорняков; частиц *же, даже, вот*, междометия *ну*; местоимений *этот, самый*; неоправданное применение вводных слов *значит, так сказать, собственно*; смешение аналитической и синтетической форм превосходной степени прилагательного *самый кратчайший, самый превосходный* и т.п.

Паронимами в лингвистической литературе принято называть слова, близкие по графическому и фонетическому облику, но различающиеся по значению. Примеры паронимов: абонент – абонемент, генеральный – генеральский, скрытый – скрытный, эффективность – эффектность и др.

Причинами, вызывающими смешение паронимов в устной и письменной речи студентов-казахов,

следует назвать, с одной стороны, недостаточно свободное владение языком, непонимание значения слов, с другой – многозначность паронимов, вступающих в ряде случаев друг с другом в синонимические отношения.

При работе с паронимами основное внимание надо уделять смысловым различиям между ними, обращая внимание на разницу в сочетаемости в сфере употребления, в составе и синтаксических функциях таких слов. Так, объясняя различие между паронимами одеть – надеть, можно дать возможность сравнить студентам круг сочетаемости, того и другого слова, предложить им такие ряды: надеть платье, костюм, пиджак, пальто, плащ, шапку, ботинки, сапоги и т.д. При этом следует обратить внимание, что первое слово сочетается с неодушевленными существительными, а второе – с одушевленными.

Хотя преподавание русского языка в казахской аудитории имеет довольно длительную историю, необходимо признать, что остается еще много неясного в этом весьма важном вопросе.

Таким образом, как показали исследования ученых-методистов и опыт обучения русскому языку, бесспорным оказывается, что учет особенностей, обусловленных различием структур русского и родного языка обучаемых, имеет огромное значение. Сопоставление двух языков дает возможность понять, что в русском языке представляет трудность для обучаемых, а что является эквивалентом, дается легче. Кроме того, пользуясь сравнительным материалом, можно вызвать у студентов живой интерес к изучению русского языка.

Резюме

В статье дается классификация ошибок в зависимости от отношения к двум основным формам речи – устной и письменной, приводятся примеры лексико-семантических недочетов.

ҚАРАТПА СӨЗДЕР, ОЛАРДЫҢ ТІЛІМІЗДЕГІ МАҢЫЗЫ

М.К. Бисенбаева – Абай атындағы ҚазҰПУ филология факультетінің I курс магистранты

Тілімізде қаратпа сөздер – сөз бен сөйлем ішінде адресатты білдіретін сөздер немесе сөз тіркестері болып табылады. Қаратпа сөздің мақсаты адресаттың назарын өзіне аудару, айтылып жатқан хабарға әрекетін байқау, немесе сөз сөйленіп тұрған мезеттегі іс-әрекетке араласу мақсатын көздейді.

Тіл білімінде қаратпалар ешқандай мағына бермейді деген де пікірлер қалыптасқан. Негізінен мұндай пікірлер қаратпа сөздерді басқа синтаксистік топтармен салыстыруға негізделген. Мысалы, екі мүшелі сөйлемдер сондай құрылымды ойды білдіретін болса, бір мүшелі жай сөйлемдер өзінің құрамындағы сөздердің лексикалық мағынасына негізделген ұғымдарды білдіре алады. Ал, қаратпалар болса, басқа синтаксистік топтардан өзінің лексика-семантикалық құрамымен де, мәнімен де ерекшеленіп тұрады. Бұл жерде айтыла кететін жайт: тілдің құрамында мағынасыз элементтер болмайды, егер ол мағынасыз болса, керексіз дүние есебінде тіл құрамынан шығып қалар еді. Сонымен қатар, қандай да синтаксистік топ болмасын, тұтас ойды, не оның бір бөлігін, немесе ұғымды білдірмеуі мүмкін емес. Қаратпалардың негізгі мәні болып - сөйлеушінің эмоциялық күйін, қатынасын екінші тыңдаушы жаққа білдіру деп қарастырылады. Дегенмен, сөйлеу процесінде сөйлеушінің сол мезеттегі күй-қалпын білдіру сөздің объективтік мағынасынан туатын екінші дәрежелі мән. Сөз арналған адресатты атау процесінде айтылу интонациясының өзгеруімен сөйлеушінің эффектілік күйі байқалады. Ал айтылу интонациясының өзгерісі дауыстың күші мен шыққан дыбыстардың мөлшері арқылы ғана көрінеді. Сонымен, қаратпа сөздердің мән-мағынасы жайында сөз болғанда, сөйлеу процесінде ой мен сезімнің, күйдің қосындысы, жымдасуы болатындығын мойындау керек болады.

Қаратпа сөздер туралы сөз қозғалғанда, олардың сөйлемдегі орнына байланысты айтылу өлшемі әр түрлі түсіндіріледі. Бұл жерде мынандай жайт ескерілу керек: біріншіден, олардың сөйлемдегі орны белгілі бір дәрежеде назарда болуы тиіс. Олар сөйлемнің басында, ортасында, аяғында жұмсалыуына қарай олардың айтылу күшінің аз, көп болуы орнына да байланысты. Әсіресе, қаратпалардың сөйлем басында келуі оларға баса назар аударарлық мәселе.

Орыс тілі зерттеулерінде қаратпа сөздердің интонациясының өзгеруі олардың сөйлемдегі орнына да байланыстырылады. Олар сөйлемнің ортасында келгенде, оған өзіндік бір интонация түспейді деп көрсетеді.

Халқымыз ежелден-ақ, үлкенді қастерлеп, кішіге ізет көрсете білген дана халық. Туысқандық ретіне қарай: «әке», «шеше», «әпке», «ата», «әже», некелік қатынаста «жезде», «жеңге», «балдыз», «қайын іні», құдандалыққа байланысты «құдаша», «құда бала», бейтаныс адамдарға тіл қату ретінде «қарындас», «апай», «ағай» т.б. тәрізді сөздерді тиімді қолдана білсе, «бәйбіше», «бибі», «төре»,

кішісін «бойжеткен», «бикеш», «бозбала» деп сыйлап шақыру біздің елдің қанына біткен қасиет десе де болады. Туыстық, отбасылық қарым-қатынасты білдіретін этикет тілдік бірліктердің негізгі қызметі назар аударту болғанымен, олардың барлығының, әсіресе, кішілерге қарата айтылатын сөздердің эмоциялық қызметі аса күшті. Эмоциональды-экспрессивті бояулы тілдік бірліктерді көбірек қолдансақ, өскелең ұрпақ бойында мейірім ұялатуға болады. Көбінесе, кішірейту, еркелету мәнінде жұмсалатын - еке, -жан, -шым, -шім, -тай тәрізді экспрессивті қосымшаларды жақсы көру, ерекше құрметтеу мағынасында жұмсалады. Мысалы: «әкежан», «әкетайым», «әкешім», «ағаеке», «ағажан», «ағашым», «анашым», «анатайым», «көкешім», «көкетайым», «көкежан» т.б. Туыстық, отбасылық қарым-қатынасты білдіретін этикет тілдік бірліктер туысқандар арасында, ана мен бала, әке мен бала арасында да қарым-қатынас орнату үшін аса қажет. Бұл этикет бірліктер адамның жан-дүниесінің дұрыс жетілуі үшін ететін әсері өте күшті, сөз құдіретін айқын көрсететін тілдік құралдар болып табылады.

Бұл атаулардың пайда болып, қолданысқа енгеніне де бірталай уақыт өтсе де, дәстүр де, атау да жоғалған емес.

Қазақ тілінде адам атының толық формасы да, қысқа формасы да қолданылып отырады. Адам атының толық формасы ресми жағдайларда да, бейресми жағдайларда да қолданыла береді. Ресми орындарда адам атымен қоса оның тегімен бірге айту, яғни орыс тілінен енген этикет формасында қолданылса, адам атының қысқа түрі көбінесе, жақын, туыс және дос-құрбыларының ортасында қолданылып жатады. Ресми қарым-қатынаста жасы үлкендерге я кіші болғанмен, лауазымы үлкен болса, оған құрмет білдірудің белгісі ретінде Әбеке, Асеке, Ереке сөздерін, Гүлшат ханым, Гүлназ ханым, Раушан сіңлім секілді сөздерді пайдаланып жатады. Қазіргі таңда ресми хаттасуларда биік лауазымды билік иелеріне олардың аты-жөндерінің алдына «аса мәртебелі», «құрметті», «қымбатты» т.б. осы секілді сөздермен қаратыла айтылу дәстүрге енген. Сондай-ақ, «отандастар», «қазақстандықтар», «бауырластар», «қандас-тар» т.б. көпшілікке арналған қаратпа сөздер де қанат жайып отыр.

Сондай-ақ, тілімізде жансыз заттарға: домбырам, елім, Отаным, тілім немесе, топонимикалық атаулар: қала, жер, су, өзен-көлдерге қаратылып айтылу, Көкшем, Алатауым, Қармақшым т.б. кездеседі.

Қаратпалардың жасалуы, түрлері болуымен қатар, олардың сөйлем ішінде, оларға байланысты қойылатын тыныс белгілері де бар. Қаратпа сөздер сөйлем ішінде орындарына қарай, тыныс белгілерінің түрлері де олардың қабаттасу процесі де әр түрлі. Оның үстіне сөйлем басында келген қаратпа сөздердің интонациясы да ерекше екені мәлім. Осыған орай, орындарының ерекшеленуінен үтір, леп белгісі қойылады.

Салыстырмалы түрде қарағанда, қазақ тілі мен орыс тілі әр түрлі топтардан, қазақ тілі-агглютинативті, түркі тектес топтардан, орыс тілі - флективті, славян тілдеріне кіретіні белгілі. Әйтсе де, бұл тілдердің арасында өзіндік бір ықпал, жақындық байқалады. Мысалы, орыс тілінде кішкентай балаға «солнышко» (ты мое) деп қаратылады. Орыс халқы үшін күн - ең қымбат, күшті негіз, өмір шырағы. Қазақ тілінде де бұндай қаратпалар құнды. Себебі, көшпелі ата-бабамыз күнді «жылылық», «мейірімді» және «өмір айнасы» деп қарап, «күнім» деп еркелетіп, қарата айтқан. Өте жақын қатынастағы адамдар арасында еркелету мәнді сөздер де «айым» - «моя луна», «жұлдызым» - «моя звездочка», «шолпаным» - «моя венера», «қалқам» - «миленький» т.б. жақын тарту сипатындағы сөздермен де қаратылып айтылады.

Орыс тіліндегі айналып-толғану қаратпаларынан қазақ тіліндегі қаратпалардың ерекшелігі:

1. аспан жұлдыздарына теңгерім; Мысалы: «айым», «аспаным» т.б.

2. үй жануарларына атымен қаратылып айтылатын мейірім сөздер, себебі халқымыз малға үлкен ынтамен қараған, ол - азық, жүрсе - көлік болып қызмет атқарған; Мысалы: «ботам», «қозым», «лағым» т.б.

3. құс атауларымен балаларға қаратылатын сөздер, себебі аталатын құстар адамның жолбасшысы, қамқоршысы болып табылған; Мысалы: «қарлығашым», «құсым» т.б.

Орыс тілінде «сіз» деген қаратпа сөзі XVIII ғасырда ақсүйектердің ортасында француз тілі мен мәдениетінің ықпалының арқасында енген деген сөз бар. Сондай-ақ, «сіз» деп жауына қаратылып айтылатын болған деген де пікірлер қалыптасқаны рас. Бұған дейін орыс халқының дәстүрлі тілдік этикетінде фамилярлы және формальды қаратпалар қолданылған. Сондықтан да, «сен» есімдігі патшаға қаратылып айтылуы мүмкін: «ты, царь-батюшка... «Петицияда» (Петербург тұрғындары мен жұмысшы-лардың II Николайға арнауы) «сен» сөзі II Николай патшаға қаратылып қолданылады.

Қаратпа сөздер сөйлемнің аясын кеңейтетін үлкен тілдік категория. Қаратпалардың сөйлем мазмұнына өзіндік әсері бар. Тілде бекерден-бекер қосыла салған элемент емес. Сөйлемге күшейту мәнін үстейтін және сөйлем мүшелерінің қызметінде басқа біреудің ойын, назарын аударту үшін үнемі жанару үстінде жұмсалатын синтаксистік элемент. Сондықтан да қаратпалардың табиғатын айқындау -

қазіргі тіл білімінің кезек күттірмейтін мәселесі.

1. Томанов М., Сайранбаев Т. «Қазіргі қазақ тіліндегі қаратпалар». - Алматы, 1980.
2. Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы. -- Алматы, 1994.
3. Балақаев М., Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тілі, Синтаксис. - Алматы, 1996.
4. Леонова Д.Ф. Ласковое обращение в казахском и русском языках, Филология и литературоведение. -2011.
5. Исследование славянских языков в русле традиций сравнительно-исторического и сопоставительного языкознания. – М., 2001.

Түйін

Бұл мақалада қаратпа сөздердің сөз бен сөз тіркесі ішіндегі адресатты білдіретіндігі сөз болып, айтылу өлшемі, қолданылу аясы, ерекшеліктері қарастырылады. Қаратпалардың табиғатын айқындау - қазіргі тіл білімінің кезек күттірмейтін мәселесі екендігі айтылады.

Резюме

В данной статье рассмотрены сферы применения, размеры употребления слов обращений, а также определение адресата в обращениях между словами и словообразованиях. Отмечена одна из главных проблем современного языкознания – изучение природы обращений.

Resume

This article is distinguished the sphere of application, the amount of the using words for conversion, and also definition of conversion during transformation between words and word formation. The marked one of the main problems of modern linguistics studying the nature of transformation.

«АҚ БОЗ ҮЙ» РОМАН-ТРИЛОГИЯСЫ ҚАЛАЙ ЖАЗЫЛДЫ?

Әлібекқызы Ақбота – Абай атындағы ҚазҰПУ-нің магистратура және
PhD докторантура Институтының магистранты

Мақаламды бастамас бұрын, бірде отандық басылымға жазушы, әдебиет зерттеушісі, ұстаз, филология ғылымының докторы, профессор, Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясының академигі, Қазақстанның Халық жазушысы, Қазақ және Қырғыз Республикаларының еңбек сіңірген ғылым қайраткері Зейнолла Қабдолов: «Ақ боз үй» трилогиясы - ашаршылық нәубетін тұтас қамтыған, халқының басынан өткен қасіретті жылдар, ауыр күндерді жан-жақты суреттеген ірі туынды. “Үш туынды да қаламгердің қайсар батылдығынан, дерек десеңіз, батырлығынан туған”, - деп жауап беріпті.

1961 жылы автор Атамекеніне оралады. Дегенмен, ашаршылық жайлы ешкім ауыз ашпайды, ол жайлы айтуға мүмкіндік жоқ еді. «Бірінші бесжылдық, екінші бесжылдық толығымен жеңіспен аяқталды» деген өтірік ала-қашпа сөздерге автор жаны шыдамады. Сол себепті негзге ала отырып, Қазақ мемлекеттік университетінің (қазіргі ҚазҰУ - С.Қ.) журналистика факультетінде оқып жүргенде әке-шешелерінен, ауылдағы ақсақалдардан естіген әңгімелерді қағазға түсіріп, жинай бастайды. «Адасқан ауыл» атты роман жаза бастайды. Алдын ала ойластырып, романға «Адасқан ауыл» атты есім тағып қояды. Дегенмен, автор сол туындысын аяқтай алмайды. Тек жылдар өте келе, жасы 35-ке толғанда аты аталмыш романды қолында алып, аяқтауға кіріседі. Ол 1982 жыл еді.

Романды жазу барысында автор барлық жұмыстарын, тірлігін тастап, Алматының шетіндегі Ақсай ауылына барады. Мұнда бір шопан ағасының киіз үйін тігіп, үш жылдай тапжылмастай сол жерде жатып, «Ақ боз үй» деген романын жазады.

Романды бітіргеннен кейін ұстазы, марқұм академик Зейнолла Қабдоловқа, сосын жазушы Әбдіжәміл Нұрпейісовке оқытады. Екі ұстаздың ескертулерін, кеңестерін тыңдай отырып, біраз өзгерістер енгізеді. Ең ауыры кітапты баспаның тақырыптық жоспарына енгізу еді.

Шынтуайту керек, баспаның бастықтары саясаттан қорықты. Зейнолла Серікқалиев, Сайын Мұратбеков, Шерхан Мұртаза ағаларымыздың азаматтығының арқасында роман аман-сау қалды, баспаға жіберілді.

Бірақ, ол бес жыл жарық көрмеді. Әрине, авторға өзінің туындысының жарық көрмегені жеңіл тимеді. Кеңес заманындағы шындықты айтам деген жазушының тағдыры автордың жаңадан шыққан трилогиясының үшінші кітабында жазылды.

Автор Смағұл Елубай кеңес өкіметі кезіндегі әділетсіздік негізгі себеп болды дейді. Әділетсіздікті мектеп қабырғасында білім алып жүрген кезімізден-ақ көзіміз көретін. Өйткені біздің ресми тарихта 1920-1930 жылдардағы ашаршылық жайлы бір ауыз сөз жоқ болды. Тек қана «асыра сілтеу болды» деген бірен-саран сөйлем көретінбіз. Ал, біздің ауылымыз сол тозақты бастан кешкен ауыл еді.

Сондықтан ана-аналарымыздың ол жылдар туралы әңгімесі ресми тарихқа мүлдем қарама-қайшы еді. Сондықтан да біз Кеңес Одағының тарихына сенбедік. «Ақ боз үй» романында аталған шығармаға 1928-1933 жылдардағы нәубеттің, зобалаң әкелген жылдардың нақты көріністері арқау болған. Шеге мен Хансұлудың линиясы романның жүйелі сюжетін құрап, халықтың басынан өткен қасіретті жылдары мен ауыр күндерді жан-жақты суреттеген. Қаламгердің қайсар батылдығынан, керек десеңіз, батырлығынан туған шығарма адамды баурап алары сөзсіз. Сізді бұл шығарма сол уақытқа алып барып, Хансұлудың қайғысы мен Пахраддиннің мұңдасына айналдырады. Егіліп отырып еліңнің басынан өткен оқиға мен жерініп отырып жем болған еліңді аяп, әрі-сәрі күйге түсіріп, тарихтың еншісінде қалған нақты шындықтарды жайып салады.

1980 жылдары сол сұрапыл ашаршылықты көзбен көрген адамдар тірі болды. Сол кісілермен сөйлестіп, әңгімелерін тыңдады. Содан кейін ел аралап, Қарақалпақстанның Хожелі, Шоманай, Қоңырат аудандарында болдым. Ол аймақта да кезінде елден кеткен ауыл ақсақалдары бар екен. Олармен қауыштық. Әңгімелерін тыңдадық. Одан әрі Түрікменстанның Ташауыз облысына барып, онда да кезінде Ақтөбеден кеткен қарияларды тыңдады. Мінекей, осындай ізденістер нәтижесінде «Ақ боз үй» трилогиясы жазылды. Романға негізінен 1930 жылдардың апатын көзбен көрген адамдардың берген мәліметтері негіз болды. Өйткені Кеңес Одағының мұрағатында ашаршылықты кең суреттеген құжаттар жойылған еді. Осы күнге дейін біз осының зардабын шегіп келеміз. Совет тарихнамасы ашаршылықтың толық картинасын жасаудың жолын байлап отырды. Сол себепті біз сол нәубет заманды бастан кешкен адамдардың әңгімесіне ден қойдық. Сонымен қатар, біз сол 1920-1930 жылдары шыққан газет-журналға сүйендік. Тағы бір атап өтер жайт - өткен ғасырдың 20-30 жылдар психологиясын тануға бізге бір бағыт берген Бейімбет Майлин әңгімелері еді. Ол ұлы таланттың ашаршылық жайлы екі-үш әңгімесі бар. Осының өзі сол кездегі трагедияны ұғынуға көп септігін тигізді.

«Ақ боз үй» роман-трилогиясы үш кітаптан тұрады: 1. Ақ боз үй; 2. Мінажат; 3. Жалған.

Автордан алынған сұхбаттар ішінде, сол таңдағы мәселе жайында: «Біріншіден, бұл тарихи шындық, әрине, бізге тарих оқулығынан ашаршылық болған жоқ, тек 30-шы жылдары асыра сілтеу болды деп қана оқытты. Коммунистік партия бастаған жүйе осы бір ұлттың басынан өткен қасіретті бүркемелеп, жоққа шығарып, архив деректерін жойып, халықтың сөзін сөйлейтін қаламгерлердің аузын жабуға, бұл трагедияны ұмыттыруға тырысты. Оның себебі 1921 жылғы да, 1932 жылғы да ашаршылық осы Коммунистік партияның қолдан ұйымдастырған ашаршылығы болатын» ой білдіреді. Қолдан жасады дейтініміз, Голощекин басқарған Қазақстан Коммунистер партиясы әртүрлі жоспарларды орындауды сылтау етіп, халықтың қорасындағы малын, қамбасындағы дәнін, тіпті асып отырған қазанын төңкеріп алып кетіп, елге зорлық-зомбылық көрсетті. Мен оны көз көрген куәгерлерден өз құлағыммен естігенмін. Коммунистік партия халықтың басынан өткен осындай ұлы қасіреттің ұлы шындығын жасырмақ болды. Бірақ біз бұл шындықты бала кезімізден біліп өстік, себебі біздің ауыл сол заманда өз жерінен үдере көшіп Қарақалпақстанға, одан әрі Түркіменстанға өтіп кеткен болатын, мен сол жерде дүниеге келдім. Кейін Алматыға көшіп келдік, мен №12 мектепте оқыдым, сонда тарихты ашып қарасам, осынау ұлттық қасірет туралы ештеңе ашып айтылмапты, бәрі керемет болғандай көрсетілген. Үлкендердің, ата-аналарымыздың басынан өткен осы бір зұлматтың тарихын күнде естіп өскендіктен біз ресми тарихқа сенбедік, сол себепті де 30-шы жылдардың шындығын айтқым келді. Бірақ бұл сол кездегі цензура мемлекеттік дәрежеде тиым салған үш тақырыптың бірі еді, мұны жазғандар да, айтқандар да айдалып кететін. Қазақ қаламгерлері сол себепті де бұл тақырыпқа кең қанат жаза алмады, әрине, тиіп-қашып, құс тілімен бір нәрселер айтқан болды, бірақ біздің қазақ әдебиетінде ашаршылық тақырыбы көтерілмеді. Бұл ұлы зұлматтың шындығын жазу менің бала жастан мақсатым болды, университеттің 1-ші курсына оқып жүргенде бір романның жобасын жасадым да, әдеби тәжірибемнің аздығы себепті оны кейінге қалдырдым, жасым 35-ке келген кезде ғана мен бұл тақырыпқа шындап кірістім. Ең алдымен, өз ауылым, ата-бабамның туып-өскен жері Ақтөбенің Байғанин ауданына барып, сол заманның куәгерлерімен кездесіп, оларды тыңдап, материалдар жинай бастадым. Содан кейін елдің көшкен жолымен жүріп өтіп, Үстірт арқылы Қарақалпақстанға барып, қариялармен сөйлесіп, одан әрі Түркіменстанға барып, Ташауыздағы зұлматтың кейіпкерлерімен кездесіп, өз ауылымның тарихын зерттей бастадым, өйткені менің ауылымның тағдыры бар қазақтың тарихымен тепе-тең еді. Яғни өз ауылымның тарихи жолы арқылы қазақтың басынан кешкендерді айтуға кірістім. Сөйтіп 1982 жылы осы Алматының батыс жағындағы Ақсай дейтін сайдағы (бұл кезде ол бос жатқан жер еді) бір бұлақтың басына шопан ағамның киіз үйін тігіп қойып, үш жыл бойы жалғыз жатып, «Ақ боз үй» атты қазақ әдебиетінің жалпы 30-шы жылдардағы ашаршылық жайлы тұңғыш романын жазуға отырдым. 1985 жылы кітап жазылып бітті, бірақ бұл Компартияның көзі тірі кезі, сол себепті баспа мұның тақырыбынан шошып, оны ешқандай «темпланға» кіргізбеді. Қашан Компартия құлағанша кітап шықпай жатты, 1990 жылы ғана Совет үкіметі құлаған кезде жарық көрді.

Бұл жерде тағдырдың маған жасаған адам таңғаларлық сыйы болды деп айта аламын. Компартия келмеске кетпегенде, егер Совет Одағының аяғы аспаннан келіп, шаңырағы ортасына түспегенде мен бұл кітап үшін айдалып кеткен болар ма едім немесе әдебиеттен аластатылар ма едім, мүмкін қор болып, арақ ішіп кетіп, бір арықта құлап өлген болар ма едім? Өйткені, бұл нәрсе менің өмірімнің басты мағынасы, жазушылық мұрат-мақсатым еді. Сөйтіп, Аспанда Құдай бар, «жыртық үйдің де құдайы бар» дейді ғой, сонау заманда шұбырып, аштан өлген халықтың, ашаршылыққа ұрынған ана мен баланың зарын құлағыммен естігендей болып отырып, сүйегі көрінген жерде шашылып қалған, жоқтаусыз кеткен қазақтың жоқтауын жазуға маған Жоғарыдан бұйрық болды ғой деп ойлаймын, әйтпесе, біздің тұқымымызда қалам ұстаған адам болған емес, әкем Абат та, шешем Қамби де сауатсыз, шаруа адамдары болды. Яғни, бұған бір Тәңірі, Жаратқан ие бастап тұрды деп білемін, кітап сол «бұйрықтың күшімен» жазылды деп ойлаймын. Бұдан кейін екінші кітапты жазуға отырдым, бұл трилогия болатын. Бұл кітап сол ашаршылықтан өткен ауылдың Сталиндік репрессия кезіндегі бір-бірін ұстап берген қазақтың тағдырынан хабар береді, сол кездегі болмысын көрсетеді, жағдай сол кезде дәл осындай болған еді. Басы қылтиып көрінген көрнекті адамдар бірінші қамалып кетті. Мұндай сатқындыққа, халықтың мораліне, адамзатқа жат қылыққа адам қалай барады деген психологияны зерттеп бердім «Мінәжат» атты екінші кітапта. Содан кейін тағы сол ауылдың дамыған социализм деп аталған Брежнев заманындағы, яғни тоқырау жылдарындағы ақ жаулықты аналар мен ақ сақалды қарияларға дейін арақ ішіп, той тойлайтын елдің бір рухани азғындаған, діннен безген кезі туралы кітап жазылды. Мектептер жабылып, ұлттық дәстүрлерден ажырап, халқымыз түгелдей орыстануға бет бұрған 80-ші жылдардағы рухани тоқырау туралы шетелде Азаттық радиосында жұмыстың арасында жүріп жазған үшінші кітабым «Жалған дүние» деп аталды. Бұл 2000 жылы жарыққа шықты. 1982-1985 жылдарға дейін ашаршылық тақырыбына арналған қазақ романы жазылды дегенді естіген емеспін. Кеңес өкіметі тұсында кең көлемде, роман жанрында қалам тарту мүмкін болмады. Дегенмен, ашаршылықты көзімен көрген жазушылар көп еді. Олардың ішінде кейбірі әлі күнге дейін көзі тірі. Бірақ, біздің жазушыларымызға кеңестік идеология өтіп кеткен болуы керек, ешқайсысы бұл тақырыпқа қалам тартпады. Өз естеліктерінде Ғабит Мүсіреповтің айтатыны бар, оның өзінде аштықтың бір эпизоды ғана айтылады. Бейімбет Майлин 1921 жылғы ашаршылықты өзінің «Күлпәш», «Ашаршылық құрбаны» деген әңгімелерінде жазды. Би-ағаң ашаршылық тақырыбын әңгіме жанрында болса да керемет классикалық үлгіде жазды. 1940 жылдары ақын Жақан Сыздықов «Әли қарт» деген шағын ғана поэма жазды. Сол үшін ол жазаланған, кітабы өртелген болатын. Тоқсаныншы жылдарға жақындағанда Балғабек Қыдырбекұлы «Алатау» романын жазды. Соның ішінде бір тарауы ашаршылыққа арналған. Өйткені, роман Жетісу тарихынан сыр шертетін. Содан кейін Адам Мекебаев тоқсаныншы жылдары «Құпия қойма» деген шағын роман жазды. Бұл ашаршылық тақырыбында өте талантты жазылған шығарма. Мұның бәрін қосқанда осынау ұлттың ұлы қасіретін өз деңгейінде толық қамтыдық деп айта алмаймын. Бұл трагедияны толық қамту мүмкін емес. Өйткені, бұл сол кездегі әрбір ауылда, отбасында болған, 4 миллион қазақты жалмаған трагедия.

«Заманға адам күйлемек, заманы оны илемек» деген Абайдың сөзіндегідей, өкінішке орай, интеллигенция заманға күйледі, идеология оны иледі. Күресе алмады. 1932-1933 жылдарғы ашаршылықтан, 1937-1938 жылдары орын алған қудалаудан халықтың рухы сынды. Әрине, бұл дүрбелеңнен басқа халықтар да өтті. Бірақ, ашаршылық қазақ үшін ұлттық қасірет болды. Оның салдарынан әлі күнге құтыла алмай келеміз. Қазақтың бойындағы ұлтсыздық, тілсіздік, дінсіздік, кейде сатқындық деген жаман әрекеттерді ушықтырған, комформист жасаған Сталин, Голощекин басқарған большевиктік дозақ деп білемін. Шындығында, мұндай дозақтан халықтың аман өтуі мүмкін емес еді. Әйтеуір, Құдай сақтап, жарты халық қалсақ та аман өтіппіз. Сондықтан, бұл біздің тарихымыздағы ең қаралы, ұлттық қасірет. Ешқашан ұмытылмауға тиіс Ұлттың Ұлы Қасіреті.

1. Смағұл Елубай «Ақ боз үй», Алматы қаласы «Атамұра» баспасы 2008 жыл.
2. Зейнолла Қабдолов «Өлең сөздің теориясы»
3. Ахмет Байтұрсынұлы «Әдебиеттанымдық»
4. Зәки Ахметов «Әдебиеттану»
5. Қажым Жұмалиев «Әдебиет теориясы»

Резюме

В данной статье рассматривается о истории написания романа-трилогии «Ақ боз үй». А также рассматривается стилевые и жанровые особенности романа-трилогии.

Summary

In this article it is considered about stories of writing of the novel trilogy «Ak boz ui». And also it is considered style and genre features of the novel trilogy.

ЖУРНАЛИСТИКА

ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ

Г.С. Бақбергенова – Абай ат.ҚазҰПУ оқытушысы

Адам арасындағы қатынастардың түрі: жеке және топтық, тең құқықты және тәуелді, қарама-қарсылықты және дау-дамайлы болып бөлінеді.

Жұртшылық арасындағы қатынастардың қалыптасуы әдетте, олардың бірін-бірі қабылдай алуы, түсінуі және бағалауына байланысты. Адамаралық қатынастардың ерекшелігі олардың эмоциональды болуында. Көңіл-күйдің бір сәттік болуынан, жеке қатынастар құбылмалы келеді: бүгінгі тәп-тәуір сыйлы-қатынас күн өтпей-ақ кері сипатқа енуі баршаға аян құбылыс.

Қызметтік қатынастар (журналист пен әңгімелесуші арасындағы қатынаста осыған кіреді) жеке қатынастарға қарағанда біршама тұрақты, олар әдетте көңіл-күйге байланысты өзгере бермейді. Мұндай қатынастардың әрбір тұлғаның көңіл-күйіне бағына бермейтіндігінен оларды ресми қатынастар деп те атайды, яғни мұндай өзара байланыстар қатынасқа түскен адамдардың әрқайсысының жеке ерекшеліктері мен психологиялық кейпіне тәуелді болмауы қажет.

Егер журналистиканың қоғамдық маңызы зор мамандықтар қатарына енетінін (оны төртінші билік дейтініміз тағы бар) ескерсек, өз-өзіне талап қоя білу – журналистің құқығы ғана емес, міндетіне айнала-тыны сөзсіз.

Журналистке тіл білу, оны мүлтіксіз меңгеру, оның барлық мүмкіндіктерін қолдану аса қажет. Сондықтан да тіл қызметіне жеке тоқталу артықтық етпейді. Өйткені бұл сұхбат берушімен қарым-қатынас кезінде журналистің басты құралдарының бірі болмақ.

Ғылым тілдің мынандай негізгі қызметтерін бөле-жара қарастырады.

▪ Ойды (әсіресе ғылыми). іске асыру. Адамның сөзбен ғана емес, образды түрде ойлайтыны белгілі. Оның үстіне ол өз ойын бір немесе бірнеше белгі жүйелерімен білдіреді. Тіл – әмбебеп әрі әбден жетілдірілген белгі жүйесі. Ол арқылы барлық журналист нақ тілмен жұмыс істеуге тура келеді. Тілді жетік білгенде ғана өз ойын анық жеткізе алады.

▪ Қарым-қатынасты жолға қою. Егер тілді егжей -тегжейіне дейін білмеген адам өзгелерді түсінбеуі және өзін түсіндіре алмауы мүмкін.

Әлеуметтік өмірде адамдардың іс- әрекеттерінің негізгі бір түрі - сөйлеу. Ол - күрделі психологиялық процесс болып табылады.Сөйлеу- адамның қарым-қатынас жасау құралы. Ал қарым-қатынас жасаудың қуатты құралы - тіл. Осыған дәлел Лассуэли моделіне назар аударайық:

Кім (хабарлайды) – коммуникатор

Нені (хабарлайды) – хабарды

Қалай (жеткізеді) – арна арқылы

Кімге (бағытталған) – аудиторияға

Қандай (нәтижеге жеткізеді) – хабардың қаншалықты тиімділігіне байланысты

Әр адамды қызықты әңгімелесуші ететін қарым-қатынас. Күнделікті тәжірибе көрсеткендей тілші мен әңгімелесуші қарым-қатынасын әрдайым ұтымды қалыптастырып, үлкен нәтижеге қол жеткізу үшін кәсіби қағидаларды нық ұстануы қажет. Жоғарыда айтып өткеніміздей журналистке тән тағы бір жақсы қасиет «адамдармен тез тіл табысу» болып саналады. Сұхбаттың қызықты да мәнді болып шығуы ең алдымен журналистің өзі әңгімелескен адамды «сөйлете» алуына байланысты. Әр журналистің қарым-қатынас жасауда өзіндік әдісі бар. Ал «Основы творческой деятельности журналиста» атты еңбегінде Г.В. Лазутина сұхбаттың сәтті шығуына қатысты мынадай дәлелдер келтіреді:

• Әңгімеге түпкілікті дайындалу (талқыланар тақырыпты меңгеру, әңгімелесушіні жеке тұлға ретінде тану).

• Әңгіме барысын қадағалап отыру, пайда бола қалған кедергілерге тезарада тосқауыл қоя білу.

• Екеуара қарым-қатынасты дамытуға жағдай жасайтын айла – тәсілдерді меңгеру.

• Ал, Валерий Аграновский болса, «Ради единого слова» кітабында сұхбат жүргізудің бірнеше негізгі амалдарын көрсетеді.

• Нағыз журналист әңгімелесушіге біріншіден өзі ой алып барып, екіншіден одан ой алып қайту үшін баруы керек (біздің сауалдарымыз сұхбаттасушымызды терең ойға жетелеп, көсіле сөйлейтіндей болуы қажет)

• Әңгіме жемісті болуы үшін сұхбат беруші оған қызығушылық танытуы керек. Өйткені, журналист өз сауалдарына тек әңгімелесушінің қалауымен ғана жауап ала алады.

• Журналистің өзі жеке тұлға ретінде сұхбаттасушыға ұнай білуі аса қажет.

Міне, осындай аса қажетті қағидаларды ұстанғанда ғана әңгімелесуші мен сұхбаттасушы арасындағы қарым-қатынас оң нәтиже беріп, журналистің сырлы сұхбат дайындауына не қызықты мақала жазуына түрткі болмақ. Оның үстіне мұндай қарым-қатынастың тереңдей түсуі екі жаққа да тиімді боларына дау жоқ. Ең бастысы бұл жайт аудиторияның журналисті түсінуіне әрі қабылдауына жол ашары сөзсіз.

Резюме

В этой статье говорится об отношениях между журналистом и собеседником.

Summary

This article talks about the relationship between a journalist and orator.

УНИВЕРСИТЕТКЕ ЕҢБЕГІ СІҢГЕН ҰСТАЗДАР

ҰЛАҒАТТЫ ҒИБРАТ ҮЛГІСІ

Б.Әбдіғазизұлы – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті филология факультетінің деканы, филология ғылымдарының докторы, профессор

Бүкіл ғұмырын Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетімен сабақтастырған ұлағатты ұстаз, көрнекті лингвист ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Ғабдолла Қалиұлы Қалиев бір қараған адамға біршама тұйықтау, ойы мен сырын өзгеге аша қоймайтын «жұмбақ» жан тәрізді көрінгенімен үнемі көпшіліктің ішінде, өзі тұрғылас әріптестерінің, өкшесін басып келе жатқан іні-қарындастарының, мыңдаған талапкер шәкірттерінің арасында ашық жарқын ғұмыр кешті.

Шын түсінген адамға Ғабдолла аға іші асыл қазынаға толы «сыр сандық» болатын. Тек кілтін таба біл. «Сыр сандықты ашып қара, ашып қара жырласын» деп Сәкен ақын айтқандай... Ғабдолла аға ашылады. Қазынасын жайып салады. Тындаушысын өзіне барған сайын тарта түседі.

Ғалым Ғабдолла Қалиевтің ғұмыр бойы тірнектеп тер төгіп, тиянақтап жинаған дүниесі өзінің туған халқының асыл тілі, қазақ сөзінің інжу-маржандары болды. Заманның желі қалай соқса да ол осынау ана тілінің құрметін арттырып, қасиетін танытудан, оның әрбір сөзіне, тынысына дейін санасынан сүзіп өткізіп, мәні мен дәнін саралаудан бір де жаңылған емес. Осы жолда нағыз ғалымға тән ізденімпаздық пен еңбекқорлықтың, қайсарлық пен табандылықтың тамаша үлгісін көрсетті. Ғылым жолында «инемен құдық қазды», тағдырдың түрлі тауқыметтерін бастан кешкен туған тілінің тамырына қан жүгіртумен болды, адамдардың санасына білім мен ғылымның сәулесін сіңірді. Сол арқылы халқының рухани қазы-насын байытты, өзі де биікке көтерілді, ғылым әлеміне аты танылды, құрметке ие болды. Шын мәнінде ұстаз атанды.

Ұстаздық қасиет Ғабдолла ағаның бойына қанымен тарап, талантымен сіңірілген қасиет еді десе болады. Өзінің тұрғылас замандастары секілді Ғабекеннің де өмірге келген, жастық шағы мен бозбалалық дәурені өткен кезең еліміздің өміріндегі аса бір ауыр жылдарға тура келді. Тәкаппар Тарбағатайдың бауырында жиырмасыншы ғасырдың жиырмасыншы жылдарының соңын ала дүние есігін ашқан бала Ғабдолланың балдырған шағы отызынышы жылдардағы жаппай аштық пен ауыртпалыққа тұспа-тұс келді. Бірде бар, бірде жоқ, кейде аш, кейде тоқ күндер өтті бастан. Санасына сәуле ұялаған балғын жас сол жылдарға тән қиындықтың барлығын иығымен сезініп өсті. Бірақ жасымады. Қайта заман ауыртпа-лығы жігерін қайрай түсті, бұғанасын қатайта берді.

Есін жиып, бозбала күнге жетер-жетпесте ел шетінде алапат соғыс өрті тұтанды. Естияр ағайын майданға аттанды. Тіршілікке иелік қарттар мен әйелдердің, әлі буыны бекімеген балғын жастардың үлесіне ауды. Сол қатарда мектеп оқушысы Ғабдолла да оқып жүрген сабағын тастауға мәжбүр болды. Оқуын жай ғана үзген жоқ, кешегі оқушы енді ауыл мұғалімі болып, өзінен кейінгі бұлдіршіндердің сауатын ашуға араласты. Соғыстан кейін мектеп партасына қайта отырып, үзілген оқуын қайта жалғастырды, орта білім алды.

Үлкен өмірдің баспалдағына аяқ басар шақ... Еңбек жолы... Институт... Жоғары білім алу... Алда осы тектес сан тарау жол жатты.

Сол кезеңнен бастап, дәлірек айтқанда өткен ғасырдың қыркыншы жылдарының екінші жартысынан бері қарайғы Ғабдолла ағаның бүкіл ғұмыры қазақ топырағындағы жоғары білімнің қара шаңырағы – Абай атындағы Қазақ педагогика институтымен (қазіргі Қазақ ұлттық педагогикалық университет) біте қайнасып, ажырамас ұғымдарға айналып кетті. 1950 жылдан бастап алпыс жыл бойын Ғабдолла аға осы оқу орнында тапжылмастан еңбек етті, қарапайым студенттен іргелі ғалымға, тамаша педагогқа, азамат-тығы мен қайраткерлігі қатар өрілген өнегелі тұлғаға, ұлы жүректі ұстазға дейінгі ғажайып жолдан өтті.

Абай есімін иеленген университетке сонау елуінші жылдары келген Ғ.Қалиев, С.Қирабаев, Н.Ғабдуллин сынды ұстаздарымызды біз кешегі алаштың арыс ұлдары А.Байтұрсынов, С.Сейфуллин, С.Аманжол-ловтардың ағалық жолын жемісті жалғастырып, ұлы дәстүрлер эстафетасын бүгінге дейін жеткізген қайраткер ұрпақтың өкілдері, асылдың сынығы ретінде танимыз, бағалаймыз. Құрмет тұтамыз. Өмір жолдарын өнеге етеміз.

Ғалым-ұстаз Ғабдолла Қалиев әр жылдары университеттің қазақ тілі кафедрасын, жалпы тіл білімі және қазақ тілінің тарихы кафедрасын басқарды. Біраз жыл университеттегі барша оқу-әдістемелік жұмыстарға жетекшілік ететін проректор қызметін атқарды.

Ғабдолла ағаның оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректорлық қызметі еліміз тәуелсіздік алып, етек-жеңімізді жинақтап жатқан, сол қатарда жоғары білім берудің стандарттары мен оқу жоспарларының жаңаша түзіліп жатқан жауапты кезеңге тура келді. Міне, осы жылдары ғалым ағаның

шын мәніндегі білімдарлығы мен ұйымдастырушылық қабілеті, жоғары білім жүйесін басқару шеберлігі, өз ісіне адал-дығы мен талапшылығы, еңбекқорлығы мен ұқыптылығы мейлінше жарқырап көрінді.

Іс тәжірибесі жеткіліксіздеу, жоғары мектеп өмірінің ұңғылы мен шұңғылын әлі де толық меңгере қоймаған жас маман, факультет деканы ретінде мен сол кезде Ғабдолла ағаның уақытпен санаспай жасаған жанқиярлық еңбегіне куәгер бола жүріп, көп нәрсені үйренгенімді мақтан етемін. Іскер маманның, ақылшы ағаның берген бағыт-бағдары бұдан кейінгі еңбек жолымда қанша рет табысқа жол ашқаны айдай ақиқат.

Проректор Ғабдолла Қалиев сол тұста кеңестік кезеңнің қасаң қағидаларына негізделген оқу жоспарларының ұлттық мүддемізге бейімделе қайта тууына тікелей ұйтқы болды. Шындығын айтсақ, проректор Ғ.Қалиевтің қолынан сол жылдары шыққан оқу жоспарларында түзіліп, қалыпқа түскен пәндер жүйесі бүгінгі таңдағы оқу процесіне де басты негіз болып отыр.

Білімдар ғалым ойының ұлт мүддесіне, келешек ұрпақтарға қызмет етуінің шынайы үлгісі осындай болса керек. Және бұған ұстаз Ғ.Қалиевтің тәлім-тәрбиесін көріп, мағыналы дәрістерін тыңдаған сан мыңдаған шәкірттерін қосыңыз. Алпыс жыл ұстаздық еткен, республика жоғары мектебімен біте қайна-сып ғұмыр кешкен Ғабдолла ағаның тұлғасы осы арқылы биіктей беретіні, мәртебесі аса түсетіні анық.

Профессор Ғабдолла Қалиев қазақ тілі білімі саласында жемісті еңбек еткен, өзінің алдындағы ұстаздары С.Аманжолов, Қ.Жұбанов, І.Кеңесбаевтардың ғылымдағы дәстүрлі жолын жалғастырған көрнекті ғалым еді. Әдеби тіліміздің тарихын, қазақ тілінің лексикологиясы мен диалектологиясын тереңдей зерттеді. Бұл салалардың ғылыми дәрежесін орнықтырды. Әсіресе, қазақ тіліндегі говорларды, Қазақстанның әр шалғайындағы жергілікті тіл ерекшеліктерін зерттеу ісіне алғашқылардың қатарында түрен салды. Нәтижесінде 1985 жылы «Қазақ говорларындағы диалектілік сөз тудыру» деген тақырыпта көлемді монография жазып, соның негізінде докторлық диссертация қорғады. Еңбек қазақ тілі білімі саласындағы жаңалық ретінде қабылданды. Әдеби тілден алынған материалдарды говорлардағы сөз тудыру заңдылықтарымен салыстыра отырып ғалым халықтық тілдің баюына негіз болатын бастау, қайнардың көзін ашты.

Бұдан кейінгі жылдары Ғабдолла аға тіл білімінің басқа да көптеген салаларына ат салысты. Көрнекті ғалымның қаламынан туған 300-ге жуық ғылыми еңбектер осынау қыруар ізденістің заңды нәтижесі еді. Оның сыртында 40-қа тарта жоғары оқу орындарына арналған оқулықтар мен оқу құралдары және бар. Соңғы жылдары «Қазақ әдеби тілінің сөздігі» атты он бес томдық ғылыми жобаны жүзеге асырушылар-дың бірі болды.

Ғалым-ұстаз Ғ.Қалиевтің ғылыми жетекшілігімен жиырмаға тарта кандидаттық, докторлық диссертациялар қорғалды.

Ұзақ жылдар бойы атқарған ұстаздық, ғалымдық, қайраткерлік, ұйымдастырушылық қызметтері үшін әр жылдары берілген Жоғары кеңестің грамоталары, Оқу министрлігінің марапаттары, «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісі, Б.Алтынсарин атындағы медаль, Оқу-ағарту ісінің үздік қайраткері атақтары, ең бастысы ғылым мен білімде ұстазынан үлгі алып, өнегесін бойына сіңірген шәкірттерінің алғысы Ғабдолла аға сынды тұлғаның мәртебесін арттырып, жыл өткен сайын биіктете түсетіні ақиқат.

Осындай биік тұлғалы парасат иесі бола тұра Ғабдолла аға аса қарапайым жан еді. Жасым үлкен деп өзін жоғары ұстамайды, үлкенмен де, кішімен де әңгімесі жарасып жүретін, оған қоса қарапайым қазақи қалжыңы ғажап болатын. Астарлы әзілге аса мерген, қалжыңына күлдірмей қоймайтын жаны көңілді ағаны әрдайым сөзге тартып, сыр ауыртпақтаудың өзі қандай.

Әдетте түймедей ісін түйедей еңбек етіп көрсетуге тырысып жүретін жандармен салыстырғанда Ғабдолла ағаның өз еңбегін ешқашан бұлдамайтын, мақтанға салынбайтын, биік пафосқа берілмейтін қасиеттерінің шоқтығы әрдайым биік көрінетін.

Көрнекті ғалым, ұлы жүректі ұстаз, жаны жайсаң аға, қайраткерлігіне азаматтық адалдығы ұштасқан кіршіксіз таза ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Әлеуметтік ғылымдар академиясының академигі Ғабдолла Қалиевтің тұлғасы біз үшін, келешек ұрпақтар үшін қашанда осынау биіктен төмендемесе керек.

ҰСЫНЫСТАР ҮШІН